

Садыкова Р.К.

«ТУРИЗМДЕГІ ЭКСКУРСИАҢУ»

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Қазақ Экономика, Қаржы және Халықаралық Сауда Университеті

Садыкова Р.К.

«ТУРИЗМДЕГІ ЭКСКУРСИЯТАНУ»

Оқу құралы

Астана-2012

ӘОЖ 796.5

Рецензенттер:

Ауезова З.Т.-г.ғ.к.,доцент.

Талапбаева Г.Е.-э.ғ.к.,профессор

«Туризмдегі экскурсиятану»: Оқу құралы/Садыкова Р.К.-Астана, ЖК
<<Ильченко баспасы>>, 2012. -94 б.

Оқу құралында экскурсиялық істің тарихы,дамуы және бүгінгі таңдағы өзекті мәселелері,экскурсия жүргізе білудің қыр-сыры,міндеттері,негізгі сауалдары қарастырылған.

Оқу құралы туризм факультеттеріндегі «Туризм» мамандығының студенттеріне,магистранттарына,сондай-ақ музей қызметкерлеріне,музей ісіне қызығушылық танытушы көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 796.5

Садыкова Р.К.,2012
ҚазӘҚХСУ,2012

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫС СӨЗ.....	3
I. ЭКСКУРСИЯ ІСІНІҢ НЕГІЗІ	
1.1. Қазақстандағы экскурсиялық істің тарихы.....	5
1.2. Экскурсиялық іс ғылым ретінде.....	14
1.3. Экскурсияның мәні.....	17
1.4. Экскурсия қызметі мен белгілері.....	20
1.5. Экскурсиялық таным әдісі.....	22
1.6. Экскурсия педагогикалық үдеріс ретінде.....	24
1.7. Экскурсиядағы психология элементтері.....	25
1.8. Экскурсиядағы индукциялық және дедукциялық таным әдістері.....	30
1.9. Экскурсиядағы логика.....	32
1.10. Экскурсияның сыныптамасы.....	36
1.11. Экскурсиядағы көрсетілім.....	41
1.12. Экскурсиядағы әңгіме-баян.....	48
II. ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕ	
2.1. Экскурсиялық әдістеме және оны жетілдіру жолдары.....	54
2.2. Жаңа экскурсияны дайындау технологиясы.....	57
2.3. Экскурсия жүргізу техникасы.....	61
III. ҚАЗАҚСТАН МУЗЕЙЛЕРІ ЖӘНЕ ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ІС	
3.1. Қазақстандағы экскурсиялық ісі дамыған музейлер.....	68
3.2. Қазақстан музейлерінде ақпараттық-қатынас технологияларын пайдалану және экскурсиялық іс.....	88
ҚОРЫТЫНДЫ.....	96
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	101
ҚОСЫМШАЛАР.....	103
Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңы.....	103
Термин сөздерге түсінік.....	132
Экскурсия тақырыбына керекті құжаттар.....	135
«Экскурсиялық іс» пәні бойынша тест сұрақтары.....	137

Кіріспе

Бүгінгі таңда туризм дүниежүзілік экономиканың ең жақсы дамыған саласы болып отыр. Соңғы жылдары кейбір мемлекеттер, мысалға алғанда Малайзия, Тайланд және Қытай өз мемлекеттерінің экономикаларының қарқынды дамуына, шет ел туристерін тартуға бағытталған реформалардың көмегімен қол жеткізіп отыр. Егер жылдардың статистикалық ақпараттарына жүгінетін болсақ, туризм экономиканың ең тиімді деп саналып келген салаларынан да жоғары табысқа ие екенін көре аламыз. Қазіргі кезде туристік бизнестен түскен табыс, мұнай мен автокөлік экспортынан да тиімді болып отыр. Көптеген елдерде туризм халықтың жұмыспен қамтылу мәселесін шешуде, осылайша бұл салада жұмыс істейтін адамдардың саны пайыздық өлшемде жер шарының жұмысқа жарамды халқының 10 % жақындай түсуде.

Туризм – әлемдік экономикада басты рөлдердің бірін атқарады. ДТҰ-ның деректері бойынша ол әлемдік жалпы ұлттық өнімнің бір бөлігін, халықаралық инвестициялардың 11 пайызынан астамын, әлемдік өндірістегі әрбір 9 жұмысшының орнын қамтамасыз етеді. Қазіргі туризм индустриясы ірі жоғары табысты және жоғары деңгейде дамып жатқан халықаралық саудадағы қызмет көрсетулердің бірі. Халықаралық туризм әлемдік экспорт табысының 8 пайызын, экспорттағы қызмет көрсетулердің 37 пайызын алады. Ұлттық туризменен түскен табыс, табыс көлемі бойынша мұнда, мұнай өнімдерін және автомобиль экспорттаудан кейінгі үшінші орынды алады. Қазіргі деңгейдегі жағдай жаңа мыңжылдақта да қала бермек., соның ішінде туризмге үлкен мән беріледі [1, 56 б.]. Бұл өсу шегі шешуші дәрежеде туристік нарықтың дәстүрлі аймақтарының рекреациялық үзілістік сыйымдылығының шегінің аяқталуына байланысты кіріп шығу ауданының жаңғыртылуы мен демалу территориясының санының өсуіне байланысты болуымен түсіндіріледі. Қазіргі кездің өзінде Алматы облысы өзін кез-келген қазіргі заман туристінің талаптарын орындап, көңілінен шығарлықтай қызмет көрсете алатын ерекше туристік потенциалы бар территориялық кешен ретінде жария ете алады.

Жұмыстың өзекті мәселелері – статистикалық зерттеулерге сүйенетін болсақ, дүние жүзінің орташа саяхатшысы өзіне демалу үшін маршрут таңдаған кезінде бірінші орынға қызмет сапасы, ойын-сауық қызметтеріне, тарихи-мәдени ерекшеліктерін зерттеуді емес, территорияның табиғи ескерткіштерін қояды екен. Жақын болашақта Қазақстан бойынша Алматы қаласы мен Алматы облысының туризмнен түсетін пайдасы жүздеген миллион долларларға тең болу мүмкіншілігі айқын екенін көрсете аламыз.

Демалушылардың саяхат жасау ауданы мен демалыс аумағын таңдаудағы негізгі көрсеткіштерге табиғи қордың атқаратын орны ерекше болып табылады. Туристер негізінен демалыс территориясының ландшафт пен климатының ерекшеліктеріне, табиғат әлемінің әртүрлілігіне және жануарлар әлемінің байлығына, спортпен, аңшылық пен балық аулаудың табиғи жағдайларына көп көңіл бөледі. Территория қандай ресурстарға бай болуына байланысты, онда жүргізуге болатын рекреациялық әрекеттердің түрлері мен формаларын

анықтауға болады. Қазақстан табиғатының шексіз әр түрлілігі, үлгі сияқты, өзіне тән географиялық аймақ, Жетісу деп аталатын географиялық орынға ықпал еткен. Жетісу бірегей табиғи қарама-қайшылықтарға толы, өте бай жан-жануарлар мен өсімдік дүниесімен туризмге арналған ерекше назарға баяғыдан ие болған, сирек кездесетін колоритпен, табиғи көріністермен әйгілі болған. Сол себепті бұл жерге әлемнің түпкір-түпкірінен ғалымдар мен саяхатшылар өз өмірлерін қатерге тігіп, үлкен қашықтықтарды өтулері кездейсоқтық емес. Жетісудың атақты зерттеушісі Р.И. Аболин өңірді сібір казактарымен қоныстандыруды суреттеген кезінде, қоныстанушылардың бұл аумақтың су ресурстарымен жақсы қамтамасыздандырылғанын көрсете отырып, Жоңғар Алатауының етегінің жақсы суғарылғанын айтып, оның Сібір мен Орта Азияның арасындағы өтпелі болып табылатынын айтқан.

Ауа-райының тұрақты болуы мен жазықтардың, асулар мен шыңдардың, рельефтің әр-алуандылығы Жетісу мен оның орталығы Алматыны белсенді демалыстың, танымдық, спорттық, археологиялық туризм және тағы басқа туризм орталығына айналдырды. Шөлдердің құмдары, тау шыңдары, құмды бархандар мен мұздықтар, сексеуіл шоғырлары мен эдельвейстер бәрі де бірнеше күндік жерде орналасқан. Бұндай көршілестік тек Алматы облысында кездеседі. Бұл жерде алты климаттық белдеулермен танысуға болады. Қазіргі кезде жергілікті жердің тұрғындары мен шет ел азаматтарына көптеген табиғи-танымдық турлар құрылған.

Дипломдық жұмыстың мақсаты: Қазақстан Республикасы туристік-экскурсиялық ресурстарына сипаттама беру, оларды табиғи-рекреациялық бағытта туризм саласында қолданудың анализін жасау.

Дипломдық жұмыстың мақсатына байланысты, оның келесі міндеттері анықталып, шешіледі:

- Қазақстан Республикасындағы туристік-экскурсиялық бағыттарды дамыту мәселелерін қарастыру;
- Алматы қаласы және Алматы облысының туристік-экскурсиялық бағыттарын зерттеу;
- Ерекше қорғалатын табиғи территориялық кешендерді қолданудың формаларын тағайындау;
- Алматы қаласы және Алматы облысындағы туристік-экскурсиялық туризмнің даму қағидалары мен мәселелерін сараптау.

Дипломдық жұмыстың ғылыми жаңалығы – зертеулері жаңа туристік-экскурсиялық бағытты іске енгізу және оның есебін анықтау

Зерттеу объектісі – Алматы қаласындағы туристік-экскурсиялық объектілерінің экономикалық қызметі алынады

Зерттеу пәні – Алматы қаласындағы туристік-экскурсиялық нарықтың қазіргі жағдайын зерттеулердің теориялық, әдістемелік және тәжірибелік аспектілерінің жиынтығы болып табылады.

Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы – жұмыстағы көрсетілген қортындылар «Azimut travel» турфирманың іс-әретіне негізделген.

1 Туристік-экскурсиялық қызмет нарығының негізгі теориялық аспектілері

1.1 Экскурсиятану және экскурсияны өткізу әдістемесі

«Экскурсия» (excursio) латын тілінен аударғанда «серуендеу» деген мағынаны білдіреді. Экскурсия - жеке тұлғаның уақытша болатын елдегі туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып көруі.

Негізінен бұл пән оқу үрдісіне Батыс Европа және Ресей оқытушылары арқылы XIX ғасырда енгізілді. 1910 жылы Мәскеуде «Орталық экскурсиялық комиссия» құрылды оқушылар мен оқытушыларға қызмет көрсету үшін. Совет үкіметі экскурсияны оқу үрдісінде ең қажет элементі деп қарастырды. 1918 жылы Мәскеуде «Орталық оқушылар экскурсиялық бюро» құрылды.

Экскурсиялар туризмде мәдени - танымдық түрі ретінде, құрама бөлігі ретінде 20 - жылдардың сонымен 30 - жылдардың басында өрлей бастады.

1928 жылы «Советский турист» АҚ құрылды, 1930 жылы «Бүкілсоветтік пролетарлық туризм және экскурсия еркін қоғамы» (ОПТЭ) болып өзгертілді. Көптеген қалаларда «Норкампросаның» экскурсиялық - туристік орталықтары ашылды. 1936 жылдан бастап туризм және экскурсияны дамыту төрағалығын ВЦСПС және оның өкілдігіне тапсырылды.

Экскурсиялық іс - халық арасында, мәдени - ағарту жұмысының маңызды белгісі. Оның тарихы жалпы жүз жылдан асқанымен ең дамыған кезі өткен ғасырдың 80 жылы. Экскурсия білім алудың негізгі формасы. Сондықтан экскурсия өткізген уақыты бойынша емес, тақырыбы бойынша жүйеленген.

Алғашқы экскурсияға себепші болған өткен ғасырлардың қоғамдық өмірі. Сол кезде жиі діни, әулие жерлерге қажылық жасаумен байланысты болды. Жалпы айтқанда, экскурсиялар мемлекеттің түрлі кезеңдерінде әр түрлі функцияларды атқарған. Ол ғасырдың қызығушылығына байланысты болған.

Экскурсиятанудың пән ретінде дамуы Совет Одағында педагогика, өлкетану, мұражайтану, туризмнің дамуымен тығыз байланысты болды. Өткен ғасырлардың белгілі мұғалімдері экскурсияны оқу процесінің белсенді түрі деп санаған. Сондықтан экскурсия алғашында мектептерге енгізілген. Табиғатқа шығу, айналамен танысуда, экскурсияның маңызы зор.

Кейіннен оқу экскурсияларымен қатар оқудан тыс экскурсиялар пайда бола бастады. Бірақ олар алғашында өте аз, тек қана бай адамдардың қолына жеткен. Олар сол кезде Крымға, Кавказға, шет ел курорттарына саяхаттаған.

Экскурсия кезінде білім алу мақсаты XVIII ғасырдың алдыңғы қатардағы прогрессивті адамдары қойған. Ол үшін түрлі қоғамдық бірлестіктер құрып, қаржы мәселелерін ірі демеуші арқылы шешкен.

«Экскурсия» сөзі латын тілінен пайда болған. Орыс тіліне XIX ғасырда енгізген. Басында бұл сөз «әскери шапшаңдық», кейін «серуенге шығу», «жорық» деп белгіленген [2,83б.].

Қазіргі кезде адам қызметінің әр түрлі формалары бар, олар жалпы жағдай

жасауға және әлемді тануға бағытталған. Халық тұрмысының жақсаруы жаңа әлемді ашуға адамның қажеттілігін, соның ішінде саяхатқа күштарлығын арттырады. Саяхат дегеніміз – туризм. Туризм тек орын ауыстыру емес, ол көптеген экономикалық және әлеуметтік аспектілерді құрайды. Соңғы он жылда туризм мықты дербес индустрияға айналды. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның мәліметтері бойынша туризм әлемнің өндірістік-сервистік нарық айналымының 10 пайызын қамтамасыз етеді. Туризм сферасына әлемдік ұлттық жиынтық өнімнің 6%, әлемдік инвестицияның 7%, әр 16-шы жұмыс орны, әлемдік тұтынушы шығындарының 11%, барлық салық түсімінің 5% келеді. Бұл сандар туризм индустриясының экономикаға тікелей әсерін көрсетеді.

Туризм түсінігіне теориялық және практикалық тұрғыдан нақты анықтама берілуі керек.

Көптеген авторлар туризмге толық анықтама беруге тырысты. Әр пікір өзгеше болып табылады және бұл терминнің көптеген өлшемін көрсетеді. Алайда туризмнің әр түрлі түсіндірмесін жинақтап қорыту, белгілі бір «оптимум» таңдау өте қиын.

1980ж. Манила декларациясы «Туризм – халықтар өмірінде маңызды орын алатын әлеуметтік, мәдени, білім және экономика ауданына, мемлекет өміріне және оның халықаралық қатынастарына тікелей әсер ететін қызмет түрі» (Филиппин, қазан 1980 ж.) деп жариялады. 1993 жылы БҰҰ-ның статистикалық комиссиясы туризмге кең анықтама берді: «Туризм – бұл өзінің тұрғылықты жерінен басқа жерде болатын, 1 жылдан аспайтын уақытта демалу, іскерлік және басқа да мақсаттарда саяхаттайтын тұлға қызметі».

Халықаралық туристік Академия баспасында берілген анықтамада (Монте Карло): туризм – көңіл көтеру, демалу немесе емделу үшін жаяу немесе қандай да бір транспорт түрімен жасалатын саяхат.

П.Г.Олдақтың пікірінше, қазіргі ғылыммен жинақтап айтқанда: «Туризм – бұл өмір сүрумен және жұмыс орнын ауыстырумен байланыссыз халықтың қозғалысы, демалу, емделу, ғылыми іскерлік және мәдени кездесулер мақсатында саяхаттау» – дейді [3, 25 б.].

Қазіргі күнге дейін «Туризм» түсінігінің көпшілік қабылдаған нақты анықтамасы жоқ. Жоғарыда келтірілген анықтамалар оның тек кейбір жақтарын қамтиды. Бірінші анықтамада әлеуметтік және экономикалық жақтары, ал екіншісінде - әлеуметтік және құқықтық жақтары (адам уақытын есептеуге арналған туризмнің шектелген уақыты) көрсетілген. Туризмнің әлеуметтік жақтарының басым болуы бақыланып отыр, бұл адамдардың қоғамдық-экономикалық өмірін әлеуметтендіру тенденциясымен түсіндіріледі. Бұрынғы СССР кезінде тіршілік деңгейінде барлық әрекеттің әлеуметтік аспектісі алдыңғы орында болды. Туризмде бұл мағына айтпаса да түсінікті. Профсоюз жолдаманы өзі төлеп немесе арзан бағамен және көрсетілген қызметті тегін ұсынып отырды.

Қазір «Туризм» терминін кең және терең түрде түсіндіру керек. Біздің ойымызша туризм анықтамасы 2 бағытта беріледі: географиялық және

экономикалық. Туризм географиялық тұрғыдан сұраныс және ұсыныстың кеңістік-территориялық қолданылу негізін білдіреді. Экономикалық тұрғыдан туризм сұраныс және ұсыныстың тұтынушылық шаруашылық негізі.

Туризмге экономикалық тұрғыдан бірнеше анықтама берілген:

Г.А.Папирян, туризм ол қызметтер жиынтығы, оларды тұтыну барысында ғана байқауға болады және ол өндірістік өнім сияқты жүйелі түрде ұдайы өндірілмейді.

П.В.Шульгиннің ойынша, қазіргі туризм анықтамасы 2 көзқарасты көрсетеді. Оның бірі туризм индустриясы – халық шаруашылығы құрылымында ерекше саланың қалыптасуы. Ол барлық келушілерге сұраныстарын қанағаттандыру үшін маманданған бірқатар өндірістік қызметтер мен қызмет көрсету мекемелерінің жиынтығы. Екіншісі, туризмді дербес салаға бөлу. Егер туристік мекемелерге қатысты туризмнің өзіне тән еңбек ұсынысының ортасы болса, онда бұл қызмет туризмді дамыту және ұйымдастыру ерекшеліктеріне байланысты болады.

Біздің ойымызша, туризмнің экономикалық мәніне нақты анықтама «қазіргі туризмнің экономикасы» жұмысында берілген: «Туризм қызмет және тауар нарығының бөлігі болып табылады және оны сұраныс пен ұсыныс жағынан қарастыруға болады. Сұранысқа ішкі және халықаралық туристік нарық жатады, ал ұсынысқа транспорт, туристік көрікті жерлер және бос уақыт түрі, туристік объектілер, қызмет көрсету жүйесі және инфрақұрылымы, сондай-ақ жарнамалық анықтамалық қызмет жатады.

Біздің ойымызша, туризм дегеніміз - рекреация, емдік, танып білу және әр түрлі қызметпен айналысу мақсатында келген елінде тұрғылықты жерін ауыстыру немесе жұмыс істеуге байланысты емес адамдардың уақытта және кеңістіктегі қозғалысы. Бұл анықтама географиялық мәнге ие.

Туризмнің негізгі түсініктерін анықтай отырып оның дамуына себепші болатын және әсер ететін факторларға тоқтаймыз. Схема бойынша олар: экономикалық - әлеуметтік – географиялық – демографиялық – саяси – этникалық – құқықтық. Аталған факторлар біздің мемлекетке тән және Қазақстанның әлемдік туристік бірлестікте орнын айқындайды.

Туризмнің дамуына әсер ететін негізгі факторлар статикалық және динамикалық болып бөлінеді. Статикалық факторларға табиғи-географиялық факторлар жиынтығы кіреді. Олардың өзгермейтін және қалпына келмейтін мағынасы бар. Динамикалық факторларға демографиялық, әлеуметтік-экономикалық, материалды-техникалық және саяси факторлар жатады. Олар уақытта және кеңістікте өзгертін әр түрлі бағасы, мағынасы болады.

Бұл факторлар жалпыланып айтылған және туризмнің негізгі аспектілерін көрсетпейді. Туризмге әсер ететін факторлар тағы да сыртқы (экзогенді) және ішкі (эндогенді) болып бөлінеді. Сыртқы факторлар туризмге демографиялық және әлеуметтік өзгерістер арқылы әсер етеді. Бұл факторлар тобына: тұрғындар жасы, жұмыс істейтін әйелдер санының өсуі және әр жанұяға кірістің өзгеруі, тұрмысты және жанұяны кеш құру, тұрғындар құрамында баласыз жанұяның көбеюі, иммиграциялық шектеулердің азаюы, төленетін іс-

сапардың өсуі және жұмыс уақытының қолайлы графигі, зейнетке ерте шығу, туризмге жағдайлардың өсуі жатады.

Аталған көрсеткіштер тура немесе жанама түрде адамның бос уақыт құрылымына әсер етеді. Бұл туризмнің дамуына объективті әлеуметтік демографиялық жағдай туғызады. Сондықтан туризмді дамыту бағдарламасын құрғанда бос уақыт бюджетін және тұрғындардың уақыт құрылымын анықтау керек [4, 38 б.].

Сыртқы факторларға экономикалық және қаржылық факторлар да жатады. Алайда біздің ойымызша бұл факторлар ерекшеленіп тұрады және оларды бөлек қарастыру керек, өйткені олар туризмнің дамуын көбірек анықтайтын факторлар болып табылады.

Сонымен қатар сыртқы факторларға саяси және құқықтық бақылаудың өзгеруі, технологиялық өзгерістер, транспорт инфрақұрылымының және сауданың дамуы, сондай-ақ саяхаттың қауіпсіздік жағдайының өзгеруі жатады.

Ішкі факторлар – бұл факторлар туризм сферасына тікелей әсер етеді. Ең алдымен оларға материалды техникалық факторлар жатады. Бұл жерде біз ішкі факторлар туризмге ғана емес, туризм индустриясына да қатысты деп көрсеткіміз келеді. Себебі олар таза экономикалық көрсеткіштерге ие. Мысалы, орналастыру орындарының, транспорт, тамақтану орындары, рекреациялық сфера, жеке сауда және т.б. өсуі.

Әрбір экскурсияның өзіндік белгілері, экскурсияның классификациясы, бизнес-план, экскурсияның тақырыбы мен аты болады.

Ендігі жерде біз экскурсияны құрастыру ретілігі мен дәйектілігі, экскурсияның өзіндік белгілері, классификациясы, ұйымдастырулық және ақпараттық бөлімдері, экскурсияларды тақырып бойынша бөлуді, экскурсияны даярлаудың дәйектілігі, объекттердің орналасуы, айқындылығы, білім беру құндылығы, сақтандығы туралы сөз қылайық.

Экскурсияның өзіндік белгілері бар:

Уақыт бойынша ұзақтығы:

1. Экскурсия 1 сағаттан 24 сағатқа дейін созылады. 1 сағат –45 минут академиялық болады;
2. Экскурсанттардың болуы. Экскурсанттар саны 1-70 адамға дейін.
3. Жоғарғы маманды экскурсоводтың болуы. Экскурсоводтар 4 категорияға бөлінеді:
 - 1- категориялы экскурсоводтар 1 тақырып және 1-2 экскурсия жүргізеді. 2- категориялы экскурсоводтар 1-2 тақырып 7-8 экскурсия жүргізу керек. 3- категориялы экскурсоводтар 4 тақырып 60-70 экскурсия жүргізеді. 4- категориялы экскурсоводтар 10 тақырып және экскурсияларды жеке ұйымдастыру.
4. Экскурсия кезінде объектілерді көрсету;
5. Экскурсанттардың алдын-ала құрастырылған маршрутпен жүргізу. Экскурсия шеңберлі болу керек;
6. Экскурсиялық объектілерді көрсетудің мақсаттылығы;
7. Экскурсиялық құжаттар:

- Экскурсияның маршрутының схемасы;
- Экскурсияның мәліметтері;
- Экскурсоводтың портфелі.

8. Экскурсанттардың белсенділігі.

Экскурсияның құрылымы:

Экскурсияға кіріспе, оның құрылымы:

- ұйымдастырулық және ақпараттық бөлімдері.

Экскурсияның негізгі бөлімі: тақырыпшалар және құрастырушы сұрақтар.

Экскурсияның қорытындысы, оның мазмұны.


- Кіріспе. 3-15 минут созылу керек;
- Негізгі бөлім. Экскурсияның басты ақпараттары айтылады;
- Қорытынды. 3-5 минуттан тұрады.

Экскурсияларды топтарға бөлу: қалалық, қала маңындағы, музейлік. Экскурсияларды тақырып бойынша бөлу: тарихи, табиғаттану, әдеби, сәулеттік, өндірістік-экономикалық. Экскурсиялар топтарын бөлу, бөлшектерінің сипаттамасы.

Экскурсиятану теориясы мен практикасында экскурсия классификациясы және оны қолдану. Экскурсияны тақырыптар бойынша бөлу, тарихи, табиғи, әдеби, архитектуралық, өндірістік-экономикалық. Экскурсиялар топтарын бөлу, бөлшектерінің сипаттамасы.

Экскурсияның классификациясы.

1. Экскурсия құрылымы бойынша: шолу экскурсиясы және тақырыптық экскурсия (Сурет1). Тақырыптық экскурсия өз кезегінде: тарихи экскурсия, өнерге байланысты экскурсия, әдебиеттік экскурсия, архитектуралық экскурсиялар болып бірнеше тақырыпқа бөлінеді.




Сурет 1 – Экскурсияның құрылымы

Тақырыптық экскурсия түрлері бірнеше топқы жіктеледі (Сурет 2) :

- 1) Тарихи экскурсия:
 - а) археологиялық экскурсия;
 - б) этнографиялық экскурсия;
 - в) тарихи – биографиялық экскурсия;
 - г) тарихи шайқастар болған жерлерде.
- 2) Өнерге байланысты экскурсия:
 - а) тарихи – театралдық;
 - б) театрларда жұмыс істейтін әйгілі адамдардың өмірбаяны;

в) көрмелер, шеберханалар және галерея;



Сурет 2 – Тақырыптық экскурсия түрлері

3.Әдебиеттік экскурсиялар:

- а) тарихи – әдебиеттік экскурсиялар;
- б) көркем әдебиеттік экскурсиялар;
- в) әдебиеттік-биографиялық экскурсиялар.

4) Архитектуралық экскурсиялар: а) атақты архитектураларға байланысты экскурсия жүргізіледі; б) белгілі бір уақыттағы архитектуралық құбылыстар туралы экскурсиялар жүргізеді; в) қаланың негізгі жоспары бойынша салынып жатқан ғимараттарға экскурсия жүргізу.

2. Экскурсияға қатысатын адамдар саны бойынша:

- а) топтық және индивидуалдық;
- б) шетелден келген қонақтарға және жергілікті тұрғындарға көрсетілетін экскурсиялар;
- в) үлкен адамдарға және балаларға жүргізілетін экскурсиялар.

3. Экскурсия өткізілетін жер бойынша:

- а) қала ішіндегі экскурсиялар;
- б) қала сыртындағы экскурсиялар немесе табиғи экскурсиялар.

4. Экскурсияда жүру тәсілі бойынша:

- а) жаяу туризм;
- б) көлікпен жүру;
- в) әртүрлі жануарлармен жүру.

5. Экскурсияны жүргізу формасы бойынша:

- а) экскурсия - масовка (көп адамдық);
- б) серуендеу экскурсиясы;
- в) концерттік экскурсия;
- г) экскурсия - қойылым;
- д) экскурсия - сабақ;
- е) экскурсия - жарнама.

Әрбір экскурсияның өзіндік белгілері, экскурсияның классификациясы, экскурсияның тақырыбы мен аты болады. Мен осы экскурсиялық тақырыптар


және оларды өткізу ерекшеліктеріне тоқталып өткенді жөн көрдім (кесте 1).

1-кесте – Тақырыптық экскурсиялар өткізу ерекшеліктері

р/н	Тақырыптық экскурсиялар	Экскурсияларды өткізу ерекшеліктері
1	Тарихи және әдеби экскурсиялар	Тарихи экскурсиялардың мақсаттары мен міндеттері, тарихи және әдеби экскурсияларын жүргізу әдістері, көрсету мен сипаттау ерекшеліктері, тарихи және әдеби экскурсиялардағы музейлік экспозицияларының орны, әдеби экскурсияларын жүргізгенде экскурсия жүргізушінің сөз шеберлігіне қойылатын талаптар.
2	Этнографиялық экскурсиялар	этнографиялық экскурсияларды өткізудің міндеті мен мақсаты, көрсету мен әңгімелеудің ерекшеліктері, этнографиялық экскурсияның ерекше тәсілдері, этнографиялық экскурсияның нысандары, экскурсияларға дәстүрлі материалды іріктеп алу, Қазақстан Республикасының тұрғындарының ұлттық ерекшеліктерін білу.
3	Сәулеттік-қала құрылысы тақырыбы бойынша экскурсияларды	Сәулет өнерінің объектілерінің негізгі ұйымдары, кезеңдері және сәулеттік білімдерді экскурсия жүргізген кезде қолдану, аталған экскурсияларды жүргізудің әдістемелері, сәулеттік және өнертану экскурсияларының эстетикалық тәрбиелеуде, этикалық идеяларды қалыптастырудағы маңызы.
4	Табиғаттану экскурсияларды	Материалистік көзқарасты, патриотизмді қалыптастыру, табиғатты қорғау көзқарасын тәрбиелеу, табиғи объектілерін сипаттау, оларды көрсету, табиғаттану объектілерінің мысалдары арқылы табиғат қорғауын насихаттау.

Ескерту – [3] әдебиет негізінде автор құрастырған

Экскурсияны даярлаудың дәйектілігі: экскурсияның тақырыбы мен мақсатын анықтау, әдеби көздерін таңдау және зерттеу, мұрағаттық, музейлік, статистикалық көздерді зерттеу, экскурсиялық объектілердің бақылау пакеті мен паспорттарын даярлау, әдістемелік құралды құрастыру; маршрутты жаяу түрде немесе көлік пайдаланып өз көзімен зерттеу, экскурсияны тапсыру және қабылдау (Сурет 3).



Сурет 3 – Экскурсияны даярлаудың дәйектілігі

Жаңа экскурсияны дайындау үшін бірнеше мақсаттарды қарастыру керек:

1. Бизнес план - экскурсиондық жұмыстың негізгі құжаты. Бизнес планда экскурсияның жаңа тақырыптары, экскурсияға берілген уақыты және әртүрлі нұсқаулары қарастырылады. Бизнес планын жазу үшін туристік нарықты зерттеу керек. Туристік нарық зерттелген соң туристік фирманың меңгерушісі бұйрық шығарады. Бұл бұйрықта туристік фирманың қызметшілеріне жаңа экскурсияның орындалу уақыты, мақсаты және жаңа экскурсияға жауапты адамды тағайындайды. Жаңа экскурсияны жасайтын адамдар анықталған соң, экскурсаводтар тақырып бойынша ақпараттарды жинайды. Жаңа экскурсияларда көрсетілетін объектілерді таңдайды және экскурсия маршрутын қарастырады.

2. Жаңа экскурсияның мақсаттары мен міндеттері анықталады. Экскурсияның негізгі мақсаты - туристерді археологиялық, архитектуралық, тарихи, мәдени және әдеби ақпараттармен таныстыру. Әрбір экскурсиялық ұйымның негізгі мақсаты ол - табыс. Сондықтан әрбір экскурсия танымды, ақпаратты және табысты болу керек. Осы мақсаттарға жету үшін келесі міндеттерді атқару керек:

а) экскурсанттарды туған аумақтың табиғатымен, тарихымен және архитектурасымен таныстыру керек;

б) жаңа экскурсияның негізгі міндеттері - экскурсияның мақсатына жету және экскурсияның тақырыбын ашып жеткізу.

3. Экскурсияның тақырыбы мен атын таңдау.

Қазіргі кезде экскурсияның тақырыбын таңдап алу келесі талаптардан тұрады:

а) потенциалдық сұраныс;

б) нақты экскурсия.

Тақырып бірнеше тақырыпшаларға бөлінеді. Мысалы: бір экскурсиялық объекті таныстырғанда, сол мәліметтерін тақырыпқа байланыстыру керек.

Экскурсияның аты тақырыпқа байланысты болу керек. Экскурсия атының мақсаты - экскурсанттарды қызықтыру.

4. Экскурсияға қажетті ақпараттарды таңдап алу. Экскурсияға қажетті ақпараттар 2 түрге бөлінеді:

а) негізгі;

б) қосымша.

Экскурсияға қажетті ақпараттарды кітапханалардан, музейлерден, газет-журналдардан, интернеттен және архивтерден алуға болады. Музей - ғылыми зерттеуші және ағарту мекемесі. Музейде мәдениет және табиғи ескерткіштерді зерттеу және сақтау мақсатымен ұйымдастырылады.

5. Экскурсиялық объектілерді таңдау. Экскурсиондық объектілер келесі түрлерге бөлінеді:

а) тарихи;

б) табиғи;

в) археологиялық;

г) архитектуралық;

- д) мәдени;
- е) құжаттық.

Экскурсиондық объектілердің классификациясы:

1.Мазмұны бойынша.

Мазмұны бойынша экскурсиондық объектілер:

- а) бір жоспарлық;
- б) көп жоспарлық.

2.Функциялық қызметі бойынша.Экскурсиондық объектілер функциялық қызметі бойынша:

- а) негізгі;
- б) қосымша.

Қалалық экскурсияларға экскурсиондық объектілердің саны 15- тен аспау керек.

3.Сақталу дәрежесі бойынша. Экскурсиондық объектілер сақталу дәрежесі бойынша:

- а) толық сақталған;
- б) б.з.д. өзгерістерге ұшыраған;
- в) жоғалтылған объектілер.

4.Экскурсиондық объектілерді таңдап алу принциптері:

- а) объект атақты, даңқты және көрнекті болуы;
- б) танымды болуы;
- в) мәнерлі болуы;
- г) сақталу дәрежесі бойынша;
- д) объектің ерекше және экзотикалық болуы;
- е)орналасу орны бойынша;
- ж) уақыты бойынша.

5.Маршрутты құрастыру.Экскурсиондық маршрутты құрастырудың 3 түрі бар:

- а) хронологиялық;
- б) тақырыптық;
- в) хронологиялық – тақырыптық.

6.Маршрутты құрастыруда бірнеше мәселелерді қарастыру керек:

- а) логикалық;
- б) топологиялық;
- г) қауіпсіздікті қамтамасыз ету (қалалық экскурсияларда экскурсанттар жолдан өтпеуі кажет).

1.Маршрутты айналып өту. Экскурсияны құрастырған кезде хронометраж анықталады. Хронометраж – экскурсиондық объектіге бөлінген уақытты есептейді. Хронометраж – бір объектіден екінші объектіге дейін болған уақытты есептеп, экскурсияның соңында толық уақытты есептеп шығарады.

Маршрут объектілердің орналастыру принциптері:

- а) маршрут қайталанбауы керек;
- б) туристік объектінің қасында туристерге арналған орандар болу керек;
- в) бір объектіден екінші объектіге дейін уақыт 10 минуттан аспау керек;

- г) қалалық экскурсияның маршруты шеңберлі болу керек;
- д) маршруттардың қосымша нұсқаулары болу керек;
- е) қала шетіндегі экскурсияда санитарлық остановкалар қарастырылуы керек;
- ж) маршрут жол полиция қызметкерлерімен келісілген болу керек.

2.Контрольді текст. Контрольді тексте экскурсия бойынша жиналған барлық мәліметтер зерттеледі және жиналған мәліметтер әдеби тілмен жазылады. Экскурсия тақырыпшаларға бөлінеді.

3.Экскурсоводтың портфелінің ішінде суреттер, көшелердің схемалары, адамдардың суреттері, жануарлардың суреттері, ғимараттардың сызбалары және маңызды құжаттардың көшірмелері болады.

4.Технологиялық картаның бірінші парағында экскурсияны дайындаған адамның аты – жөні, экскурсияның аты және түрі, экскурсияның ұзақтығы, экскурсанттардың құрамы және экскурсия жүргізуші туралы толық мәліметтер қолданылады. Техналогиялық картаның екінші парағында экскурсияның міндеттері қарастырылады. Үшінші парағында экскурсияны ұйымдастыру жолдары қарастырылады. Экскурсовод экскурсияның алдында 15 минут бұрын келуі керек. Экскурсияның кіріспесіне 7 минут беріледі. Экскурсияны бастаған кезде экскурсовод өзінің аты – жөнін, турфирманың атын айтады, содан кейін жүргізушінің атын айтады және қауінсіздік ережелерін айтып таныстырады.

5.Экскурсияның негізгі бөлімі 7 бөлінеді:

- а) экскурсияның маршруты (көшелердің аттары, тур объектілер, экскурсияның басталу және аяқталу уақыттары қарастырылады);
- б) экскурсияны жүргізген кезде арнайы тоқтаулар қарастырылады;
- в) экскурсия кезінде көрсетілетін объектілер негізгі және қосымша болып бөлінеді;
- г) экскурсияның ұзақтығы, толық уақытын есептеп шығару керек;
- ж) тақырыпшалардың аттары;
- з)экскурсияны ұйымдастыру жолдары: экскурсанттардың қауіпсіздігін камтамасыз ету,экскурсанттардың объектілер қасында орналасуы, экскурсанттардың жолдардан, өзендерден өту тәсілдерін қарастырады;
- и) әдістеме жолдары.

6.Индивидуалды текст 3 бөлімнен тұрады:

- а) кіріспе;
- б) негізгі бөлім;
- в) қорытынды.

7.Технологиялық картаға және текстке лицензия алу[5,86б.]. Туризм саласында мамандар комиссиясы жаңа экскурсияны қарастырады және жазбаша түрде қорытынды шығарады. Мамандар комиссиясы экскурсияның контрольдік және индивидуалдық бөлімдерін тексереді. Сонымен бірге технологиялық картада объектілердің дұрыс таңдап алуын тексереді және жаңа экскурсияның дұрыс құрастыруын тексереді. Жаңа экскурсияны мамандар комиссиясы тексеріп болған соң, байқау экскурсиясы өткізіледі. Байқау экскурсиясын өткізу алдында алдын-ала экскурсияның уақытын қай күнде өткізілетіні және қандай көлікпен өткізілетіні анықтау керек. Байқау

экскурсиясын өткізген соң, жаңа экскурсияны өткізуге рұқсат алады. Жаңа экскурсияны талқылау кезінде комиссия мүшелері экскурсия карточкасын толтырады. Бұл карточкада келесі мәселелер қарастырылады:

- экскурсовод туралы толық мәліметтер;
- экскурсия өткізілетін күні және уақыты;
- экскурсия тақырыбы және аталуы;
- экскурсияның түрі;
- экскурсанттардың құрамы және саны;
- экскурсоводтың айту және көрсету жолдарының сапасы;
- экскурсоводтың тіл шеберлігі;
- экскурсияны жүргізу әдісі.

Комиссия шығаратын қорытынды бойынша кемшіліктерді дұрыстаған соң, жаңа экскурсия бекітіледі.

Қорытындылай келгенде, қазіргі кездегі туристік индустрияның дамуы осы саланың экономикасын тереңірек зерттеуді талап етеді, себебі туризм саласында экономикалық саяси бағдарлама құрмай, отандық және шетелдік туризмнің жағдайын сараптамай, туристік қызметтің бағытын бағдарламай, туристік саланы дамыту мүмкін еместің қасы. Туризм әрдайым отандық және шетелдік экономиканың басты саласы болып келеді, сондықтан да туризмнің экономикалық тиімділігін зерттеу, оның экономиканың басқа да салаларымен байланысын зерттеу, оларға тигізетін әсерін анықтаудың үлкен маңыздылығы бар. Туризм адамзаттың мәдениеттілігінің даму сатысын ғана емес, қандай да бір ел азаматының экономикалық мүмкіндігінің көрсеткішін білдіреді. Қазіргі таңда туризм мемлекеттің туристік қызметтерін импорттаушы, экономикасын нығайтатын сала ретінде бұқаралық сипатқа ие болды. Туризм көп экономикалық шығында қажет етпейтін экономиканың тиімді саласына айналып келеді. Қазақстандағы салымшылар соңғы кезде экономиканың осы саласына баса назар аударып жүр. Дегенмен, Қазақстандағы әлсіз бәсекелестік бұл саланың қызмет сапасы мен бағасына айтарлықтай әсерін тигізуде. Қазіргі таңда туризм саласында білікті маман жетіспеушілігі айқын білінуде. Сондықтан да жоғарғы оқу орындарында осы сала бойынша мамандықтарды дамытып, осы бағытта мамандарды даярлау өзекті мәселелердің бірі екендігі айдан анық.

Қазақстанның керемет табиғи әлеуеті барын ескере отырып, елдегі саяхат бағытанда жаңа саяхат маршруттарын құрауға, елде шетелдік туристердің сұранысы есебінен туризмнің әртүрлі түрлерінің дамуына барлық мүмкіншіліктері бар екенін айту керек. Еліміздегі туризм экономиканың бір саласы ретінде, Ұлы Жібек жолының Қазақстандағы бөлігі ішкі туризмді дамытудың басты бағыты екенін айтуға болады.

1.2 Қазақстандық әр түрлі туристік-экскурсиялық қызметтер нарығының даму барысы

Қазіргі кезеңде экскурсиялық қызметтер саудасының қарқынды дамыған халық

-халықаралық формасына айналуға. Соңғы 20 жылда әлемде туристік қызметтің жылдық өсімі 5,1%, ал одан түсетін валюталық түсім көлемі 14% құраған. БҰҰ анықтамасына сай 2010-2025 жылы әлемдік туристік нарықтың маңызды сегменттеріне круиздер, тақырыптық парктер, мәдени туризм, спорт, саяжай демалыстары жатады. Осы кезде туристер саны 1561,1 млн болуы қажет. Бұл мәселелер Қазақстан үшін өте маңызды болып саналады. Себебі Қазақстанда және оның аймақтарында туристік-экскурсиялық дамытуға табиғаттың тартымды жерлері жеткілікті.

Қазақстандағы алғашқы туристік - экскурсиялық ұйымдар 20 - ғасырдың 20 - 30 жылдары пайда болды. 1929 жылы Алматы қаласында тұңғыш туристік экскурсиялық жорық ұйымдастырылды. Оған Г.И.Белоглазов пен Ф.Л.Савин басқарған 17 мектеп мұғалімдері қатысты. 1930жылы Алматы өлкетану мұражайы жанында Пролетарлық туризм және экскурсия Қоғамының өлкелік бөлімшесі жұмыс істей бастады. Оның алғаш төрағасы В.Г. Горбунов сайланды. Күйгенсай шатқалында туристер үшін 1936жылы республикадағы ең алғашқы 50 кісілік «Горельник» турбазасының шаңырағы көтерілді. 1938жылы Көкжайлау шатқалында алғаш қазақстандық туристер слеті өтті. Тәуелсіздік алған Қазақстанда 1991жылдан туризм саласы дамудың жаңа сатысына көшті. 1993жылы Қазақстан Дүниежүзілік туризм ұйымына мүше болды және осы жылы туризм индустриясын дамытуға арналған ұлттық бағдарлама қабылданды. 1997жылы Қазақстан Республикасының Ұлы Жібек жолының тарихи орталығына қайта өрлеу, түрік тілдес мемлекеттерінің мәдени мұралар сабақтастығын дамыту тұжырымдамасы, жалпы туризм дамуының стратегиясы жасалды.

Қазақстандағы алғашқы туристік - экскурсиялық ұйымдар 20-ғасырдың 20-30 жылдары пайда болды. 1929жылы Алматы қаласында тұңғыш туристік экскурсиялық жорық ұйымдастырылды. Бизнес-жоспар экскурсиялық жұмыстың негізгі құжаты. Бизнес-жоспарда экскурсияның жаңа тақырыбы, экскурсияға берілген уақыт және әртүрлі нұсқаулар қарастырылады. Бизнес-жоспарды жазу үшін туристік нарықты зерттеу керек. Туристік нарық зерттелгеннен соң фирманың меңгерушісі бұйрық шығарады. Бұл бұйрықта туристік фирманың қызметкерлеріне жаңа экскурсияның орындалу уақыты, мақсаты және экскурсияға жауапты адамды тағайындайды.

Оған Г.И.Белоглазов пен Ф.Л.Савин басқарған 17 мектеп мұғалімдері қатысты. 1930 жылы Алматы өлкетану мұражайы жанында Пролетарлық туризм және экскурсия Қоғамының өлкелік бөлімшесі жұмыс істей бастады. Оның алғаш төрағасы В.Г.Горбунов сайланды. Күйгенсай шатқалында туристер үшін 1936жылы республикадағы ең алғашқы 50 кісілік «Горельник» турбазасының шаңырағы көтерілді. 1938жылы Көкжайлау шатқалында алғаш қазақстандық туристер слеті өтті. Елімізде қазақстандық және шет елдік азаматтардың әр түрлі туристік экскурсиялық қызметтерге деген сұраныстарын қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы аса тиімді және бәсекеге қабілетті туристік кешенді іске асыруға жағдай жасалып жатыр, ұлттық туристік өнімнің сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттар


әзірленді және қабылданды. Бизнес-жоспар экскурсиялық жұмыстың негізгі құжаты.

Қазақстан Евразия құрлығының орталық бөлігін ала ($55^{\circ}26'$ - $40^{\circ}56'$ солтүстік ендік және $45^{\circ}27'$ - $87^{\circ}18'$ шығыс бойлық аралығында) орналасқан. Республика жері батыстан шығысқа қарай 3000 км-ге, солтүстіктен оңтүстікке қарай 1800 км-ге созылған. Қоңыржай белдеудің негізінен орталық және оңтүстік ендіктерін, ал қиыр оңтүстігі субтропикаға өтпелі белдеуді қамтиды. Сондықтан да Қазақстан жерінде орманды дала, дала, шөлейт және шөл зоналары қалыптасқан. Батысында, солтүстік-батысында және солтүстігінде республика РСФСР-мен, оңтүстігінде және оңтүстік-батысында Түркменстанмен, Өзбекстанмен және Қырғызстанмен шектеседі. Оңтүстік шығыс шекарасы Қытай шекарасымен шектеседі, құрлықтағы шекарасы 11 587 км, ал теңіздегі шекарасы 600 км, Ресей, Әзербайжан, Иран, Түркменстан. Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы 15 000 км-ден астам, оның 3 000 км-ден астамы су айдындарымен Каспий және Арал теңіздерімен өтеді. Қазақстан екі саға белдеуде орналасқан. Қазақстан және аумағы жөнінен РСФСР-ден кейінгі 2 орында. Ал дүние жүзі бойынша 9-шы орынды алады. Жері 2724.9 мың км². 14,9 млн. Халқының орналасу - тығыздығы 1 км² - 6 адамнан. Бұл әлем бойынша орташа көрсеткіштен 6 есе аз. Мұнда туысқан халықтардың біртұтас семьясында 120 ұлт пен халықтың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, еңбек етуде. Әкімшілік-территориялық жағынан Қазақстан 14 облысқа, 5 әлеуметтік-экономикалық ауданға бөлінеді. 83 қала бар. Астанасы - Астана қаласы. Қазақстан индустриялы аграрлық республика. Өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Қазақстанды 100-ден аса мемлекет мойындады. Қазіргі уақытта Қазақстан түрлі халықаралық ұйымның мүшесі болып келеді [5, 23 б.].

Дұрыс политика жүргізе отырып, Қазақстан өзінің табиғи ресурстары арқылы елдің үлкен жылдамдықпен дамуына мүмкіндік береді. Республиканың пайдалы қазбаларының әр түрлілігі, мөлшері мен сапасы өнеркәсіптің түрлі саласын дамытуға мүмкіндік береді. ЮНЕСКО ғалымдарының қорытындысы

бойынша Қазақстан жері дұрыс қолданған жағдайда миллиардтан артық адамды асырай алады. Табиғат ресурстарына бай тәуелсіз Қазақстан Республикасының пайда болуы шетел мемлекеттермен ғылыми, мәдени және т.б. облыстарда экономикалық тура және жақын қатынас орнатуға мүмкіндіктер береді.

Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасында президенттік басқару формасы белгіленген. Мемлекеттік тіл - қазақ тілі, ал орыс тілі - ұлтаралық қарым-қатынас тілі. Ақша бірлігі - теңге. Қазақстан Республикасының территориясы түрлі табиғат байлықтарына бай. Геологтарының арқасында Қазақстан жер асты байлықтар сандықтарының біріне айналды. Барлық осы байлықтар үлкен қарқынмен игерілуде. Басқа елдермен салыстырғанда Қазақстан Республикасының экономикасының құрылымы және оның табиғи-ресурстық потенциалы, оның геополитикалық орналасуы – Ресеймен, Қытаймен, мұсылман әлемімен және Үндімен көрші болуы үлкен мүмкіндіктер туғызады (Сурет 4).



Сурет 4 – Қазақстан Республикасы

Кең байтақ территориялық жер ресурстары мен ауыл шаруашылыққа жарамды жерлер көп салалы ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптік комплексінің дамуының негізі болып келеді. Жер ауданы мен ауыл шаруашылығына жарамды жер көлемі бойынша тек Ресейге орын береді. Қазақстан иелік ететін шикізат ресурстарының дұрыс экспорты экономикамыздың дамуының негізгі күші болуы керек.

Қазақстан әртүрлі және қызықты ландшафтқа бай. Ландшафтта табиғат жағдайының қолайлы мүмкіншілігі байқалады. Алайда бүгінгі күні осы керемет табиғи ресурстарсыз антропогендік жолмен экологиямызға әсерін тигізуде. Сондықтан да Қазақстанның көрікті жерлері тартымдылығын арттыру үшін экологиялық туризм түрін басты үш өнім қатарына қосып отыр.

Туристік-рекреациялық мақсатқа бағытталған мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, республикалық маңызы бар - табиғат ескерткіштері, қорықшалар бар. Қорғалатын территорияның ең таралған формасы - қорық. Қазақстандағы қорықтар алып жатқан жалпы алаң-ауданы бойынша ең ірісі - Қорғалжын (237,1 мың га.) және ең кішісі Барсакелмес қорығы (18,3 мың га.). Әрбір қорық үлкен рекреациялық қызығушылық тудырады [6, 11, 3, 143 б.].

Ақсу –Жабағылы мемлекеттік қорығы Батыс Тянь-Шаньда орналасқан. Жалпы қорық ауданы -77,7 мың га. бұл қорық несімен тартымды, 3000 м. жоғары биіктікте қорық көріктілігі-«сурет галереясы» орналасқан. Мұнда қара порфиритті таста стилі бойынша әртүрлі тау ешкісі, арқар, марал, ат үстіндегі аңшы суреттерінің көрінісі бейнеленген. Тіпті тау жануары деп сипаттауға келмейтін - түйе және тасбақа көріністері бар. Көптеген ғалымдар оларды біздің эрамызға дейінгі 7-5 ғасырларға жатқызады. Мұнда сонымен қатар 60 түрлі өсімдік, 100 түрлі жәндіктер, моллюскалар, шаянтәрізділер т.б. жануарлар

түрлері таңбасы, табылған. Ерекше қызығушылықты 120 млн. жыл бұрын өмір сүрген динозавр сүйектерінің табылуы таң қалдырады. Бұл кереметтер қорықтың Қарабастау және Әулие (жалпы ауданы 220 га.) палеонтологиялық аймағында жайғасқан.

Ақсу-Жабағылы қорығы танымдық және кейбір аймақтарында белсенді туризм түрін дамытуға мүмкіндік береді.

Барсакелмес қорығы-Арал теңізінің солтүстік бөлігінде, Барсакелмес шөлді аралында шоғырланған. Арал теңізінің тартылуынан Қызыл Кітапқа енген құлан, жейрандар 2 - 3 жылда қайта оралуы мүмкін. Өйткені жасанды жолмен Кіші аралды толтырып, балықтар өсіруі келешекте Аралдың толығымен өз қалпына келуі қорық жұмысын жандандыруы тиіс.

Қорғалжын қорығы - 237,1 мың га. территорияны алып жатыр және Ақмола облысына қарайтын Теңіз-Қорғалжын ойпатында орын тепкен. Бұл аймақ «көлді өлке» деп аталады, өйткені шағын ғана сұлу ұсақ көлдер - Сұлтанкелді, Есей, Жаманкөл сияқты көлдер өте көп. Қорғалжын көлінің өзінде 40 арал бар.

Теңіз көлі әлемдегі сирек кездесетін солтүстік құстар ұялайтын орын. Оның ішінде - қызғылт фламинго. Жыл сайын фламинго бірнеше аралдарда калониялармен мыңдаған ұялар салады.

Теңіз-Қорғалжын көлдері - көктем құстар маусымдық алмасуында үлкен аумақтағы су құстары шоғырланатын орын, сондықтан Қорғалжын қорығы әлемдік танымдылыққа ие болды. Ол ерекше қорғалатын батпақты-көлді жайылымдықтар ландшафтысы көрікті жері ретінде ЮНЕСКО тізіміне кіреді.

Марқакөл қорығы территориясында 5 биіктік белдеулері анық байқалады. Флорасы емдік қасиетке ие, соның ішінде моралит, алтынтамыр, тағы басқалары.

Жалпы бұл өңірді «екінші Швейцария» деп атағандықтан, бұндағы көрікті жерлер туралы жұмыс барысында айтылады. Қорық маңызды белсенділік сапаға ие.

Наурызым - 87,7 мың га. алып жатыр, оның 39,6 мың га. аумағын орман алады. Қостанай облысындағы Наурызым ауданында шоғырланған. Қорық ормандары 3 аумақ: Наурызым-Қарағай, Терсек борлары және Сыпсың ағаш ақ қайындары болып бөлінеді. Негізгі көрікті орын - Наурызым-Қарағай боры.

Құстары ұя салатын су, ұшып - қонатын жолда орналасқан далалы көлдер өлкесі. Әр қорықтың өз флорасы мен фаунасы ерекшелігі болады. Наурызым қорығы халықаралық маңыздылыққа ие болған сулы - батпақты жерлер қорғауға алынған.

Бұл аталған қорықтар табиғи қалыпты сақталған көрікті жерлер саны экологиялық туризмді дамытуда жаңа орындармен толықтырары анық. Аталмаған қорықтар қаншама, тек бұл табиғи орындар көріктілігін арттыру мақсатында ештеңенің керегі емес. Тек ұйымдасқан туристік сапарлар болғаны [7, 45 б.].

Үлкен рекреациялық маңыздылыққа ие - ұлттық табиғи парктер. Қазақстанда ең бірінші болып 1977 жылы «Баянауыл» ұлттық паркі ашылған.

Кейіннен Қарқаралы, Бурабай, Алтын Емел ұлттық парктері ашылды. Оның әрқайсысы бай флора және фауна жайымен керемет ландшафтымен ерекшелінеді [8, 29 б.].

«Алтынемел» - Қапшағай суқоймасының солтүстік жағалауында орналасқан. Ұлттық парк құрамына Үлкен және Кіші Қалқан, «Әнші құм», Ақтау және Қызылтау, Бесшатыр қорғандары туристік объект ретінде кіреді.

Іле-Алатау ұлттық паркі - Іле Алатауы солтүстік баурайын қамтиды. Ұлттық паркте биіктік зоналығы байқалады. Тау және тау-шаңғы туризмі үшін үлкен қызығушылық танытады.

«Шарын» табиғи паркі Шарын өзені аңғарында орналасқан. Ол-өзінің фантастикалық ландшафтысы, фауна, флорасымен ерекшелінетін ерекше экожүйе. Шарынның орта ағысында Шарын табиғат ескерткіші «Ясеновая роцца». Бұл әлемдік маңыздылығы бар табиғи паркі.

Қазақстанда табиғат ескерткіштері де өте көп. Олардың көпшілігі мемлекеттік маңыздылығы бар табиғат ескерткіштері ретінде қорғауға алынған. Қазіргі таңда елімізде 24 табиғи ескерткіштер бар. Олар туризм үшін үлкен қызығушылық тудырады. Экзотикалық жартастар, мұздықтар, үңгірлер, сарқырамалар, сирек кездесетін фауна және флора өлкелері қайталанбас тартымдылық қасиеттерімен ерекшеленеді [6, 15 б.].

«Гусиный перелет»- аумағы 2 га. алып жатқан Павлодардың солтүстік-батысында палеонтологиялық көмбелер. Бұл құмды Ертіс айрығының ең биік жерінде жер бетінен 68 м. төмен жануарлар сүйектері сақталған. Онда: антилопа, жираф, бұғылар, страус, тасбақа, 12-14 млн. жыл бұрын мекен еткен неогендік жануарлар көмілген. Сүйек қазбаларын құрайтын қабат күші -3 метр.

Шарын «Ясеновая роцца» ескерткіші Алматы облысының шығысында 4855 га. аумақта орналасқан. Бұл сирек жайылымдық территориясында согдиандық шетен өседі, бұндай орман массиві ТМД бойынша айырбасы жоқ.

Шынтүрген шыршалары – Іле-Алатауы тауында бозгүл шатқалында орналасқан. Бұл мұздану кезеңіндегі солтүстік тайга қара-қылқанды сирек аумақ осы күнге дейін сақталып, үлкен ғылыми құндылыққа ие болып отыр. Жалпы орман жамылғысы аумағы – 500 га. жуық Бұл үш ескерткіш Қазақстандағы ерекше көрікті жерлерге жатады.

Маңғыстау үңгірлері мен Үстірт жотасы. Үстірттің Қазақстан бөлігінде әктасты-гипс жынысына жататын, 30 карсты үңгірлер бар. Ең ірісі - 100-120 м. дейін жетеді және биік емес кіру және шығар жерлері бар. Жер асты үңгірлері спелео туризмнің дамуына бастау болады.

«Төрткүл» стол тәріздес қыраттар Евразиядағы құрлықтық мұздану кезеңінде қалған. Торғай үстіртіндегі ескерткіш. Төрткүл қазақ тіліне аударғанда - төрт жағы дегенді білдіреді.

Көкшетау қыраттары - керемет әдемі тұщы көлдер мен жоталар тобынан тұрады. Көрсең көз тоймайтын Үлкен және Кіші Абақты, Шортанды, Бурабай көлдері. Желдің әсерінен экзотикалық жартастар түзілген. Мысалы: әрқайсысының атауы бар - ең тартымдылары Оқжетпес, Жұмбақтас, Сфинкс жеке батыр, бүркіт, түйе, қабырға тағы басқалары бүгінгі күндегі Бурабай

курорттық зонасындағы қонақ үй атауларына айналған.

Қарақия –ТМД территориясындағы ең терең құрғақ сипат, теңіз деңгейінен -132 м. төмен орналасқан, әрі ағынсыз ойпат ұзындығы -40 км., ені -10 км. жетеді.

Баянауылдың экзотикалық жартастары Павлодар облысының оңтүстігінде граниттік массив түрінде жоғарлайды. Ұзақ желден олардың түрін өзгертіп, көптеген экзотикалық түрлерге ауысқан. Олардың ішінде ең әйгілісі «Шайтантас» жартасы ертедегі персонаждарға ұқсас болған соң қойылған [19]. Сонымен қатар «Тасты бос», «Булка», «Көгершін» т.б. жартастар. Қазақстанның әртүрлі аудандарында біздің табиғи ескерткіштеріміз танылатын керемет ландшафт түрлері бар.

Демалыс пен рекреацияны таңдауда турист негізінен территорияның тартымдылығының бірнеше факторларына көңіл бөледі. Территорияда тарихи, мәдени, қол өнер ескерткіштерінің болуы үлкен маңызға ие болады. Туристер мемлекеттегі немесе демалыс аумағындағы саяси жағдайға өте үлкен көңіл бөледі. Демалушыларды олар демалу аймағының табиғи жағдайлары өте қатты толғандырады. Туристер өздері демалатын жерге қоятын талаптарының бірнеше критерийлері бар:

- мемлекеттің немесе ауданның географиялық орналасуы;
- территорияның рельефі;
- климаттық жағдайлары;
- қоршаған ортаның ландшафтық факторы;
- оның сумен қамтылуы, жанында өзен, көл және тағы басқа су көздерінің болуы;
- аймақтың флорасы мен фаунасы;

Алматы облысы бұл табиғи ресурстардың ерекше жиынтығына ие.

Қазақстан территориясын туризмді дамыту жөніндегі қолайлылығы бойынша аудандастыру кезінде Алматы облысының ауқымды территориясына ең жоғарғы бал қойылған. Ауданды бұндай категорияға жатқызу үшін ол келесідей мінезділікке ие болуы керек: ұзақ жазғы жылу, сулы беттердің болуы, әдемі таулы рельефтің ауқымды орманды массивтермен аралас болуы, экскурсиялық объектердің болуы керек. Бұл жағына келетін болсақ табиғат Алматы облысына жақсы сый еткен.

Ұлы Жібек жолы бойында орналасқандықтан Қазақстан аумағындағы қалалар мен табиғаты ғажайып қорықты жерлер ежелден саяхат және туризм нысандары болып табылған.

Экскурсиялық қызметтерді орындауда жабдықтаушылар туристерге қызметтерді көрсету саласында әртүрлі кәсіпорындар мен ұйымдар қатысады. Мысалы: қонақ үйлер, тур.базалар, мейрамханалар, көңіл көтеру орындары, көлік компаниясы, рекреациялық ұйымдар, экскурсиялық фирмалар және т.б.

Туристерге қызмет көрсететін барлық кәсіпорындар мен ұйымдар қызметтерді жабдықтаушылар деп атайды.

Қызметтерді жабдықтаушылар жұмыс істеген кезде келесі талаптарға көңіл бөлу керек:

1. Қызмет көрсету саласына және қызметтерді жабдықтаушылардың репутациясына бөлу керек;

2. Турфирма ұсынған өніммен қызметтерді жабдықтаушы өнімі сәйкес келуі керек;

3. Келісім шартты құрастырған кезде барлық құжаттар дұрыс толтыруы керек.

Қызмет жабдықтаушылармен жұмыс істеген кезде олардың тәжірибесіне, тарифтарына, ассортиментіне, лицензиясына және жеңілдіктеріне көңіл аудару керек. Өзара қатынастар келісім шарт арқылы бекітіледі.

Қазіргі кезде туристік экскурсиялық мекемелер әртүрлі мемлекеттердің және әртүрлі аудандар арасында байланыстарды орнату үшін автокөлік, теміржол, су көлігі қызметтерін пайдаланады. Көлік фирмасымен келісім шарт бойынша туристік ұйымға көлікті жалға береді. Сонымен бірге көлік фирмасы жоғарғы маманды жүргізушімен қамтамасыз ету керек. Әртүрлі мемлекеттердің және әртүрлі аудандар арасында байланыстарды орнату үшін теміржол көлігі айрықша орын алады және туристер көп қолданатын көлік түрі болып табылады.

Көлік қызмет көрсету сферасында теміржол тасымалдауларының бірқатар ерекшеліктері бар:

- тасымалдау мүмкіншілігінің жоғары болуы;
- бір пункттен екінші пунктке дейінгі жоғары жылдамдық;
- метео жағдайларға байланыссыз тасымалдаудың тұрақтылығы;
- жергілікті жерді кең түрде көру мүмкіншілігі;

Қазіргі кезде туристік экскурсиялық мекемелер теміржол саяхаттарын келесідей түрде жүргізеді:

- бір немесе бірнеше жолда жүретін, шеңберлік маршруттар мен шетелге шығатын арнайы туристік–экскурсиялық поезддар;
- жергілікті немесе қала маңы байланыс поезддары;
- алыс арақашықтықта жүретін тұрақты поезддар.

Бұл көлік түрін жоспарлау және ұйымдастыру - маршрутты таңдаудан басталады. Көлік құралдарының саяхат мақсаты, жолдама бағасына тәуелді. Әрбір туристік маршрут бағдарламасы саяхат мақсатына сәйкес келуі қажет. Негізінен туристерді қызықтыратын объектілер таңдалады, мәселен, Алматы қаласынан басталатын Орта Азия Республикалары бойынша Ташкент-Самарканд-Ферғана-Ашхабад-Душанбе-Ургенч сияқты қалаларымен өтеді. «Балтық теңізі жағалауына» келесідей маршрут бойынша Мәскеу-Смоленск-Минск-Вильнюс-Каунас-Рига-Таллин-Санкт-Петербург қалаларын көріп өту кірді.

Теміржол туристік экскурсиялық маршруттар әр станциядан басталуы мүмкін. Маршруттағы қалалар топтарға бөлінеді. Бұл поезддарда келесідей қызмет түрлері көрсетіледі: орналастыру, тамақтандыру, экскурсиялық, мәдени көпшілік, спорттық, сауықтыру қызметтері. Қызмет көрсету сапасы жоғары, қызмет көрсетуші персонал мамандандырылған болуын ескеру керек. Жол бойы ақпарат пен ойын сауық түнгі және күндізгі уақытта жасалады.

Туристік экскурсиялық поезддарды құру турфирма мен теміржол басқару арасында келісім жасаумен басталады. Жеке түрде мейрамхана вагонымен шарт жасалады. Келісімдерді жасағаннан кейін және шығу мерзімін анықтаған соң туристерді қабылдау мен қызмет көрсету жүргізіледі. Туристердің уақыт мерзіміне байланысты экскурсиялар таңдалады. Турпоезд құрылымына 12 купе вагон, 3 вагон ресторан қосылады. Вагон штабы негізнен теміржол мен туристік экскурсиялық қызметкерлерінен тұрады.

Туристік экскурсияларды ұйымдастыруда автокөлік ерекшелігі оның мобилділігі, ақпараттылығы, арзандылығы болып табылады. Туристердің ғана көпшілік тасымалдау түрі емес, көліктің барлық түрлерін пайдаланатын жолаушылардың трансфері ретінде қолданады. Қазіргі уақытта автосаяхаттар жеке, жалға алынған, қоғамдық көлікте пайдаланып жасалады.

Автокөліктің басқа көлік түрлерінен басымдылығы: жоғары маневрленгендігі, қолайлылығы, тарифтердің төменділігі, қажеттіліктер бойынша шығуға мүмкіншіліктер, кең шолу, «есіктен есікке» қызмет көрсету. Ұзақ маршруттарда автосаяхаттар ыңғайлылық деңгейінің төменділігімен сипатталады.

Кемшілігі: төмен жылдамдық және қоршаған орнаны ластау. Соңғы уақытта мамандар жетілген жеңіл автокөліктер түрлерін жасауда.

Туристер топтарын тасымалдау үшін автобустар қолданады. Микроавтобустардың ұзындығы 5 м, ал қосылған және автопоездар 24 м жетеді.

Халықаралық автобус турлары өзінің ұзақтылығымен, экскурсиялық бағдарламалардың мазмұнымен және саяхат кезінде қызмет көрсету жағдайларымен ерекшеленеді. Осы факторларға байланысты олар:

1. Экономикалық турлар: экскурсиялық бағдарлама, 2-3 жұлдызды қонақ үйлерде орналастыру, түнде жүру кіреді.

2. Стандартты турлар: бір түнгі жүру, орналастыру, 3-5 жұлдызды қонақ үйлер, экскурсиялық бағдарлама, саяхаттайтын ірі пункттерде бос уақыт берілуі кіреді.

Және бұдан басқа да фирмалық және эксклюзивті турлар болып бөлінеді.

Қазақстандық турагенттіктер ірі Ресей туроператорларымен шарттарға отырып, Еуропаның әртүрлі қалаларына автобус турларын ұсынады. Мысалы, Польша, Бельгия, Берлин, Мюнхен, Дрезден, Амстердам қалаларын көріп өту және Париждегі 3-күндік тур 400\$ құрайды. Турдың бағасына: тоғыз күндік тасымалдау, таңғы ас, айтылған қалалар бойынша шолу экскурсиялары кіреді. Автобустарда телеаппаратура және дәретхана жұмыс істейді.

Қорытындылай келгенде, елімізде қазақстандық және шет елдік азаматтардың әр түрлі туристік экскурсиялық қызметтерге деген сұраныстарын қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы аса тиімді және бәсекеге қабілетті туристік кешенді іске асыруға жағдай жасалып жатыр, ұлттық туристік өнімнің сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттар әзірленді және қабылданды. Бизнес-жоспар экскурсиялық жұмыстың негізгі құжаты. Бизнес жоспарда экскурсияның жаңа тақырыбы, экскурсияға берілген

уақыт және әртүрлі нұсқаулар қарастырылады. Бизнес-жоспарды жазу үшін туристік нарықты зерттеу керек. Туристік нарық зерттелгеннен соң фирманың меңгерушісі бұйрық шығарады. Бұл бұйрықта туристік фирманың қызметкерлеріне жана экскурсияның орындалу уақыты, мақсаты және экскурсияға жауапты адамды тағайындайды.

Қазақстан Республикасында туризмнің материалды-техникалық базасын дамытуға инвестиция тарту үшін шарттар анықталды. Бұл ретте әлемдік деңгейдегі «Жаңа Іле» туристік оралығын құру жөніндегі серпінді жобаны іске асыру маңызды мәнге ие болып отыр. Қазақстанда экскурсияның барлық түрлері этно, экология, денсаулық, сауықтыру балалар, спорттық, аң аулау, балық аулау, атпен серуендеу бойынша жүргізіледі. Бұл үшін Қазақстан аумағында 900 саяхаттық маршруттар белгіленген. Қазақстандағы туристік ресурстарға - туристік қызмет көрсету нысандарын қамтитын табиғи климаттық, тарихи, әлеуметтік - мәдени, сауықтыру нысандары, туристердің рухани қажеттерін қанағаттандыра алатын, олардың күш-жігерін күшейтуге, сергітуге жәрдемдесетін нысандар жатады.

1.3 Қазақстанның көрікті табиғи әлеуеті - туристік-экскурсия жасайтын нысандар ретінде

Қазақстанның қай аймағын алсаң да өзіндік артықшылығымен ерекшелінеді. Дүниенің төрт бұрышындай Қазақстанда қайталанбас табиғаты бұзылмаған көрікті жерлер санаусыз. Енді оларға тоқталсақ, ең көрікті жер жәннаты - Жетісудан бастасақ.

Алматыдан Балхаш көліне дейінгі аудан Жетісу немесе «жеті өзен елі» деген атпен әйгілі. Бұл еліміздің ең бай және қызықты жерлерінің бірі. Ең үлкен өзендерінің бірі - Іле Қытайдан бастау алып Балхашқа құйса, қалған 6 өзен Іле Алатауы тауларынан бастау алады.

Алғашқы зерттеушілер бұл жерді Іле өзенінің бойында болғандықтан Іле-Алатауы деп атаған. Бұл өлке қайталанбас әсемдік, альпі жайылымдықтары және шексіз даласымен әйгілі. Атақты «Жоңғар қақпасы» арқылы көне керуен жолы өткен. Жоңғар Алатауы Талдықорған қаласы маңындағы таулы қырат қазақ-қытай шекарасы арқылы өтеді. Бұл өлкенің таңғажайыбы саяхаттаушы бір күн ішінде 5 климаттық зоналар - шөл және шөлейттен (теңіз деңгейінен 600 м.) мәңгілік мұздықтар (4000 - 5000 м.) дейінгі аралықты көре алады [8, 15 б.].

Іле-Алатауы Тянь-Шань тауының ең солтүстік қыраты. Бұл күшті қарлы қырат ендік бағытпен батыстан шығысқа қарай 300 км. созылған, оның ені - 30-40 км. Ең биік шыңдар қыраттың орталық бөліктерінде орналасқан. Мұнда биіктігі 4 500 м. жоғары 22 шыңдар бар. Іле-Алатауының ең биік шыңы - Талғар (4 937 м.) шыңы. Олар альпенистер арасында танымал. Талғар маңында басқа да көптеген шыңдар бар. Шыңдардан оңтүстікке қарай массивті Корженевский (ұзындығы - 11 км.) және Богатырь 9.5 км. мұздықтарына тек тік ұшақпен ғана баруға болады. Осы ауданға Алматы қорығы кіреді. Қорық қарлы

барыс, бұғы, бүркіт, архар, жейрандарды қорғайды. Талғар қаласында құстар мен басқа да жануарлар коллекциясы табиғи мұражайы орналасқан.

Іле-Алатауы көптеген шатқалдардан тұрады, соның ішінде кең тармақталғаны - Кіші Алматы шатқалы өзінің көрінісімен әсер қалдырады: шыршалы орманды Махнатка тауы, трапеция тәріздес Күмбел, Абай шыңы, Тұйықсу қақпасының алып жартастары бұл өлкені альпинистер үшін қызықтыра түседі және Үлкен Алматы шатқалдары арасында Көк-Жайлау альпілік жайылымдағы орын тепкен. Бұл атақты жаяу маршруттардың бірі. Көк-Жайлау платосынан Күмбел шыңына қарай бағыттау басталады. Тұйықсу қақпасының үлкен жартастары Тұйықсу шыңына апарады.

Кіші Алматы мен Батарейка өзендерінің қосылған жерінде әлемдегі ірі жоғары таулы мұз айдыны - Медеу орналасқан. Медеу - қысқы спорт ойындар өткізілетін кешен. Мұз айдыны теңіз деңгейінен 1 700 м. биіктікте Медеу шатқалында орналасқан. Мұнда олимпиадалық мөлшердегі мұз айдыны, жүру үшін алаңқай, аттракциондар паркі бар. Бұл қалалықтар мен қала қонақтарының сүйікті орындарының бірі. Мұз айдыны Алматы қаласынан 16 км. жерде 1972 ж. салынған. Жұмсақ климат, тиімді күн радиация деңгейі, төмен қысым, желсіз ауа-райы және мұз - Медеуді ең күшті әлемдік, ал оның орналасуына қарай ең әдемі айдындардың бірі. Мұзды өріс ауданы 10 500 км² – конькидегі жылдам жүгіріс, хоккей, фигурное катание сияқты халықаралық жарыстардың ашылу орны. Мұнда әлемдегі күшті коньки жүгірушілері бекіткен 120 астам әлемдік рекорд жасалды (Давоста-40) [9,416.].

Туристердің көңілін келесі бір объект - Кіші Алматы аңғарында қаланы селден қорғау үшін тұрғызылған платина аударады. Дәл осы платина 1973 жылғы селден сақтады. Дамбыға 830 баспалдақпен шығу керек. Осы жерден Іле Алатауы тау шыңдарына керемет көрініс ашылады [10, 61 б.].

Тұйықсудан солтүстікке қарай Шымбұлақ тау-шаңғы курорты орналасқан. Қаладан 25 км., теңіз деңгейінен 2200 м. биіктікте орын тепкен. Тау - шаңғы трассалары 3 орындықтар мен 3 буксерлі аспалы жолдармен қызмет етеді. Дүниенің төрт бұрышындай Қазақстанда қайталанбас табиғаты бұзылмаған көрікті жерлер санаусыз. Олардың көмегімен 20 минутта 3200 м. - Талғар асуында боласың. Бірінші биіктік 1243 м., көтерілу уақыты 9 минут, «Қиылысу» станциясы (2260 м. - 2630 м. дейін); екінші «20-шы апора» станциясы ұзақтығы 978 м.; көтерілу уақыты 7.5 минут (2630 м. - 2930 м. дейін); үшінші станция «Талғар асуы» 860 м. ұзақтық уақыты 8 мин. (2930 м.-3 163 м. дейін). Жалпы трасса ұзақтығы 3620 м., биіктік құламасы 1000 м. дейін сноуборд сүюшілер үшін сноупарк, балаларға баллондарда сырғанау үшін төбешіктер бар. Бұл қалалықтар мен қала қонақтарының сүйікті орындарының бірі. Туристер үшін 4* отель жоғарғы қызметі ұсынылады [11, 17 б.]. Олар альпинистер арасында танымал. Талғар маңында басқа да көптеген шыңдар бар. Резонанс қолайлы жағдайы үлкен толқынды дыбыс тудырып, тығыз топырақ қабатына әсер ете бархан діріліне келтіреді.

Үлкен Алматы көлі. Үлкен Алматы көлі биік шатқалда орналасқан. Көл ойпатта орналасып, жан-жағынан шыңдармен көмкерілген. Көптеген Тянь-

Шань таулы көлдері жер сілкінісі нәтижесінде пайда болған.

Үлкен Алматы көлі - сол көлдердің ірілерінің бірі. Жыл мерзіміне байланысты көл өзінің түсін өзгертеді. Мұзды су көл ұзындығы -1,6 км., ені 1 км., тереңдігі - 40 м. Көлден 2 км. 2 700 м. биіктікте көне мұзды аңғарда «Тянь-Шань» астрономиялық обсерваториясы деп аталынатын күмбезді ауыл орналасқан. Одан ары 8 км. жоғары, 3 300 м. биіктікте Жасылкезең асуында – Космостанция жұмыс істейді. Төменде Алма-Арасан шатқалы жалғасады. Ол өзінің жылы термалды-родонды бұлақтарымен әйгілі және әсем табиғаты мен таза ауасымен тартады. Келесі сипатталатын объект - Түрген шатқалы. Іле – Алатауы ұлттық паркінде әдемі табиғат бөлігі - Түрген шатқалы (Алматыдан 40 км.) бар. Шатқалда ыстық бұлақтар, фарель шаруашылығы, сарқырама және көптеген ормандар бар. Шатқал 44 км. тереңдей Асы жотасына енеді. Осы жота арқылы Еуропадан Қытай мен Үндіге керуендер өткен. Кең аңғар 60 км. шығысқа қарай созылады. Түрген шатқалы сарқырамалармен әйгілі (Сурет 5).



Сурет 5 – Алматы қаласы мен Алматы облысы

30 метрлік Аюлы сарқырамасы, күшті ағымды Бозкөл сарқырамасы және тағы басқа шатқалдар өзінің Чин-Түрген шыршаларымен әйгілі. Шатқалдағы ең атақты орыны егерлік станция – Ботан. Сонымен қатар «Синегорье», «Тау-Түрген» демалыс үйлері орналасқан [12, 456.].

Басқа бір Есік шатқалында Есік көлі (1 760 м.). 1963 ж болған селді ағымнан платина бұзылып, көлді басып кеткен. Бүгінгі күні көл қайта қалпына келтіріліп, қалалықтар арасында демалыс күнгі саяхаттау орнына айналды.

Іле өзені – Жетісудағы ең ірі өзен. Оның ұзындығы – 1 439 км. Іле өзені Қазақстан жерінде Қапшағай жасанды суқоймасы арқылы Балхашқа құяды.

Қапшағайды теңіз деп атайды: оның ені – 22 км., тереңдігі -45 м., ауданы 1 847 км². Оның маңы жағалауында санаторий, пансионаттар, жағажайлар орналасқан. Қалада үлкен аквапарк бар. Суқойманың шығыс жағалауында «Алтын-Емел» ұлттық паркі орын тепкен. Парктегі басты байлық Тамғалы –Тас шатқалындағы тастар көріністері. Бұл «Тастағы суреттер» - Будда көрінісі. Қара құпиялы жартастарда көптеген петроглифтер – сонау 8 ғасырда Қазақстан территориясында ислам дінін қабылдағанға дейін будда дінін ұстанушылар болғандығын растайды. Онда 1000 жуық әртүрлі жартас қолжазбалары, Будда суреті бар. Қасиетті текст «санкритте» «Лотос гүліндегі қарлы маржан» деген мағына түсіндірілген. Қолжазбалар мен суреттерді тарихшылар, 17 ғасырға жатқызады. Жалпы Алтын-Емел паркі Іле өзенінен 90 км² созылды. Бұл құпиялы, керемет өлке көне, бай тарихы мен қайталанбас табиғатымен ерекшеленеді. Парктегі тағы бір объект - сақ мәдениетінің ескерткіштері - Бес-Шатыр қорғандарын Қазақстанда б.з.д 1 мың жылдықта тұрған ерте сақтардың діни меккесі деп атайды. Бес-Шатыр 31 қорғаннан тұрады. «Жетісі пирамидасы» деп аталынатын ең үлкен қорған диаметрі 105 м., биіктігі 17 м. Бұл қорғандар ағашты жатар жерін Тянь-Шань шыршасы бұтағынан жасаған, сондықтан 2 мың жыл бойы жақсы сақталған. Бес-Шатыр қорғандарының ерекшелігі – жерасты катакомбаларының бірі жатар орынға апарады [13, 8 б.].

Үш объект - Ақтау таулы қыраттары - өткен жер шары мұражайы. Бұл табиғат мүсіндері көне көл орнында қалған барлық түске боялған көрікті орын. Ол Ақтаудан басталып Қызылтауларға айналады. Таулар жасы - 400 млн. жыл, ұзақтығы-30 км., тереңдігі -1,5 км. Мұнда жейран, тауешкі, сайғақ, қасқыр, түлкілер кездеседі. Ең соңғы объект - ерекше табиғат жұмбағы - «Әнші құм». Іле өзенінің оңтүстік жағалауындағы бұл құм құрғақ ауа-райында арган әуеніне ұқсайтын дыбыс шығарады. Оның шуы мен дірілі ұмытылмас әсер қалдырады. Құрғақ құмдар қозғалысынан пайда болған дірілдер құрғақ ауамен оларды электрлі вибрация тудырады. Резонанс қолайлы жағдайы үлкен толқынды дыбыс тудырып, тығыз топырақ қабатына әсер ете бархан діріліне келтіреді. Бұл дыбыс бірнеше арақашықтықа естіледі, бірақ жаңбырлы күндері бархан «әңдетпейді».

Кварциттан тұратын Үлкен және Кіші қалқан құмды таулары биіктігі – 120 м және 4 км созылып жатыр. Алтын-Емел ұлттық паркінде айта берсек, әрі жері объект. Тіпті Мыңбұлақ кардонында 300 жыл өмір сүрген алып ағашты да алуға болады.

Бүгінгі күні Алматы қаласының сыртында демалу сәнге айналды. Әсіресе демалыс күндері демалушылар – Шарын жарқабағына барады.

Шарын жарқабағы - экзотикалық көрікті жерлердің бірі. Рельефтің желден және су шаюдан пайда болған формалары «Қорғандар аңғары», «Шайтандар шатқалы» мүсіндерімен ерекшеленеді.

Шарын - Шарын өзені бойымен солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа 154 км. созылып жатыр. Бұл аймақтың рельефі әртүрлі. Жарқабақтың бағаналары, баурай, жыралары 150-300 м. жетеді. Жарқабақ түсі Америкадағы Үлкен жарқабақтарға қарағанда ашық-қызғылт. Шарында жерде сирек кездесетін,

мұздану кезеңінен өткен ясень кездеседі. Сирек кездесетін согдиандық түрі 25 млн. жыл бұрын жер бетінде кең таралған, ал қазір қорғалатын аумақ. Негізінен демалушылар «Қорғандар аңғары», «Темірлік» т.б атаумен қалған жерлеріне барады [14, 30 б.].

Солтүстік Тянь-Шань тауындағы інжу-маржаны деп аталынатын –Көлсай көлдері. Жоғары тауда орналасқан қайындар арасындағы 3 көл Күнгеі Алатауы қыраты беткейінде жайғасқан. Бұл лагерь, жаяу сапарлар, ат пен тау-велоспорты саяхаттары үшін керемет орын.

Бірінші көл 1 818 м. биіктікте 1 км. созылған. Қолайлы қонақ үйлер, кемпингтер, жолдар бар. Орта Көлсай көлі (2 252 м.) – 1-ші көлден 5 км. жоғарыда орналасқан ары 4 км. орын тепкен.

Көп саяхатшыларға әлі таныс емес - Қайыңды көлі теңіз деңгейінен 2 000 м. биіктікте керемет қылқанды орман арасында орналасқан. Бұл 100 жылға жуық бұрын үлкен массадағы әктас нәтижесінде пайда болған. Оның үгінділері шатқалды бөгеп дамбаға айналдырған. Көл ұзындығы 400 м., тереңдігі 30 м. Су басып кеткен құрғақ шыршалар бұталары су бетіне шығып тұрады.

Жетісуда 50 жуық жартас бетінде түсірілген көріністер ескерткіштері бар. Олардың көп бөлігі қола дәуіріне жатады. Көне суреттердің қасында археологиялық ескерткіштер, ауылдар, қабірлер т.б. орналасқан.

1950 ж. аяғында Тамғалы қонысында көне сурет галереясын көрсететін қасиетті жартас суреттері табылған. Онда тарихтың 20 ғасырлық сыры жатыр. Қала ерте номад, түрік кезеңдеріне жататын 4 000 суреттер табылған. Суреттерде үй жануарлары, сайғақ, арқар, күн құдайлары, аңшылық, діни көріністер, құрбандыққа шалу сияқты көріністер бейнеленген. Тамғалы петроглифтер галереясы әлемдік маңыздылыққа ие қазына және ЮНЕСКО фонды қорғауына алынған. Тамғалы қазақшаға аударғанда «тайпалық белгімен таңба басқан» деген ұғымды білдіреді.

Көшпелі және отырықшы өркениеттің қосылған жерінде Сырдария даласында әлемнің көне қалалары өмір сүрді. Ғасырлар бойы осы жерде Қытайдан бастау алған, Таяу Шығыс пен Еуропаға апарған керуен жолдары – Тараз, Отырар, Испиджаб (Сайрам), Ясы қалалары Ұлы Жібек жолы бойындағы негізгі орталықтар болған. Жібек жолы сауда торабы б.з.д. 3 ғ. пайда болып, б.з. 17 ғ. дейін өз қызметін атқарған. 1 700 км. жол бөлігі Қазақстан территориясын алып жатыр.

Түркістан (Ясы) қаласы Дешті-Қыпшақ аймағының түркі халықтары діни-саяси орталығы және көне қазақ хандары астанасы болған. Қожа Ахмет Яссауи - түркі халықтарының діни оқытушысы болған. 14 ғ. Шейх қабірі үстінен атақты Әмір Темір керемет Ханока (суфшілік сарай) салады. Осы ханока маңында 15-16 ғ.ғ. қазақ хандары тақ-орны қалыптасты [15, 28 б.].

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі - орта ғасырлық қайталанбас қолөнер туындысы. Бұл керемет 30 түрлі бөлмелер мен залдардан тұратын сарайлар мен мешіттер кешені. Бас күмбез сыртқы диаметрі – 40 м. астам, қоршауы – 130 м., мұнара биіктігі – 12 м. Таң қаларлық декор, қабырғалар ою-өрнегі, мозайкадан

түрлі-түсті металика. Архитектуралық–археологиялық кешенге Түркістан мен Күлтөбе қалашығы, некрополь, мавзолейлер (15-14 ғ.ғ.), Жұма мешіті (19 ғ.), Үлкен Хильвет - жерасты мешіті (12 ғ.), шілдехана (14 ғ.), монша (17-19 ғ.), үлкен қақпасымен (18-19 ғ.ғ.) цитадельдің бекініс қабырғалары (19 ғ.) кіреді.

Халық наным бойынша, Түркістан жолында ең алдымен Қожа Ахмет Яссауи оқытушысы болған, 12 ғ. өмір сүрген Арыстан-баб мавзолейіне кірген дұрыс [16, 85 б.].

Көне Отырар қаласы (б.з.д 4 ғ.) – ірі сауда орталығы болған. Ол өзінің монша сарайы және кітапханасымен әйгілі. Бұл қалада орта ғасырлық ойшыл әл-Фараби өмір сүрген. 13 ғ. аяғында Моңғол әскерлері қаланы жермен жексен қылды.

Күшті Сауран бекінісі (10-18 ғ.ғ.) ерекше су жабдықталуымен әйгілі. Су және тұрмыстық заттармен қамтамасыз етілген қала жаудан бірнеше ай бойы қорғалған. Бұл керемет су құбыры туралы көптеген зерттеушілер әлі таңдануда.

Түркістаннан қашықта биіктеу далада көріпкел Домалақ-ана құрметіне Домалақ ана мазары бой көтерген. 1998 ж. ескі мазар орнына ақ мәрмәрдан мемориалдық кешен тұрғызылды. Бұнда 2 қасиетті тас бар. Олардың қасиеттілігі жүрегі таза адамдар ғана 2 тас арасынан өте алады екен.

Тараз қаласы – «Көпестер қаласына» 2 000 жылдан астам. Қаланың гүлденген уақыты Қарахан мемлекетінің астанасы болған 10-12 ғ.ғ. келеді. Қарахан және Дәуітбек мавзолейлері, басылар қорғандары, көптеген көне қабірлер жетерлік. Қазіргі Тараз маңайында әлемдік қолөнер туындылары тізіміне ЮНЕСКО-ға кірген көне архитектуралық Бабаджа-қатын және айша-Бибі мавзолейлері сақталған.

Көне жолдар қиылысында Шашадан (Ташкент) Шымкентке қарай ірі, халық тығыз орналасқан Сайрам (Испиджаб) - 6-18 ғ.ғ. қаласы бой көтерген. Қытай жолсілтеулеріне Сайрам «Ақ өзендегі қала» атауымен аталған. Сайрам ерекшелігі қасиетті мазарлар мен жерасты сарайларының көптігі [17, 40 б.].

Талас Алатауы бөктерінде тағы бір керемет бар. Көне нанымдарға сәйкес әлемдік су басу кезінде Қазығұрт тауында ноя түнеген екен. Дәл осы тауда, әлі күнге дейін топан су болғанның дәлелі Нұқ-Пайғамбардың кемесі тұр. Сондықтан да қасиетті орын деп саналады. Тағы бір қызығы дәл осы жерден жыл басы-наурыз басталады екен.

Жоғарыда аталған қалалар бастауы Қытайдан басталған Еуропаға дейінгі аралықты байланыстырып жатқан Ұлы Жібек жолы қалалары. Жібек жолы - сауда торабы ретінде б.з.д 3 ғ. пайда болып, 17 ғ. өмір сүрген. Қазақстан территориясымен 1 700 км. жол созылып жатыр. Бүгінгі күні бұл Оңтүстік Қазақстанның «Алтын дінгегі» [18, 93 б.].

Солтүстікте Батыс-сібір ойпатынан оңтүстікте Балхаш-Алакөл ойпатына дейін, шығыста Алтай, Сауыр, Тарбағатай сілемдерінен батыста Торғай аңғарына дейінгі аралықты қазақ халқы Сарыарқа деп атайды. Еуразия құрлығының орталығының орналасқан алып 2 000 км² созылып жатқан шексіз дала.

Сарыарқа даласында әлемдегі ең үлкен көлдердің бірі - Балхаш (18 мың

км² жуық) көлі орналасқан. Қазақтар оны «Ақ теңіз» деп атаған. Жартылай тұщы, жартылай ащы көл жағалауында керемет климаттық жағдайда космонавтар үшін реабилитациялық орталық орналасқан. Бұл аймақта әлемдегі бірінші Байқоңыр ғарыш айлағы бар. Байқоңыр XX ғасыр керемет техникалық жетістігі. Мұнда космос кемелері, старт алаңы, космонавтар тарихы мұражайына арнайы турлар ұйымдастырады.

Көптеген курорт, емдеу орындары, емдік батпақтар, минералды сулармен Көкшетау және Бурабай Ұлттық табиғи парктері әйгілі. Көкшетау қайыңды ормандарында 80 астам көл бар. Ең терең көл - Щучье, Жеке - Батыр қыраты етегінде орналасқан. Көкшетау орманды баурайында Оқ-Жетпес жартасы бой көтереді және оның ең қиыр басы жатқан пілге ұқсайды. Дәл осы бөктерден көгілдір шығанақ - Бурабай көлінің ортасында Жұмбақтас жартасы көз тартады. Оның биіктігі 18 метр.

Батыс Қазақстанда Каспий теңізі бассейнде Еуропа мен Азия қиылысады.

Қарақия ойпаты (-132 метр) Синайдағы Өлі теңізден кейінгі әлемдегі ең төмен жер. Орта ғасырда қазіргі Манғышлақ қаласы Ұлы Жібек Жолы өткен. Көне жолдар бойымен керуен сарайлар, Сарташ, Алта, Шерқала, Кетік қалашықтары сақталған [19, 21 б.].

Бұл өлке тарихи – архитектуралық ескерткіштер: Бекет – ата, Шақпақ – ата, жерасты мешіттері, Есет – батыр мемориалды кешені сақталған. Тек некропольдердің өзі 600 жуық әртүрлі сапарлар «түйе керуені» жолымен Александров үңгірлері, тарихи орындарымен автожүріс ұйымдастырылады.

Қорытындылай келгенде, дегенмен елімізде Алматы және Астана еліміздің басқа қалалары арасында шетелден келетін туристер саны жағынан көш бастап тұр. Қазақстанға келген шетелдіктердің 70 пайызы Алматыға ат басын бұрмай кетпейді. Сондай-ақ туризм дамуы жолындағы кедергі жасап отырған мәселенің бірі қаламызда туристерге саяхаттық қызмет көрсететін мамандандырылған мекемелердің жоқтығы және экономкласс қонақүйлерінің жетіспеушілігі», дейді қала әкімі. Мамандардың пікірінше, туризмнің мәдени-танымды, экологиялық және тау шаңғысы түрлері тартымды.

«Алматы» қаласының тартымды туристік бейнесін қалыптастыруға нақтылы кешенді шараларды жүзеге асыру барысында ғана қол жетеді. Алматы - Еуразиялық континенттің маңызды және ыңғайлы жерінде орналасып, Ұлы Жібек Жолының транзиттік пункті болып табылады. Сонымен қатар қаламыз туризмнің әрі қарай дамуы мен жетілуіне үлкен мүмкіндіктері бар тарихи қала.

2 Алматы қаласындағы туристік-экскурсиялық қызмет нарығының қазіргі жағдайына талдау

2.1 Алматы қаласындағы туристік-экскурсиялық қызмет сипаттамасы

Тарауды бастамас бұрын, Алматы қаласының тарихына қысқаша тоқталып өткенді жөн көрдім. Алматы қаласының ресми түрдегі тарихы 1854 жылы Кіші Алматы өзені маңында қаланған Верный атты орыс қамалынан басталады.

Алайда қала тарихының тамыры тереңге кеткен. 16 ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген мемлекет қайраткері, ақын, әрі жазушы Захириддин Мұхаммед Бабырдың еңбегінде мынадай мәліметтер кездеседі: Ферғана – бесінші климаттағы облыс, игерілген жерлердің шекарасына орын тепкен; оның шығысында – Қашқар, батысында – Самарқанд, Баданқаш шекарасының оңтүстігіндегі тауларда, солтүстікте атаулар Таразкент кітаптарында жазылған Алмалық, Алматы және Янги сияқты қалалар ертеректе болғандарымен, бірақ оларды монғолдар қиратып, жермен-жексен еткен. Қазір аталған жерлерде елді мекен мүлдем қалмаған. Мұнда болашақ Алматының орнында орналасқан және Алматы деген атқа ие болып келген ортағасырлық қала туралы айтылады. Алматы елді мекені жөнінде Бабырдың замандасы Мұхамед Хайдар Дулати да өзінің «Тарих-и-Рашиди» шығармасында қолтаңба қалдырған.

Бүгінгі Алматы – жеңіл өнеркәсіп пен тамақ өнеркәсібінің аса ірі орталығы болды. Алматы – темір жолдардың, автомобиль жолдарының және әуе қатынасының маңызды тарабына айналды.

Тарихи шолуда Алматының байырғы кезеңнен бері қала болып келетіндігін аңғардық. Ғасырлар бойы күйреп, қайтадан қалыптасып отырған қаланың мәңгілер санатына жатқыза алатынымызға көз жеткіздік. Тарихтың Алматыға мындаған туристерді тартпауына кім кепіл!

Табиғаттың осындай әсемдігіне ата-бабаларымыз өткен ғасырларда-ақ назар аударған.

Бұл аймақтағы денсаулықты сауықтыру, емдік мақсатындағы рекреациялық объектілердің дамуына климаттың қолайлығы және минералды бұлақтардың болуы тікелей әсер етеді.

Алматы қаласы мен Алматы облысындағы туризмнің дамуының табиғи алғышарттары.

Алматыда континенттік климат қалыптасқан. Климаттық жағдайы – желсіз тымық ауа райы және ауа қабаттарының тау аңғарлары арқылы төмен қарай ығысумен ерекшеленеді. Ауаның көпжылдық орташа температурасы +9 +7. Алматы қаласы, Іле бойы жазығының оңтүстігін ала Тянь-Шань тау селімдерінің солтүстігінде орналасқан. Республика жерінің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі Іле Алатауының солтүстік беткей баурайында, теңіз деңгейінен 700-900 м жоғары үлкен және Кіші Алматы өзендері аңғарларында орналасқан. Солтүстік жағында қала территориясы сәл еңістеу жазыққа ұласты. Атырабының 600 метрден жоғары орналасқан өңірі – қалың ағаш өскен

шырайлы алқап. Алматы альпілік сипаттағы тау массиві – Іле Алатау антиклинорийінің солтүстік қанаты етегінде.

Алматы қаласының орталығы мен қаланың сыртқы аймақтарында да экскурсиялық объектілер баршылық.

«Сайран» бөгені – Үлкен Алматы өзенінің арнасындағы жасанды су айдыны. Қаланың оңтүстік-батыс жағында, 1971 жылы арнаға бөгет салынудың нәтижесінде қалыптасты. Бөгеннің жалпы ұзақтығы 3,6 км, енді жері 1,4 км толған кездегі көл 2,3 млн. м, тереңдігі 12,1 м, ең терең жері 18 м. Демалыс зонасына айналдырылған.

Орталық мәдениет және демалыс паркі. Қаланың шығыс жақ бөлігінде орналасқан, 100,4 га жерді алып жатыр (1981), оның ішіндегі жасыл желек массиві 70 га-дан астам. 1856 жылы Кіші Алматы өзенінің Верныйдан өтер тұсындағы оң жағасына «Қалалық қазына бағы».

Осындай қиын кезеңде, яғни 1882 жылы бақтың меңгерушілігіне Э.О.Баум тағайымдалды. Оның ғылыми басшылығымен бақ аз уақыттың ішінде қалпына келтірілді, кейбір ағаш қайта отырғызылды, ағаш және гүл түрлері көбейтілді.

Бұл күнде парк – еліміздегі аса көрікті және демалуға қолайлы бақтардың бірі. Мұнда 2-мыңнан астам өсімдік түрі кездеседі, жасанды су айдыны, 16 ірі аттракционы, оқу және шахмат павильоны, кинотеатр, спорт комплексі (Спартак стадионы және велотрек), ашық эстрада, би алаңы, тамақтану орындары (ресторан, кафе) т.б. халыққа мәдени-ағарту және тұрмыстық қызмет көрсететін орындар бар.

«Жиырма сегіз гвардияшы панфиловшылар» атындағы парк, Гоголь мен Қонаев көше қиылысында орналасқан. Өткен ғасырдың 70-80 жылдары 10 га жерге отырғызылған бұл жасыл желек массиві алғашқыда А.С.Пушкин сквері аталады. Конфигурациясы реттелген сквер 1900 жылы Федерациясы паркіне айналды. Ұлы Отан соғысы кезінде Алматыда жасақталған 316-атқыштар дивизиясы құрамындағы 1075 полкі 4-ротаның 2-взводы жауынгерлерінің Москваны қорғаудағы көрсеткен ерлігі құрметіне 1942 жылы 29 сәуірде Жиырма сегіз гвардияшы панфиловшылар атындағы парк аталады. Ауданы 18 га шырша, көк терек, үйеңкі, қарағаш, емен және қарағай басым өседі.

«Түркісіб» санаторийі. Қаладан 8 км, Іле Алатауының бөктерінде орналасқан. 1934 жылы ұйымдасқан «Түркісіб» демалыс үйі негізінде 1946 жылы құрылған. Санаторий жыл бойы істейді. Мұнда өкпе, тыныс органдары және нерв жүйесі ауруларына шалдыққандар қабылданады. Негізгі емі – жеңіл теріс заряды аэроионды иондағы тау ауасы, ионбронды, оттекті, көмірқышқылды, азотты т.б. ванналар, сондай-ақ физиотерапия.


«Каменское плато» - қымыз және ауа райымен емдейтін санаторий. 1932 жылы ашылған. Іле Алатауының солтүстік беткейінде, теңіз дейгейінен 1370 м биіктікте, қаладан 10 км, жыл бойы жұмыс істейді, бір мезгілде 350 адам қабылдайды. Өкпе туберкулезбен ауырғандар, қол-аяқ, бүйрек т.б. туберкулез ауруларынан емделеді. 1971 жылы 75 төсектік урогинеколог бөлімі ашылды. Жақсы жабдықталған рентген, физиотерапия, функциональды диогностика,

емдік физкультура, тіс т.б. кабинеттер және клиникалық, биохим, бактериология лабораториялар бар.

«Алмаарасан» курорты. Іле Алатауының көркем табиғатты алқабына, теңіз деңгейінен 1800-1850 м биіктікте. Алматыдан 26 км. 1931 жылы ұйымдастырылды. Емге пайдаланатын шипалы суында радон, сульфат, карбонат, натрий қосылыстарының әлсіз минералданған ертінділері. «Алмаарасан» курортында нерв жүйесі, буын зақымдары, тері аурулары және әйел аурулары мен сырқаттанғандар емделеді. «Алмаарасанда» арнаулы бұлақ, әр түрлі лабораторлар мен емдеу бөлмелері, емдік физкультура бөлмелері бар.

«Орталық стадион» ірі спорт комплексі. 1955 – 1967 жылы іріге көтерді. Абай даңғылы мен Есентай өзенінің қиылысында бір кварталды алып жатыр. Комплекс құрамына спорт аренасы – стадион, футболшылардың жаттығу алаңы, спорт ойындарының Кіші стадионы, Жабық және ашық жүзу бассейні, Спорт сарайы, жеңіл атлетика манежі, ашық теннис корты, спорт алаңдары енеді. Негізгі спорт аренасы 1958 жылы архитектор А.Қ.Қапанов пен А.Я.Коссовтың жобасы бойынша салынды.

«Медеу» - жасанды мұз айдыны бар, дүние жүзіндегі ең ірі қыстық спорт комплексі. Кіші Алматы өзенінің Медеу қонысына иек артқан жерінде, Алматыдан 18 км, теңіз деңгейінен 1691,2 м биіктікте орналасқан. Табиғи мұз айдыны ретінде 1951 жылдан жарыстар өткізіле бастады. Тау суының мөлдір мұзы, айдынның жарыс өткізуге қолайлы, жел өтінен қаға беріс, әрі ауа қысымы сирек жерге орналасуы. «Медеу» мұз айдынының орнынан «Медеу» спорт комплексі ашылды (Сурет 6). Жасанды мұз айдынының ауданы 10,5 мың м, коньки жарысына лайықталған 3 сырғанау жолы бар.



Сурет 6 – Алматы қаласының ішкі экскурсиялық объектілері

Туризм адамның іс-әрекеттерінің саласының ерекше көріністегі ресурстық

кейіпіндегі, өнеркәсіптік, орман шаруашылығы, балық аулау мен ауылшаруашылығымен бағытталып келеді. Туризм территориялық тұтынушы ретінде тек ауылшаруашылығы мен орман шаруашылығынан кейінгі орында тұр. Былайша айтқанда табиғатына нұқсан келтірілмеген үлкен аумақтарға талап қоя тұра, өзінің дамуының шектеулі мүмкіндіктерге ие.

Рекреациялық мамандылықтың мөлшеріне байланысты рекреациялық жер қолданудың үш негізгі типін бөліп көрсетуге болады:

- Рекреацияның жоғарғы интенсивті территориялар, бұл жерде басқа жер қолданушылар мүлдем жоқ немесе олар екінші рөлге ие (парктер, жағажайлар және басқа да баршалық демалыс орындары.);

- Орташа интенсивтілікті территориялар, біркелкі экологиялық және өндірістік функцияларды атқарады (қала маңындағы жасыл желектер, эрозияға қарсы ормандар және тағы басқалар);

- Кішігірім рекреациялық маңыздылықты территориялар.

Жер телімдерін бөлудің көптеген альтернативалық жайлары екінші типтегі рекреациялық жер қолдануға жатқызылады. Алматы облысы Жетісу деп аталған территорияны, республиканың оңтүстік шығысын түгелдей алып жатыр. Солтүстікте ол Шығыс Қазақстан облысы мен Орталық Қазақстан облысымен шектеседі де, бұл шекара ірі көлдердің шынжырымен: тұщы-ашы Балқаш көлі; Алакөл, ащы-Жалаңашкөл, тұщы – Сасық көл мен Ұялы көлдерімен жалғасады. Шығысында Қытаймен, Жоңғар Алатау жотасы. Оңтүстігінде Іле Алатау тау жоталары, Күнгей мен Теріскей Алатау жотасымен. Солтүстік және Орталық Тянь-Шань тауларымен, батысында Жамбыл облысымен шектесіп жатыр. Облыстың орталығы құмды шөл дала болып келеді. Облыстың ортасынан Жетісудағы ең ірі өзен Іле өзені бөліп тұр. Оның басы Алматы облысында басталып, кейіннен Қытайға бұрылып, қайта Қазақстанға ағады.

Облыста альпинизм мен таулы туризм үлкен сұранысқа ие. Шыңдар мен асуларға маршруттар 30-жылдары салынған, қазіргі кезде олардың көпшілігімен дүние жүзінің түпкір-түпкірінен келген туристер қолдануда. Ал мемлекеттің ең биік нүктесі Хан Тәңірі шыңында (6 695 м.) Халықаралық альпинистік лагерь орналасқан. Бұл лагерьде маусым айлары шыңға 2000-нан астам адам көтеріледі. Ауа-райының бірқалыпты болуы, жазықтардың, Іле Алатауының асулары мен шыңдарының қол жетімді болуы Алматы облысын белсенді туризмнің спорттық, археологиялық және тағы басқа түрлерінің орталығына айналдырды.

Рельеф. Алматы облысы бірнеше сағатта барлық ландшафтты зоналарды өтіп шығуға болатын (тропикалық және экваторлық зоналардан басқа) жер шарындағы аздаған жерлердің бірі болып табылады. Түріне қарай облыс территориясы екі түрлі күрт ерекше бөлікке бөлінген, оңтүстік-таулы және солтүстік жазықты. Облыстың оңтүстік пен оңтүстік-шығысында күшті Солтүстік Тянь-Шань тау жүйесі созылып жатыр. Ал солтүстік пен солтүстік батысын Балқаш маңының шөлдері алып жатыр. Солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай қозғалған адам шөлді, шөлейт пен жазықты (500-ден 1000 м-ге

дейінгі абсолюттік белгі), орманды дала мен орманды (1 000 нан 1 400 м-ге дейін), Тянь-Шань шыршасының орманы (1 400-2 700 м.), альпілік және субальпілік жазықтар (2 770-3 500 м.), мәңгі тоң мен мұздықтар (3 500 м-ден жоғары) [20, 7 б.].

Таулы сипатқа ие климаттық және ландшафтық факторлар жақсы психофизикалық регенерация болып табылады, сонымен қатар белсенді және белсенсіз туризмнің дамуына жақсы алғышарттар болып табылады [21, 45 б.].

Климат.

Табиғи алғышарттардың екінші маңызды элементі климат. Оның жалпы мінездемесімен қатар, территорияның рекреациялық жарамдылық деңгейіне топо-климаттық, тіпті микроклиматтық ерекшеліктері де әсер етеді. Ең маңызды болып ауаның тазалығы, температураның ауытқулары мен ылғалдылығы, тұмандардың сирек болуы мен желдерден қорғаныстың болуы болып табылады. Алматы облысының климаты күрт континенталдылығымен ерекшеленеді, бұл оның материктің орталығында орналасуымен, соған байланысты ашық теңіздер мен мұхиттардан алшақ орналасуына байланысты. Облыстың ең суық кезеңі қаңтар айы болып табылады, ал ең ыстық кезең шілде айы болып табылады. Қаңтар айының орташа айлық температурасы жазық жерлерде $-12,3^{\circ}\text{C}$ -тан $-14,1^{\circ}\text{C}$ -қа тең. Балқаш маңындағы суық кезеңнің ұзақтығы 5-айға жуық болып келеді. Тау етегінде орташа температура $5,6^{\circ}\text{C}$ -тан $6,6^{\circ}\text{C}$. Бұл жерлерде қыс қысқа болып келеді. Жаз айлары жазық жерлермен тау бөктерінде әдетте өте ыстық болып келеді. Шілденің орташа температурасы 20°C -тан $25,1^{\circ}\text{C}$. Алматы облысына қатты күн радиациясы тән болып келеді. Оның вегетациялық периоды 205-тен 225 күнге дейін, температуралардың жалпы қосындысы 4000° -қа тең. Таулы жерлердің климаты жазық жерлердікінен күрт ерекше болып келеді. Таулы жерлерде ауа температурасы әр-бір 100 метр биіктікке көтерілген сайын орташа есеппен $0,6^{\circ}\text{C}$ қанша төмендеп отырады. 4 500 метрден жоғарғы биіктіктерде тіпті жылы ай кездерінің өзінде теріс болып табылады. Территорияның максимум жауын-шашын деңгейі көктем жаз айларында байқалады [22, 29 б.].

Таулы жерлердің климаттық жағдайлары курорттар, санаторийлер мен демалыс үйлердің құрылысына жақсы келеді. Осылайша Алматы облысының климаттық жағдайлары қысқы болсын, жазғы болсын туризм түрлерін дамытуға қолайлы болып табылады [23, 21 б.].

Су ресурстары.

Іле өзені - Қазақстанның ең ірі өзендерінің бірі (1 439 км). Біздің мемлекет территориясында оның бірнеше күшті салалары бар: Шарын, Шелек, Түрген, Есік, Қаскелен. Су ағысы өте жылдам, орташа жылдық су шығысы 460 куб м/с . Іледегі су тасқыны сәуір айынан маусым айына дейін өтеді және оның салаларын мұздықтар суарып отырады. Іле өзені туралы аңыз бойынша баяғы өткен заманда бұл жерлерде жаман сиқыршы Балқаш пен оның көрікті қызы Іле тұрған дейді. Жас қыз Қаратал деген кедей балаға ғашық болып қалады. Алайда әкесі оның талғамына қарсы болады. Сол кезде қыз өз сүйіктісіне қашып кетеді. Олардың кездесуіне жол бермеу үшін Балқаш көлге айналып, екі жасты өзенге

айналдырады. Алайда оның ойы іске аспай қалады, екі жас Балқашқа ағып барып қосылыпты деседі мыс [24, 11б.].

Іле шөлді жерлермен кедергісіз ағып, тек Қапшағай ГЭС-да ғана қолдан жасалған 50 метрлік бөгетке тіреледі. Қазіргі кезде теңіз Алматы қаласының тұрғындарының демалыс орнына айналған. Жабайы табиғаттың көріністері көз аларлықтай әдемі. Табиғи көріністердің ауысуы таңқаларлықтай. Әдетте бұндайды көру үшін Шпицбергеннің мәңгі тоңынан Африканың шөлді жерлеріне дейін саяхаттау қажет болар еді. Ал бұл дегеніміз 4 000 шақырым.

Іленің атауы манголдың Илансу деген сөзінен шыққан, ол жылтырайтын деген мағынаны білдіреді. Іле өзенінің бассейнінің шартты түрде бірімен тығыз қатынасатын бірнеше туристік зоналарға бөлуге болады [25, 48 б.]:

Өзеннің жоғарғы бөлігі негізінен Алтын Емел табиғи ұлттық паркін көру мүмкіндігімен тартымды. Бұрынғы кезде парк негізінен шет ел туристеріне бағытталып жұмыс істеген, негізінен аң аулаумен айналысқан. Бірақ қазіргі кезде бүкіл дүние жүзінде табиғатты қорғау қағидасы кең ауқымды таралуда [26, 87 б.].

Ең жақсы қолданысқа енген аймақ Қапшағай су қоймасы болып табылады, алайда оны Есік көлдің деңгейіне жеткізу үшін әлі де көптеген жұмыстар атқару керек. Қаланың демалыс зоналарының жағдайы өте төмен, саяжайларда қызмет көрсету сапасы төмен, қазіргі таңда тек бағаның арзан болуы ғана туристерді тартуда. Бірақ оның өзі де жақын арада Ыстық көл мен Алматы арасындағы қысқа жолдың салынуымен аяқталуы мүмкін.

Өзеннің ортаңғы бөлігі тек 1998-2000 жылдары арасында туристік фирмалардың қоластында екінші демін алуда. Олар бұл жерге 1-2 күндік қайықпен серуендеп, Тамғалытас петрогліфіне автобустық турларды ұйымдастыруының арқасында жандана түсті. Демалушылардың өздерінің автокөліктерінің болуы, оларға өзен бойына тәртіпсіз келіп кетуіне жол ашуда. Бұл қиындықтарды шешудің бірден-бір жолы өзен бойына арнаулы тұрақтар салып, табиғи тарихи мұраларды үкімет қорғауына алу болып табылады. Өзінің бастапқы күйін сақтап қалған жер өзеннің төменгі бөлігі болып табылады. Мұны түсінген көптеген туристік фирмалар қазіргі кезде бұл жерлерде балық аулауды ұйымдастыруда. Өзен бойында орналасқан көлшіктерде жайынның көлемі таң қаларлықтай. Сонымен қатар бұл жерлерде шет ел туристеріне арнап бердинг ұйымдастырылуда. Бердинг дегеніміз жабайы құстарға бақылау орнату. Шет елде бұл демалыс түрі спортпен бір деңгейге қойылған. Бұның өзі шет ел туристерін тартуда үлкен ықпал етуі мүмкін.

Туризм саласында ең аз игерілген территория Балқаш болып табылады. Көл өзінің үлкен көлемі мен қызықтырады. Бұл жерде көптеп кездесетін орманмен жабылған аралдар демалыс ұйымдастырудың бірден бір тиімді орындардың бірі болып табылады. Туризмді дамыту мақсатында жағалауда орналасқан үкіметтік демалыс үйлерін қолдану өте тиімді болар еді. Таулы өзендерді спорттық мақсаттарда игерудің де көптеген болашағы бар. Туризмнің су түрі ең экологиялық таза болып табылады. Оның басты себебі туризмнің бұл түрінде демалушылар қозғалыстың тек табиғи түрлерін ғана қолданады.

Әуесқой спортшылар үшін үлкен қызығушылықты Шарын, Лепсі, Қаратал, Шелек, Тентек пен Көксу сияқты өзендер тудырады. Алайда бұл өзендер шет елден келетін демалушылар үшін таныс емес [27, 52 б.].

Шарын өзені өз басын Теріскей Алатаудан алатын екі күшті таулы өзендер Қарқара мен Кеген Іленің ең ірі салаларының бірі Шарын өзенін құрады. Оның ұзындығы 350 шақырым. Өзен өз басын 3 500-3 600 метр биіктіктен алып, Шарын 400 метр биіктікке түседі. Өзен Алматы облысының оңтүстік-шығыс бөлігімен, қорық территориясымен ағып өтеді. Туристерді осында мекен ететін жабайы: тау текелермен, еліктермен, сайғақтармен, кездесу күтеді. Құстарға келетін болсақ мұнда тау тауықтары кекіліктерді, үйректердің не бір түрлерін кезіктіруге болады. 280 км-ден 255 км-ге дейін өзен аңғары майысынқы келеді, жағалаудың биіктігі аласа, өзен түбі құмды болып келеді. 255 шақырымнан бастап күрт қисыңқы болып келеді, жағалауларының биіктігі 15-20 метрге тең. өзен аңғарының ені 8-12 метрге жетеді, тереңдігі 0,5-1,5 м. Судың ағысы жылдам болып келеді. Аңғардың мұндай сипаты 156-шы шақырымға дейін сақталынады. Төмендеген сайын өзен жіңішке аңғарға кіреді. Бұл жердің биіктігі теңіз деңгейінен 1 900 метрге тең. Ары қарай Шарынның ені 25 метрге тең, жағалаулардың биіктігі 45 метр құрайды. Өзен түбі үлкен таулы тастарымен көмкерілген [28].

Өзеннің бірінші сарқырама порогы Первенец деп аталады. Оның ұзындығы 200 метр. Келесісінің атауы Голубинный ол өзінің 8 шақырымға созылып жатуымен әйгілі. Змеиный порогы 1,5 шақырымға созылып жатыр, оның екі сарқырамасы бар, 0,8- 1 м биіктіктері. Тұлпар порогы 6 сарқырамаға ие, оның ең қиын жерлерінде толқындар биіктігі 1,5 метрге тең. Альбатрос порогы ең қауіпті болып саналады, әр бір 1 100 метрге 2-3 сарқырамадан келеді, ең биік сарқырама 3,5 метр. Шарынға барудың ең керемет кезі маусым айының ортасы мен қыркүйек айының соңы болып саналады. Шелек өзені - Іле өзенінің ең ірі саласы. Ол өз бастауын Чилико-Кеминдіке тау жүйесінің Жанғырық, Богатырь және Корженев атындағы мұздықтардан алады. Таулы бөлігінде өте асау, сарқырамалар құрады, жазыққа келген кезде көптеген бөліктерге бөлініп кетеді. Оның ұзындығы 240 шақырым, бассейнінің ауданы 5 349 км² [29, 31 б.].

Түрген өзені - Шет Түрген, Орта Түрген мен Кіші Түргеннің қосылуынан пайда болған. Ұзындығы 104 км, бассейнінің ауданы 929 км². Есік өзені - Тескенсу мен Жарсай өзендерінің бірігуінен туған. Бұл өзендер өз басын есік мұздықтарының тобынан алады. Өзеннің жалпы ұзындығы 110 шақырым. Бассейнінің ауданы 1 143 км². Талғар өзені - үш саладан тұрады: сол жақ (батыс) Талғар, орта Талғар және оң жақ (Шығыс) Талғар. Бұлардың барлығы өз бастауларын мұздықтардан алады. Олардың ең үлкен жерлері орта және сол жақ Талғарда орналасқан. Талғар өзенінің ұзындығы 99 шақырым, бассейнінің ауданы 643 км² [30, 36 б.].

Үлкен Алматы өзені - Көлалматы және Алматы өзендерінің қосылуынан пайда болған. Өз бастауын Іле Алатауының мұздықтарының тобынан алады. Ұзындығы 81 шақырымға тең, бассейнінің ауданы 461 км². Өзен бойында Алмарасан курорты орналасқан. Кіші Алматы өзені - өз бастауын Тұйық

мұздықтарының тобынан алады. Өзен ұзындығы 108 км, Бассейнінің ауданы 1 242 км². Өзен таулы аймақтарында Бутаковка, Горельник, Сарысай, Казачка және Кімасар өзендерін қосып алады. Өзеннің негізгі арнасы Алматы қаласының шығыс бөлігінен өтеді [31, 57 б.].

Күрті өзені - Іле өзенінің сол жақ ірі саласы. өз атауын Ақсенгір, Жереня және Көпі өзендерінің қосындысынан алады. Оның ұзындығы 109 шақырым, бассейнінің ауданы 13 мың км². Балқаш көлі. Балқаш-Алакөл ойпатының ең төменгі жағында орналасқан тұйық көл. Ол теңіз деңгейінен 342 метр биіктікте орналасқан. Аумақтың ең ірі көлі болып табылады. Жағажайлары әр келкі ландшафттық көріністерге бай. Туристік мүмкіншілігі де жоғары деп есептелінеді. Оның ұзындығы 600 шақырымға тең. Ең қызығы көлдің батысындағы су тұщы да, шығыс жағындағы суы - ащы болып келеді. Оңтүстік батыс бөлігінде судың түсі қоңыршыл сары келіп, ал шығысында көгілдір болып келген. Бұл батыс жағына Іле өзенінің құюымен түсіндіріледі.

Көлдің батыс бөлігінде балықтың 20 дан астам түрі мекен етеді: сазан, судак, балқаштық окунь, маринка және тағы басқалар. Бұл жер нағыс тростникті орман деуге болады, мұнда көптеген көлемде қымбат терісі бар андатра мекен етеді. өкінішке орай шаруашылық жүргізудің қисыпсыз болуына байланысты көлге құрып кету қауіпі тұр [32, 12 б.].

Қапшағай су қоймасы: су қоймасы Іле өзенінің бойында орналасқан. Құрылуы Қапшағай ГЭС салуға байланысты болды. 1970 жылы сумен толтырылды. Ауданы 1 847 км², ұзындығы 187 км², ені 23 км. Теңіз жағалауында көптеген туристік базалар орналасқан. Қапшағайда балықтың 26 түрін кездестіруге болады: жерех, табан балық, карась,. Шабак балық, карп және тағы басқалар.

Осында Қазақстанның 1 285 туристік ұйымы орналасқан. Олардың 711-і Алматы қаласында орналасқан (кесте 2). Мамандардың айтуы бойынша, қала 300 000 астам туристерді қабылдай алады екен.

2-кесте – Қазақстанда орналасқан туристік фирмалар саны

№	Аймақ	Жылдар			
		2008	2009	2010	2011 (қаңтар-наурыз)
1	Алматы қаласы	639	690	664	711
2	Республика бойынша	1 163	1 203	1 252	1 285

Е с к е р т у – ҚР 2011 жылғы статистикалық мәліметтері негізінде автор құрастырған

2-кестеден көріп отырған, жалпы Қазақстанда қазіргі күні 1285 туристік фирмалар жұмыс істейді. Олардың 711-і Алматы қаласында орналасқан. 2011 жылы олар 601521 адамға қызмет көрсетті.

Туристік қызметке жасалған талдау Астана және Алматы қалаларына шекараның арғы жағынан келген туристер сапары іскерлік мақсатта болатынын (іскерлік туризм) және олар сапалы әрі қызмет көрсетулердің толық

жиынтығын ұсынатын қонақ үйлерге тоқтағанды жөн санайтынын көрсетті. Туризм саласының дамуы арқасында шетел туристердің саны көбеюде (кесте 3).

3-кесте – Қазақстан Республикасы бойынша туристік фирмалармен жалпы қызмет көрсетілген тұтынушылар көрсеткіштері

Жылдар	Қаңтар-желтоқсан 2009	Қаңтар-желтоқсан 2010	Қаңтар-желтоқсан 2011	Қаңтар-маусым 2012
Қазақстан Республикасы	347 413	459 337	601 521	220 833
Алматы	168 165	232 678	298 227	88 124
Е с к е р т у – ҚР 2012 жылғы статистикалық мәліметтері негізінде автор құрастырған				

3-кестеден көріп отырған, туристік қызметке жүргізілген статистикалық зерттеулердің деректері және 2011 жылғы қорытындылар бойынша 2010 жылмен салыстырғанда тұтастай республика бойынша ішкі туризм бағытында қызмет көрсетілген туристер саны 142,184 адамға көбейген.

Елдің іскерлік орталықтары - ірі қалалардағы халықаралық деңгейдегі қонақ үйлер желісінің одан әрі дамуы дәл осы іскерлік туризмге байланысты болады .

Ал ішкі маршруттардағы қызмет көрсетілген туристер саны 2009 жылдан бастап 122 216-дан 189 502-адамға дейін өсті (кесте 4). Шетел мемлекеттерінің Қазақстанға қызығушылығы, туристік фирмалардың ішкі және сыртқы туризмді ұйымдастыру белсенділігі өсуде. 2000 жылы ішкі және сыртқы туризммен 20 фирма айналысса, қазіргі кезде олардың саны 50-ге дейін жетті.

4-кесте – Қазақстан Республикасы бойынша ішкі туризм бағытында қызмет көрсету көрсеткіштері

Жылдар	Қаңтар-желтоқсан 2009	Қаңтар-желтоқсан 2010	Қаңтар-желтоқсан 2011	Қаңтар-маусым 2012
Қазақстан Республикасы	122 216	157 988	189 502	71 549
Алматы	24 890	30 604	48 055	12 460
Е с к е р т у – ҚР 2012 жылғы статистикалық мәліметтері негізінде автор құрастырған				

4-кестеден көріп отырған, туристік қызметке жүргізілген статистикалық зерттеулердің деректері және 2011 жылғы қорытындылар бойынша 2010 жылмен салыстырғанда тұтастай республика бойынша ішкі туризм бағытында қызмет көрсетілген туристер саны 31,514 адамға көбейген.

Қорытындылай келгенде, Алматы қаласының әкімі «2008-2015 жылдары Алматы аймағында туризмді дамытудың аймақтық Бағдарламасының жобасы» деген тақырыпта кеңес өткізген болатын. Кеңесте Республика мен жалпы Алматы аймағында туризмді дамыту мәселелерін талқылады. Алматы қаласы

мен Алматы облысының басты міндеті туризмге қатысты мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады. Осыған орай, аймақта нақтылы жұмыстар орындалуда. Оған мемлекеттік органдар, туристік бизнеспен айналысып жүргендер, қоғамдық және ғылыми ұйымдар араласуда. Алматының Орталық Азияның туристік индустрия орталығы болуы үшін барлық мүмкіндіктер бар. Қазіргі кезде Азияда ойындарына қатысты барынша көлемді нысандар салу, басқа да қомақты шаралар қолға алынуда. Алайда, инфрақұрылымды дамыту, соның ішінде туристік эконом- кластарды жүзеге асыру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экология мәселелері түпкілікті шешілмеуде. Кеңеске қатысушылардың пікірінше, Қазақстанның негізі экспорт саласы – мұнай мен газға байланысты Алматы қаласы мен Алматы облысына қызығатын туристер көп болуы әбден мүмкін. Аймақтық туристік бағдарламаның басты мақсатына сай осы салада Қазақстанның халықаралық беделін арттыра отырып, қалада туристік индустрияны қалыптастырып, халықаралық деңгейде қызмет көрсетуге қол жеткізу керек.

2.2 Алматы облысындағы ресурстар және оларды туризм саласында қолдану

Алматы облысының территориясында бірнеше емдік бастауларда, курорттық орындар тіркелген. Алакөл көлі - Алакөл көлі Тарбағатай мен Жоңғар Алатауының арасындағы Алакөл ойпатында орналасқан. Сасықкөл, Ұялы, Жалаңашкөл және тағы басқа кіші көлдермен қосылып Алакөл көл жүйесін құрады. Көлдің ауданы 2 200-2 650 км²-ға жуық. Көлдің суы емді болып табылады, сонымен қатар онда Реликтік шағала мемлекеттік қорығы орналасқан. Қорық дүние жүзінде реликтік шағалардың мекендейтін жалғыз жері болып табылады. Алакөлде Балықтың: осман, губач, судак, окунь, маринка сияқты түрлері мекен етеді. Өзендердің жағалауында ондатра мекен етеді [33,126 б.].

Жалаңашкөл - Қытаймен шекаралас орналасқан емдік суы бар көл. Жасылкөл - Жоңғар Алатауында орналасқан, мәңгі тоңға жақын орналасқан. Көрікті пейзаж бен әдемі ландшафтты, қол тимеген табиғат пен су жамылғысының иегері. Қазанкөл көлі - Бұл Жоңғар Алатауында орналасқан таулы көл, қайталанбас таулы пейзажға ие.

Үлкен Алматы көлі - Үлкен Алматы өзенінен 10-12 шақырым жерде орналасқан. Көлдің ұзындығы бір шақырымға тең, ең үлкен ені 500 метр, ең терең жері 38 метрге тең. Көлдің суы тұщы. Көлд Алматы қаласының тұрғындарының сүйікті демалыс орындарының бірі болып табылады. Алматы облысың территориясында бірнеше емдік мекемелер, олардың жанында курорттар жұмыс істеуде. Карам минералдық су көздері - Шелек ауданында орналасқан, Алматыдан шығысқа қарай 125 шақырым жерде орналасқан. Ішек, жүйке жүйесін, бауыр, панкреатин және тағы басқа ауыруларды емдеу ұсынылады. Тау –Түрген ыстық су көзі – Түрген су көздері Алматыдан 60 шақырым, Түрген ауылынан 20 шақырым жерде орналасқан. Су температурасы

+27°. Ол таулы жерде 1400 метр биіктікте орналасқан. Химиялық құрамы жағынан ол сульфатты-натрилі-кальцилі термаға жатады. Ол ежелден ақ жақсы атаққа ие [34, 191 б.].

Алмарасан су көзі - 1780 метр биіктікте Алматыдан 25 шақырым жерде орналасқан. Қазіргі кезде емдік су жанында бальнеологиялық курорт Алмарасан жұмыс істеуде. Бұл жердің минералды сулары температурасы 9° тан 38° болатын 16 түрлі құрамдағы сулар берілген. Құрамы бойынша су күкірті сутекті- сульфатты-карбонатты- мырышты термаға жатқызылады. Аяқ – Қалқан Іле өзенінің сол жақ беткейінде құмды жағалауда емдік сулар атқылауда. Бастау жер бентіне арасы 10-15 шақырым болатын үш жерден шығады. Қазақстан бойынша минералдық құрамы ең жоғары болып табылады. Минералдық деңгейі бойынша су Кавказ – Эссентук пен Цхалтубомен пара пар келеді. Горельник су көзі. Күкіртті су көзі Алматыдан оңтүстікке қарай 22 шақырым жерде, теңіз деңгейінен 1930 метр биіктікте орналасқан. Су температурасы +22° тең де, құрамы бойынша Алмарасанның аналогы болып табылады. Боралдай сазды көлі. Көл Іле өзенінің жағалауында, Маловодный, Шелек тұрғылықты жерлерінен 40 шақырым жерде орналасқан [35, 156.].

Мыңбұлақ. Шолақ тауы Матай тауына ауысқан жерде шөлейт жердің бойымен оазистер орналасқан. әр бір оазис жер бетіне шыққан бұлақтардан тұрады. Осыдан атауын алған. Бұлақтар пайда болуымен Матай тауына тәуелді, ол жерде топырақ асты сулары Іле өзеніне қарай бет алады да, кейбір жерлерде жер бетіне шығады. Кейбір кездерде талдардың арасынан қызғылт түлкіні немесе оның жақын туысы карсақты көре аласыздар. Кей бір кездерде бұлақтарға су ішу мақсатында Қарақұйрықтар келеді [14, 12 б.].

Алматы облысының ерекше қорғалатын табиғи территорияларын қолдану

Территорияларды қолдану барысында, соның ішінде туристік қолдануда да табиғаттың ең құрымағанда бір бөлігінің бастапқы қалпында сақтап қалу және мәдени-тарихи маңызы бар жеке, мемлекеттік, қоғамдық немесе бүкіл дүние жүзі үшін маңызды болып табылатын жекелеген қолдан тұрғызылған (жасалған) объектілерді сақтау барысында дүние жүзінің барлық елдерінде арнаулы жер телімдері немесе су аймақтары бөлініп, олар қорғалатын территориялар болып жарияланған. Бұл жерлерде тек өсімдік және жануарлар әлемінің дамуын қолдау үшін немесе қолдан жасалған объектілерді сақтау мақсаттарынан басқа адамның шаруашылық іс-әрекеттеріне қатал тиым салынған немесе мүлдем тоқтатылған. Солардың ішінде мысалға алсақ келесі ерекше қорғалатын табиғи территорияларды атап көрсетуге болады [16].

Ғылыми қорық: тек ғылыми мақсаттарда қолданылатын территория, мысалға алсақ – Алматы қорығы.

Ұлттық парк: ұлттық немесе халықаралық деңгейде ерекше табиғи және ландшафттық территорияларды қорғау үшін, сонымен қатар ғылыми, танымдық, демалыс мақсаттарында құрылады. Әр түрлі мемлекеттерден 300 - ден ден астам ірі ұлттық парктерді атап көрсетуге болады. Алматы облысында бұл «Іле Алатау» және «Алтынемел» ұлттық парктері [29, 166.].

Табиғат ескерткіштері: табиғи немесе қолдан жасалған мәдени-тарихи

ескерткіштер. Негізінен белгіленген табиғи ескерткіштер мен объектілерді қорғау мақсаттарында құрылады. Оларға мынандай объектілер мен ескерткіштерді жатқызуға болады – Шыңтүрген шыршалары және реликтік қарағайлы алқабы. Жабайы аңдар қорығы (қорықша) – жануарлардың жекелеген түрлерінің популяциясын, биологиялық түрлердің топтарын сақтау мақсаттарында құрылады. Алматы облысының аумағында бұндай территориялар саны 8: Алматы (кешенді), Жоғары Көксу зоологиялық, Қоқан зоологиялық, Лепсі зоологиялық, Тоқты зоологиялық, Балқаш өңірі зоологиялық, «Іле дельтасы» зоологиялық, Қарой зоологиялық өкөрықшасы [17, 83 б.].

Қорғалатын ландшафт – табиғи ландшафтың ерекше құбылыстары мен көріністерін құрайтын табиғи кешендерді қорғау мақсаттарында бөлінген жер телімдері. Бұл жерлер аумағында жолдарды, құрылыстарды, өндіріс объектілерді, электр желілерін тұрғызуға тыйым салынған. Бұл территориялар қоғамдық қолданысқа туризм мен демалыс мақсатында ауданның күнделікті өмірі мен экономикалық іс-әрекеттері шегінде беріледі. Мысалы: табиғи ескерткіш Шарын каньоны, сонымен қатар адамдардың қолдан жасалған, жануарлар мен өсімдіктердің қайталанбас немесе жойылу қауіпі туған түрлері жиналған жерлер жатады. Олардың қатарына: Алматыдағы бас ботаникалық бағы, Іле ботаникалық бағы, Алматы зоологиялық паркі жатады [17].

Туризм Қазақстанда шаруашылық іс-әрекеттің маңызды бөлігі болып отыр және кей-бір қорғау латын аймақтарда жобалы түрде жүргізіліп отыр.

Дүние жүзінің көптеген елдерінде, қорғауға алынған территорияларда ұлттық парктер мен резервациялардағы іс-әрекеттер негізінен өзін-өзі қаржыландыру мен табиғатты қорғаудың тетігі болып табылады.

Алайда олар ұлттық юрисдикция шегінде болмаған кезде, көптеген жағдайларда парктер мен қорғалатын территориялар орналасқан мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның бюджеттік қаржыландыруында болады. Бұл үшін туризмді жобалау мен басқару іске асырылады және территорияның немесе объектінің сийымдылық көрсеткіштері ескеріледі [26, 276.].

Парктер жоғарғы үкімет органдарының шешімімен немесе сонымен келісу арқылы халықаралық ұйымдардың шешімімен (мысалы – ЮНЕСКО) құрылады [22,196.]. Келесі тарауда жоғарыда аталып өткен ерекше қорғалатын территориялардың кейбіреулерімен танысып өтеміз.

Алматы қорығы

Алматы қорығы - Іле Алатауының орталық бөлігіндегі табиғат байлығын қорғау және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында 1931 ж. құрылған мемлекеттік қорық. Ауданы 73,34 мың га (1997). Алматы қорығының құрамына теңіз деңгейінен 1400 - 5017 м биіктікте орналасқан Талғар тау жоталары енеді. Ол 4 биіктік белдеуден тұрады. Оның орманды-дала белдеуінде (1300 - 2600 м) алма, өрік, долана, қарақат, итмұрын, ұшқат өседі. Жабайы жеміс ағашты орман Тянь-Шань шыршасынан тұратын қылқан жапырақты орманға (1400 - 2800 м) ауысады. Ал субальпі белдеуі (2600-3000 м) жартастар мен құлама шөгінділерден және шөбі аласа альпі шалғынынан тұрады. Одан жоғары (3800 метрден биік) белдеуді ұдайы мұз басқан құздар алып жатыр.

(қорықта өсімдіктердің 1300-ден аса түрі кездеседі, оның 112 түрі ағаштар мен бұталар, Алматы қорығы жануарлар дүниесіне де бай.

Онда сүтқоректілердің 40 (барыс, қоныр аю, тас сусар, марал, таутеке, арқар, елік, суыр, тиін т.б.), құстардың 200-дей түрі (самырсын құсы, шырша торғай, тоқылдақ, бұлбұл, үкі, кептер, қара және сары шымшық, құр, ұлар. қозықұмай. сушыл торғай, арша ементұмсығы т.б.) бар. Бауырымен жорғалалаушылардан: алай кесірткесі, қалқантұмсықты жылан; қосмекенділерден: көлбақа мен жасыл құрбақа кездеседі. Қорықта ғылыми жұмыстар жолға қойылған. Ғалымдар орманның қалыптасу заңдылықтарын, өсімдіктер мен жануарлар экологиясын және олардың биологиялық ерекшеліктерін зерттейді. Қорықта көп жылдан бері «Табиғат шежіресі» атты күнделік жүргізіліп, онда жинақталған ғылыми мәліметтер Алматы қорығы туралы 9 томдық кітапта баяндалған [31, 19].

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер

Қазақстан Республикасының ұлттық парктері қазіргі кезде өзінің даму кезінің алғашқы кезеңін кешуде, әсіресе ғылыми мекеме ретінде. Оларға ғылыми жұмыстар қаржыландыру көзінің аздығы мен квалификациясы жоғары кадрлардың аздығымен түсіндіріледі. Осыған қарамастан Іле Алатау ұлттық паркі 1993 жылы өз күшімен Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының ғылыми мекемелерін жұмылдыра отырып алғашқы ғылыми зерттеу жұмысын бастады. Жаңа құрылған ұлттық парктің негізгі ғылыми жобасы болып ұлттық парктің табиғи инвертиризациясын жүргізу болып табылады [32, 296.].

Парк территориясында бірнеше шағын шатқалдар бар. Олар бөлек табиғи объектілерден: минералды орындар, қыраттар, мұздықтар, көлдер мен сарқырамалардан тұрады. Олар табиғи объектілер категориясы болып 1981 жылы бекітілген кеңес органдары құрған, табиғи ескерткіш болып танылған. Олар барлығы 22. Мұның ішінде тек біреуі ғана республикалық маңыздылықтағы табиғи ескерткіш статусына ие және 1986 жылдың 17 ақпанында Қаз ССР министрлер Кеңесінің № 69 қаулысымен бекітілген. Ол Шынтүрген шыршалары. Ал қалғандары жергілікті маңыздылықтағы табиғат ескерткіштері болып табылады.

«Алтынемел» ұлттық табиғи саябағы – 1966 жылы 12 қаңтарында Қаз ССР министрлер Кеңесінің қаулысы бойынша Үлкен және Кіші Қалқан табиғат ескерткіші «Әнші құммен» бірге ауданы 17 мың га құрайтын қорық болып құрылып Алматы қаласының жанындағы Іле Алатауында орналасқан Алматы қорығының басшылығына берілді. Алайда территорияның негізгі қорықтан алшақ орналасуы «Әнші құм» қорғау жұмыстарын жүргізуге кедергі жасады, сол себепті 15 жылдан соң қорық Алматы қорығынан бөлініп, қорық статусын сақтап Қапшағай аң аулау шаруашылығына берілді. Ол Шолақ, Матай тауларымен Мыңбұлақ пен оның жазықтығының аумағын алып жатты. Бұл жерлер қайталанбас көрініске ие. Құмнан жасалған таудың ұзындығы 1,5 км, ал биіктігі 120 метрге тең. Бархан екі қалқанның ортасында орналасқан. Ол жел әсерінен Іле өзенінің жағалауынан көшкен құмның жиналуынан пайда болған.

Құрғақ кезде құм бархан бойымен жылжып, содан дыбыс пайда болады. Табиғаттың бұндай құбылысы жер шарының басқа жерлерінде де кездеседі: Аравия шөлінде, Гавай аралдарында, Америка, Қытай, ТМД (Қара теңіз, Балтық және Ақ теңіз, Днепр, Байкал жағалаулары) [33].

Әнші құмдар ландшафты табиғат ескерткіші туристерді қызықтыратын жерлердің бірі. Ол Кіші және Үлкен Қалқан тауларының ортасында орналасқан. Оның көлемі 240га, және екі үлкен барханнан тұрады, оңтүстігінде 150м, солтүстігінде 100м биіктігі бар бархандар. Ұзындығы 3км, ені 2км, теңіз деңгейінен биіктігі 600-650м құрайды. Табиғаттың мұндай таңғажайыптары әлемде оннан аспайды. Олар: Қытайда, Аравия мен Америкада, Ресейде, Англияда, Канадада, Гавай аралдарында, Риж теңізінде, Коль түбегінде кездеседі. Міне, көп жылдардан бері, георафтар осы жартасты-далалы жердегі құмды төбенің шығу тегі туралы жұмбақтың шешімін таба алмай дал болуда. Біреулері бұл құм Іле өзенінен келген десе, басқалары оны жел өтінің таңқаларлық құбылысы дейді. 150м биіктігі бар құм төбенің ауа райының құрғақ күндерінде шығаратын дыбыстары, ғалымдар үшін әлі жұмбақ болуда. Дыбыс орган аспабында ойнайтын әуенге де, реактивті самолеттің гуіліне де ұқсайды. Физиктер болса құм төбеден шыққан дыбысты қиыршық құмның желдің әсерінен бір-біріне үйкелісуінен және кристалдық электрленуден деп түсіндіруге тырысады. Бірақ та бұл туралы жергілікті халықтың өз болжамы бар. Олардың бірінде құмның ішін жын-шайтан жайлаған десе, ал кейбірі – онда дуаланған қыз бар дейді. Тіпті де, сусылдаған құмның төбесіне шыға алған адамның бар тілегі орындалады, ал егер ол құмда адасса ол өте күнахар адам болғаны. Құм төбенің дәл етегінде суы мөлдір таза бұлақ. Халық арасында оны емдік қасиеті бар, көптеген ауруларға ем болатын киелі су дейді. Дәл осы жерге, Ресейден Қашғарияға сапарында Ш.Уәлиханов дем алуға аялдаған екен. Ол осы бір ғажап жазира туралы жазбаларында қалдырған, кейіннен ол жер Уәлихановтың атымен аталады. Қарлы сарқырамасы да өзінің тамаша табиғатымен туризм объектісінің бірі болып, саналады

Жалпы аумағы 2978,9 мың гектар жерді алып жатқан табиғи қорықтардың 23 пайызын (686,5 мың га) орманды алқап жапса, 10,4 пайызын (314,4 мың га) су қорлары құрайды екен. Солай бола тұра, Қазақстанның ерекше қорғаудағы территориялары бүкіл ел аумағына шаққанда 1 ғана пайызын құрайды. Бұл әлемнің өзге 10 пайызға дейін жететін елдерімен салыстырғанда анағұрлым аз көрсеткіш. Осы қорықтар мен табиғи мекендерде 2108 адам қызмет істейді. Төменде берілген кестеден ҚР қазіргі таңда қызмет ететін ұлттық табиғи парктер тізімін көруге болады (кесте 5).

5-кесте – Қазақстандағы Ұлттық парктер тізімі

Парктердің атауы	Көлемі,га	Орналасқан жері
Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	68 453	Павлодар облысы
«Іле Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	199 703	Алматы облысы

5-кестенің жалғасы

«Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	161 153	Алматы облысы
«Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	182 076	Ақмола облысы және Солтүстік Қазақстан облысы
Қарқаралы мемлекеттік ұлттық	112 120	Қарағанды облысы
«Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	83 511	Ақмола облысы
Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	643 477	Шығыс Қазақстан облысы
«Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	127 050	Алматы облысы
Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	149 053	Оңтүстік Қазақстан облысы
«Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	161 045	Алматы облысы
Е с к е р т у – [33] әдебиет негізінде автор құрастырған		

5 кестеден көріп отырған, жалпы табиғи ұлттық саябақтардың басым бөлігі Алматы облысында. Олар «Алтын-Емел», «Шарын», «Көлсай көлдері», «Іле-Алатау» мемлекеттік ұлттық саябақтары орналасқанын көруге болады. Қазақстан қорықтары мен ұлттық саябақтары сирек кездесетін аңдар мен өсімдік түрлеріне де бай.

Қазіргі кезде паркті қорғау жұмысы әлі де дұрыс жүргізілмеуде, парк территориясы қоршалынбаған, арнайы хабарландырулар қойылмаған.

Алматы облысының қорықшалары.

Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарларды қорғау мақсатында Алматы облысының Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ және Райымбек аудандарының аумағында 1978 жылы құрылған мемлекеттік қорықша. Теңіз деңгейінен 1000-3400 метр биіктікте орналасқан. Ауданы 724 мың га. Қорықшада өсімдіктің 590-нан астам түрі (мүк, қына, саңырауқұлақ, жабайы алма, өрік, долана, сарыағаш, ұшқат, т.б.); аң мен құстың 180 түрі (марал, арқар, таутеке, елік, жабайы шошқа, барыс, аю, сілеусін, ұлар, кекілік, бұлдырық, жетісу қырғауылы т.б.) мекендейді. Алматы қорықшасында тіршілік ететін Тянь-Шань қоңыр аюы, шұбар күзен, Орта Азия тас сусары, Түркістан сілеусіні, Алтай арқары, барыс, орақ тұмсық, сақалтай, жұртшы, бүркіт, көкқұс Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Сондай-ақ онда тоғай бұғысы, бұлғын, қоян, сары шымшық пен ақ тиын жерсіндірілген.

Қарой мемлекеттік қорықшасы – Республикалық маңызы бар қорықша болып табылады. Ол 1979 жылы құрылды. Ауданы 507 мың га. Қорықша Алматы облысының Балқаш ауданында орналасқан. Қорықша территориясы оңтүстікте Ақкөл ауылымен, батысында Жиделі өзенімен, солтүстігінде Балқаш көлінің жағалауымен, шығыста Бақанас-Қарой жолымен шектеліп жатыр. Шөлді аймақтапрда өсетін сексеуіл, жиде ағаштары Іле өзенінің жағалауындағы

батпақты жерлердегі қамыс алқаптарымен ауысып отырады. Жағалауда қабан шошқа, елік, ондатра, қырғауыл және т.б. жануарлар мен құстар мекендейді. Шөлді жерлерде қарақұйрық, қарсақ, түлкі, кірпі, суырлар мен тышқандардың бірнеше түрі мекен етеді. Қорықша аумағында өсімдік жамылғысын өртеуге, ондатраны аулау мен оның табиғи жауларына (қасқыр, түлкі, қарсақ, қаңғыған иттер) аңшылық етуден басқасына аңшылық құруға тыйым салынған [35, 156.].

Қапшағай мемлекеттік аң аулау-қорықтық шаруашылығы – 1982 жарқар, елік, құлан, қарақұйрық және т.б. санын көбейту мен қорғау үшін құрылған. Қорық Қапшағай су қоймасының солтүстік жағалауында орналасып, Жоңғар Алатауының етегін алып жатыр. Оның ауданы 521,6 мың га. Өсімдік әлемі шөлейт жерге сәйкес келеді. Шаруашылық территориясында жануарлардың 40-тан астам түрі мен құстардың 80-нен астам түрі мекен етеді [36, 106.].

Жоғарғы-Көксу мемлекеттік зоологиялық қорықшасы – 1981 жылы 16 наурызында ҚазССР министрлер кеңесінің №1 қаулысымен құрылған. Қорық болу уақыты ҚазССР-нің министрлер кеңесінің №69 қаулысымен ұзартылған. Қорық территориясының көлемі 240 мың га. Қорықшаның мемлекеттік статусы да уақытпен шектелмеген. Жоғарғы Көксу қорықшасы Жоңғар Алатауының оңтүстік батысында Панфилов және Гвардия әкімшілік аудандарының территориясында орналасқан.

Лепсі мемлекеттік қорықшасы – Талдықорған облысының атқарушы комитетінің халық депутаттар кеңесінің 1971 жылдың 30 желтоқсанының № 454 шешімімен көлемі 240 мың га жерде құрылды. Облыстық атқару комитетінің 1982 жылдың 27.07 № 263 шешімімен көлемі 258 мың га дейін ұлғайтылып 10 жылға дейін созылды. Лепсі мемлекеттік қорығының шекарасы шығысында Глиновка селосынан Үйгентас ауданының бойымен Тастау өзеніне дейін, Тастау өзенінен тігінен Тентек өзеніне дейін, батыста Тентек өзенінен Герасимовка селосына дейін, солтүстікте Жзержинск селосы мен Глиновка селосына дейінгі жерлер.

Құнан мемлекеттік қорықшасы – Талдықорған аудандық атқарушы комитетінің халық депутаттар кеңесінің 1971 жылдың 30 желтоқсанының № 454 шешімімен көлемі 48600 га жерде құрылды. Аудандық атқарушы комитетінің 1974.06.28 № 238 шешімімен қорықша ауданы 49100 га ұлғайтылды. 1982.27.07 № 264 шешімімен қорықтың іс-әрекет мезгілі 10 жылға созылды. Құнан мемлекеттік қорықшасы Балқаш көлінің жағалауында Бұрлытөбе ауданының территориясында құрылған.

«Реликтік шағала» мемлекеттік қорықшасы ҚССР Министрлер кеңесінің 1981 жылының 26 қаңтарындағы № 29 қаулысымен 10 жылдық уақын шегінде құрылды. Қорық территориясы 187 мың га жермен, шекарасы Достық станциясынан оңтүстікке қарай Сарықора шатқалына дейін, мемлекет шекарасы бойымен батысқа қарай Көксуат өзенінің бастауынан Қызылтал өзенінің бастауына дейін, солтүстік батыс шекарасы Қызылтал өзенінен тігінен Көктұма селосына дейін, шығыс шекарасы Көктұма селосынан теміржол бойымен Достық селосына дейін созылып жатыр [37].

Табиғат ескерткіштері.

Шыңтүрген Сартоғай шатқалында орналасқан. Шетен – реликтік ағаш болып табылады. Палеонтологиялық ашылуларға қарағанда ол палеоген кезеңінде өсе бастаған. Шетен мұз басуды өткеріп, төрттік кезеңге дейін әрең сақталған. Сол кезден бері көптеген миллиондаған жылдар өтті: таулар мен климат өзгерді, жер бетінің әлпеті өзгерді, әр түрлі жануарлар мен өсімдіктердің түрлері жойылып кетіп оның орнына жаңа түрлер пайда болды, алайда шетен сол баяғы түрінде сақталып қалды. Тоғай территорияларында негізінен солдаттық шетен өседі. Ботаниктер оны өзен сүйгіш деп атайды, өйткені ол тек өзендердің бойында ғана өседі. Шетеннің бұл түрі тек осы жерде: Шарын өзенінің төменгі ағысы мен оның сағасы Темірлік өзенінің каньонында ғана сақталған. 1964 жылы тоғай табиғат ескерткіші болып жарияланды. Бұл жерде ағаш кесуге тиым саланған. Тоғайды орманшылардың бірнеше кардондары күзетеді. Тоғайдың ауданы 4855 га, алайда шетен оның тек қана 800 га жерінде ғана өседі. Тоғайда сонымен қатар қараторанғы, жиде, терек ағаштары өседі. Шетен жапырақтары басқа ағаштар арасында бөлініп тұрады: шетеннің жапырақтары ең қою түсті, қараторанғынікі-ашық түсті, жиде өзінің ашық жасыл күміс түсті жапырағымен ерекшеленіп тұрады.

Әулетті табиғат ескерткіштері мен көңіл бөлерлік жерлер.

Қазіргі кезде құрылған ерекше қорғалатын территориялардан басқа, мемлекет қорғауын талап ететін көптеген табиғи объектілер бар.

А.В. Чигаркин: «Қазақ ССР территориясында орнатылған тәртіп бойынша тек 3 объект республикалық ескерткіш болып жарияланған, алайда мемлекет қорғауын қажет ететін объектілер саны бірнеше есе көп. Қоғам мен мемлекет халқының парызы мен міндеті болып табиғат жаратқан құндылықтарды табу мен қорғау болып табылады» [38]. Қазіргі кезде республикалық маңыздылықтағы ескерткіш статусына 24 объект ие. Алайда 65 объект әлі де қорғалусыз қалып отыр. Оларды переспективалық табиғат ескерткіші деп атайды. Осы объектілердің алтауы Алматы облысы территориясында орналасқан:

- Шарын каньоны (Ландшафтық – палеонтологиялық табиғат ескерткіші)
- Жабыртау (Палеонтологиялық табиғат ескерткіші);
- Күрті (Палеонтологиялық табиғат ескерткіші);
- Шынжалы (Палеонтологиялық табиғат ескерткіші);
- Қарағашты тоғай (Ботаникалық табиғат ескерткіші);
- Шаңғақ тоғайы (Ботаникалық табиғат ескерткіші).

Шарын өзенінің каньоны немесе «Шаһарлар жазығы». Шарын өзенінің каньоны Алматы облысының шығысында Алматыдан 193 км жерде орналасқан. Терең каньон ішінен Шарын өзені ағып өтеді. Бастапқы кезде ол кеңінен жайылып, өз табанында Ақтобай шатқалын құрайды. Бұл тоғай орманы, онда жануарлар мен өсімдіктердің бай әлемі орналасқан. Содан кейін каньонның тік жары тарланып, жазықтықты кесіп өтіп, өзен Торайғыр жотасының тауымен қоршалған тар шатқалмен ағады. Сөйтіп қыраттың сілемесінен шыққан өзен сулары каньонның терең шатқалының тасты шөлімен ағып өтеді. Арықарай каньонның үзік қабырғаларымен аққан өзен шет-шетке жайылып жазықтанады.

Шарын үлкен жазыққа –Сартоғай шатқалында шығады. Каньонның ұзындығы 154 км жуық.

Ежелде, 25 млн жылдай бұрын бұл жерде үлкен көл болып, өз табанында ашық саз бен ұсақ тастарды жинаған. Кеңінен көл кеуіп, оның қалың 200-300 метрлік табанында аққан сулар көптеген тесіктер мен орлар ойған. Шарын өзеннің каньоны күшті тектоникалық және геологиялық полигон. Бұл жерде кайназойлық сарғыш ақ әктасты-сазды тұнбалар мен палеозой кезеңінің тұнбалары бар магмалық сынықтары бар таулы түзілістер Торайғыр шатқалында кездеседі. Каньонның құлама қыратының биіктігі 300-метрге жетеді. Бұл қыраттарда қазба фаунасының кейінгі корбон кезінен (300 млн жыл) қалған қалдықтары кездеседі. Көптеген млн жылдар бойы, күн мен желдер бұл каньондарға әр түрлі, тіпті фантастикалық бейнелер берген. Олар бірде ежелгі қалалар қалдығына, әр түрлі құбыжықтарға немесе жануарларға, колонналарға, мұнараларға ұқсас бейне берген. Бұл жерлердің таң қаларлық бейнеге ие екендігі олардың аттарынан-ақ білуге болады: «Шаһарлар жазығы», жолдары шынтақ ұзындығына дейін сығылатын жартастары бар «Мыстанда шатқалы», жолдары құлама қыраттарда кенеттен үзіліп кететін «Шайтандар шатқалы». Бұл каньондар өзінің таң қаларлық бейнесімен дүрліктіреді [39, 86.]. Каньондар түбінен қоян, кеміргіштер, жыландарды көруге болады, сонымен қатар бұл жердің құстар әлемі де әр-түрлі. Қазіргі кезде көптеген көңіл аударарлық жерлер үкімет назарынан тыс қалуда. Жұмбақ төбе: Шолақ Жігіде шатқалының табанында кепкен бурьян мен тастардан құрылған кішігірім аласа қорғандар, ал шатқал басталған жердің жанында оның оң жақ қыратының түбінде шөлдің кебе бастаған шөптерінің арасында, биіктігі 8, диаметрі 15 метрге тең ашық жасыл төбе болған. Оның үстінде биік көк шөп өскен және оның арасынан өту оңай болмаған. Төбенің жағаларында бірнеше жиде мен барбарис ағаштары өскен. Төбенің төменгі жағында кішігірім зираттың орны сақталған. Бұл жерде бұрын адамдар мекен еткеніне құсайды. Шөл даланың ортасында, су жоқ жерде орналасқан жасыл төбе өте қызықты. Төбенің тарихына келетін болсақ, бұрын бұл жерде бастау болған және оның жанында шөп пен ағаштар өскен. Уақыт өте келе бастау мен оның жағасындағы шөптерді құм мен топырақ баса бастайды. Алайда шөп жерді жарып өтіп отырды. Осылайша төбе ішінен дымқыл бола отырып, өсімдіктердің тамырларымен тоқылып отырды. Сөйтіп бұлақ жоқ болып кетіп, оның орнында төбе пайда болады. Ол көптеген жылдар бойы осылайша өсіп отырды [38].

Қатты тау – қара, жарлы тау, терең орлары мен каньондардан тұратын, сусыз тау өте қапас болып келеді. Жарлардың арнасында сирек-сирек сексеуіл ағаштары өседі. Сексеуілдің бөлек-бөлек көшектері жартас бойымен жоғарылай өседі. Сөйтіп жазық шөлді жердің ағашы жартастар арасында көру таң қалдырады. Жартастарда тау текені қуып жүрген ит, аңшы, теке және еліктің суреттері бар [39].

Октябрь үңгірі: Іле Алатауының солтүстік қыратында орналасқан. Ол Шымбұлақ шаңғы базасынан 3 шақырым жерде орналасқан. Үңгір Қазақстан территориясындағы ең үлкені болып табылады (ұзындығы 1390м), ол өзімен 1-

3 метр құрайтын, биіктігі 8-10 метр мұзды үңгір болып табылады. Үңгір қабырғаларын шық түріндегі мұзды түзілістер қаптаған. Үңгір тұруға бейімделмеген, басты себебі орналасу биіктігі теңіз деңгейінен 3300 метр биіктікте орналасуы мен қар көшкіні қауауіпінің жоғары болуы болып табылады [23, 126.].

Қорытындылай келгенде, жоғарыда аталып өткен территориялар экскурсиялық объектілер ретінде қолданылуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар туризмнің жекелеген бір бағыты, қазіргі кезде күннен-күнге танымал болып келе жатқан туризм түрі, кейбір мемлекеттерде жақсы дамып отырған туризм саласы – экотуризмді дамытуға мүмкіндік береді. Туризмнің бұл түрі әсіресе адамның аяғы баспаған табиғат бұрыштарда демалғанды ұнататын шетел туристерінің арасында үлкен сұранысқа ие.

ДТҰ берген анықтамасы бойынша экотуризм дегеніміз адам шаруашылығымен бұзылмаған табиғат ортасындағы туризм түрі. Экологиялық туризмнің негізгі мақсатымен түрі бойынша табиғаттың жануарлар мен өсімдік түрлерін бақылау, көне және қазіргі заман мәдениетінің байлықтарын зерттеу болып табылады. Табиғат туризмі басқа туризм түрлерімен салыстырғанда дамыған инфрақұрылымды қажет етпейді (бұл тұжырыммен келіспеуге болады, өйткені америкалық туристер көбінесе бес жұлдызды мейманханаларда тұрып, табиғатқа оперативті шығарылымдарды жасағанды қалайды) [39].

Экотуризмнің түрлерінің диапазоны өте кең: ғылыми түрде ауданның жануарлары мен өсімдіктерін, табиғи құбылыстарын зерттеуден, анда-санда мысалы демалыс күні табиғатқа шығып демалу мен танымдық процестерді араластырып қолдану дейін. Осындай турларды ұйымдастыру квалификациясы жоғары әрі дұрыс болған жағдайда, Қазақстан экотуристердің сүйікті орталығына айналу мүмкіндігіне ие. Өйткені қазіргі таңда Қазақстанның табиғатын зерттеуде көптеген қара дақтар кездеседі.

Қазіргі кезде ерекше қорғалатын табиғи территориялар шегінде Алматы қаласының туристік фирмалары табиғи-танымдық турлар ұйымдастыруда.

2.3 «Azimut travel» ЖШС-нің жалпы сипаттамасы және негізгі экономикалық көрсеткіштеріне талдау

ЖШС «Azimut travel» туристік нарықта 10 жылдан артық жұмыс істеп келеді. Фирманың жақсы жұмыс істеу кепілінің бірі ол саяхат менеджменті және маманданған қызметкерлер.

ЖШС «Azimut travel» турагенттігінің қаржы – экономикалық қызметін бағалау турфирма қызметінің объективті бағасын ғана беріп қоймай, сонымен қоса экономикалық потенциалды тиімді қолдану жолдарын анықтап, тиімді басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді.

Тұтынушы нарығының циклді дамуы мен құбылмалылығына байланысты, әртүрлі туризм түрлеріне сәйкес нарық конъюнктурасын жүйелі түрде бақылау қажеттілігі туындап отыр. Бұл туристік қызметтер көлемін басқарудың тиімді саясатын қалыптастыру мен агенттіктің даму мүмкіндіктерін анықтау үшін


қажет.

Талдау жүргізу екі негізгі мақсатты көздейді:

- ЖШС «Azimut travel» турагенттігінің мүлкінің көлемі, құрылымы мен құрамы және оның міндеттемелерінің мөлшері мен жағдайы туралы түсініктеме беру;

- экономикалық тиімділік, төлем қабілеттілігі, қаржылық тұрақтылық сияқты көрсеткіштірді ЖШС «Azimut travel» турагенттігі үшін тауып, осы көрсеткіштердің даму тенденцияларын анықтау.

Суретте туристік фирмасы қызметкерлерінің штатының структурасы көрсетілген (Сурет 7).



Сурет 7 – «Azimut travel» туристік фирмасы қызметкерлерінің штаты

7 суретке сәйкес, туристік фирманың қызметкерлер штаты 23 адамнан тұратынын ккріп отырмыз.

Фирма қызметтің келесі түрлерін көрсетеді:

- Туризм, отелдерді, туристік базаларды, мотелдерді, экскурсия ұйымдастыру бойынша қызметті, жеке және істік сапарларға қызмет көрсетуді, мәдени, гастролдік, мейірімділік және басқа шараларға қатысу мен ұйымдастыруда, қызмет көрсетеді;

- Мамандардың туристік сапарлары мен іссапарларын ұйымдастыру;
- Таяу және алыс шетелдердегі халықаралық туристік қызметтерді жүзеге асыру; әртүрлі елдердің әуе жолы компанияларының ішкі және шетелдік рейстерге әуе жолы билеттерін сату;

- Сауықтыру және демалыс үйлерінде жолдамаларды өткізу.

ЖШС «Azimut travel» турагенттігі қызметінің негізгі экономикалық көрсеткіші болып айналыс шығындары табылады.

Туризмде турды қалыптастыруға кеткен шығындар айналыс шығындары деп аталады.

ЖШС «Azimut travel» туристік фирмасы 1996 жылы Қатысушылар шешімінің негізінде ұйымдастырылды (кәсіпорынның жарғылық капиталына әрқайсысы 20 % салған, 5 құрылтайшылар).

Турагенттіктің айналыс шығындары келесідей негізгі көрсеткіштермен сипатталады:

- айналыс шығындарының абсолюттік сомасы;
- турагенттіктің айналыс шығындарының деңгейі;
- шығын қайтарымдылығы деңгейі;
- айналыс шығындарының рентабельділік деңгейі.

Айналыс шығындарын талдау турфирманың бухгалтерлік және статистикалық қорытындылары және ағымдағы есеп беру материалдары негізінде жүргізіледі.

ЖШС «Azimut travel» турагенттігінің осындай мүмкіндіктерінің қандай екендігін көру үшін, жылдар бойынша айналыс шығындарының құрылымы мен құрамын қарастыру қажет (кесте 6).

6-кесте – «Azimut travel» турагенттігінің айналыс шығындарының құрылымы

Айналыс шығындары	2011 жыл		2012 жыл		Ауытқу, теңге
	Сомасы, теңге	Табыстағы үлесі, %	Сомасы, теңге	Табыстағы үлесі, %	
Басқа ұйымдардың қызметтері	431704	4,46	468295	4,7	36591
Автокөлікті жалға алу	97500	1,0	101630	1,02	4130
Еңбекақы	6115200	63,2	6165076	62,1	49876
Амортизациялық аударымдар	37660	0,39	38080	0,38	420
Банктік қызмет көрсету бойынша шығындар	76896	0,8	81684	0,82	4788
Жалға алу	840000	8,7	842000	8,5	2000
Кеңсе шығындары	48110	0,5	50260	0,5	2150
Коммуналды шығындар	211100	2,2	241225	2,4	30125
Барлығы:	7858170	81,2	7988250	80,5	130080
Табыс (ҚҚС – ты есептемегенде):	9675580		9925733		250153

6-кестеде көріп отырған, «Azimut travel» турагенттігі бойынша 70% жуық шығындар «Еңбекақы» бабына келеді. Бұл турфирма қызметкерлерінің орташа айлық еңбекақысының жоғары болуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, турфирма виза мен төл құжаттарды рәсімдеу бойынша қосымша қызметтер көрсетіп, айналыс шығындарын арттырып, бірақ туристік қызметтер ассортиментін кеңейтеді.

Турфирманың қаржылық қорытындысы оның шығындарды төмендетуіне байланысты болады.

Кестеден көрініп тұрғандай, барлық баптар бойынша өсу динамикасы байқалған. Бұл қызметкерлердің еңбекақысының жоғарылауымен байланысты, сонымен қоса, сатылған туристік жолдамалар санының өсуі есебінен болған. Өз кезегінде бұл басқа ұйымдардың, яғни визалық, қонақүй және экскурсиондық қызметтерге кеткен шығындардың өсуіне әкеп соқты. Сонымен қоса, жалға алу көлемі де өсті.

Егер туристік қызметтер көлемі мен айналыс шығындарының өсу қарқынын салыстырар болсақ, шығындардың 1,8 %, ал туристік қызметтер көлемінің 2,6 % артқанын көреміз. Бұл 2011 жылы шығындарды жоғарлатудың тиімсіздігін дәлелдейді. Айналыс шығындарының сомасының туристік қызметтер көлеміне қатынасы айналыс шығындары деңгейін береді. Бұл көрсеткіш турфирманың сапалық көрсеткіштерінің негізгісі болып табылады және туристік қызметтердің жалпы құнындағы айналыс шығындарының үлесін көрсетеді.

ЖШС «Azimut travel» турагенттігі үшін айналыс шығындарының деңгейі:

2011 жыл $7858/9676 * 100 \% = 81,2\%$

2012 жыл $7988/9926 * 100 \% = 80,5\%$

ЖШС «Azimut travel» турагенттігі бойынша көрсеткен туристік қызметтер көлеміндегі айналыс шығындарының үлес салмағының артқаны байқалады. Бұл көрсеткіш турагенттік үшін қауіпті. Кәсіпорын үшін шығындарды бақылап, оларды минималды көлемге дейін азайту қажет. Бұл – пайданы арттыруға қажетті ішкі шаруашылық резервтерді анықтаудың бірден – бір көзі болып табылады. Айналыс шығындар, банктік қызмет көрсету бойынша шығындардың артуы, ең алдымен, турларды ұйымдастыру, маршруттар бағдарламасын құрумен, оларды тәжірибеден өткізу және турларды өткізудің артуымен байланысты. 2012 жылғы материалды шығындардың үлес салмағы 2011 жылмен салыстырғанда 19,2 % - тен 18,0 % - ке дейін азайған. Бұл – байланыс пен жарнама қызметінің байланыстың арзан түріне – Интернетті қолдануымен байланысты.

Турфирманың жиынтық табысының қалыптасуының негізі болып туристік қызметтен түскен табыс табылады, сондықтан табысты басқару үрдісінде оған үлкен рөл беріледі.

Төмендегі кестеде ЖШС «Azimut travel» турагенттігінің 2011 – 2012 жылдардағы қаржылық көрсеткіштеріне талдау берілген (кесте 7).

Турфирманың қаржылық қорытындысының өзгеруі төрт фактордың өзгеруіне байланысты:

- көрсетілген қызмет көлемі;
- көрсетілген қызмет құрылымы;
- айналыс шығындарының өзгеруі;
- қызмет бағасының өзгеруі.

7-кесте – ЖШС «Azimut travel» турагенттігінің қаржылық көрсеткіштерінің деңгейі мен динамикасын талдау

№	Көрсеткіштер	2011 жыл	2012 жыл	2012 жылға қатысты %-пен
1	2	3	4	5
1.	Табыс (ҚҚС – ты есептемегенде)	9676	9926	2,5
2.	Айналыс шығындары	7858	7988	1,6
3.	Өнімді өткізуден түскен табыс	269	349	22,9
4.	Басқалай өткізулерден түскен табыс	79,8	85,3	6,4
5.	Өткізуден тыс операциялардан түскен табыс пен шығындар сальдосы	146,9	149,1	1,5
6.	Баланстық пайда	496	583	14,9
7.	Кәсіпорынның иелігінде қалатын таза пайда	347	408	14,9

Е с к е р т у – [40] әдебиеттер негізінде автор құрастырған

7-кестеден көрініп отырған, қарастырылып отырған кезеңде ЖШС «Azimut travel» турагенттігі 2011 жылмен салыстырғанда 2012 жылы көрсетілетін қызмет көлемін 250 мың теңгеге немесе 2,6 % арттырған. Ал шығындардың 1,7 %- ке артуына байланысты, пайда көлемі 17,7 % - ке өскен. Өткізуден тыс операциялардан түскен табыс артық құрал - жабдықтарды, соның ішінде туристік құрылғылар мен материалдық құндылықтарды сату арқасында өскен.

Соңғы қаржылық қорытындыға өткізуден тыс операциялардан түскен табыс пен шығындар (бағалы қағаздар бойынша дивиденттер, валюта курсының өзгерулері) әсер етеді.

Қаржылық қорытындының жоғарыда айтылған факторлар есебінен өзгеруі келесідей байланыстар арқылы анықталады:

1. Қаржылық қорытындының көрсетілген қызмет көлемінің ($\Delta Pp1$) өзгеруіне байланысты өзгеруін мына формула арқылы анықтаймыз:

$$\Delta Pp1 = P_0 (K2 - 1), \quad (1)$$

Мұндағы

P_0 – базисті қаржылық қорытынды;

$K2$ – қызмет көрсету көлемінің толық шығындар бойынша өсу коэффициенті ($K2 = S1 / S2$).

Бұл көрсеткішті ЖШС «Azimut travel» турагенттігі бойынша есептейік:

$$K2 = 9676 : 7858 = 1,231,$$

$$\Delta Pp1 = 347(1,231 - 1) = 80,2$$

2. Қаржылық қорытындының көрсетілген қызмет шығындарының 1 теңгеге өзгеруі салдарынан өзгеруі келесі формула бойынша анықталады:

$$\Delta Pp3 = (S1 / Qp1 - So / Qpo) Po, \quad (2)$$

Мұндағы

Qpo – базисті кезеңде көрсетілген қызмет көлемі;

$Qp1$ - есепті кезеңде көрсетілген қызмет көлемі;

So - базисті кезеңдегі көрсетілген қызмет шығындары;

$S1$ – есепті кезеңдегі көрсетілген қызмет шығындары;

ЖШС «Azimut travel» турагенттігі бойынша бұл көрсеткіш 2008 – 2009 жылдар үшін:

$$\Delta Pp3 = (7988: 9926 - 7858: 9676) 347 = 34,7 \text{ мың теңге}$$

3. Қаржылық қорытындының өткізу құрылымының өзгеруі есебінен өзгеруін төмендегі формула бойынша анықтаймыз:

$$\Delta Pp2 = Po (K1 - K2), \quad (3)$$

Мұндағы

$K1$ – есепті кезеңдегі баға бойынша өткізу көлемінің өсу коэффициенті

($K1 = Qp1 / Qpo$).

Осы есептеулерді ЖШС «Azimut travel» турагенттігі бойынша есептеп табамыз:

$$K1 = 9926: 9676 = 1,026 ,$$

$$\Delta Pp2 = 347(1,026 - 1,231) = - 71 \text{ мың теңге}$$

Қаржылық қызметті факторлық талдау қорытындысы кесте 4 көрсетілген.

Яғни, ЖШС «Azimut travel» туристік агенттігіне қаржылық қорытынды көрсеткішін жақсартуға мүмкіндік беретін қызметтер нарығын зерттеу боцынша маркетингтік саясатын қалыптастырып, тиімді қызметтер үлесін арттыру керек. Қаржылық талдаудың негізгі мақсаты – қаржы көлемі мен құрамының өзгеру тенденцияларын және олардың қаржылық тұрақтылық пен қаржыны пайдалану тиімділігіне әсерін анықтау. Автономия коэффициенті кәсіпорынның заемдық көздерден тәуелсіздігін, кәсіпорынның жалпы қаржы құрамындағы өзіндік қаржының үлесін көрсетеді:

$$22305 : 23515 = 0,95$$

2009 жылы бұл көрсеткіш $> 0,5$ нормасында $0,95$ – ке тең болған. Бұл туристік агенттіктің тиімді және тәуелсіз қызметін көрсетеді.

$0,05$ – ке тең заемдық және өзіндік қаржының қатынасын көрсететін коэффициент ЖШС «Azimut travel» туристік агенттігінде өзіндік қаржы үлесінің көбірек екендігін көрсетеді және төмендегі жолмен есептелінеді:

$$1210 : 22305 = 0,05$$

Маневрлік коэффициенті кәсіпорынның өзіндік қаржысының қандай бөлігі мобильді түрде екендігін көрсетеді. Тиімді көлемі $> 0,5$. Бұл коэффициентті ЖШС «Azimut travel» агенттігі үшін анықтаймыз:

$$(22305 - 99) : 22305 = 0,99$$

ЖШС «Azimut travel» турагенттігінің пайдасын факторлық талдау қорытындысын көрсетілген қызмет көлеміне байланысты және соңғы екі жылдық есептеулерді саластыра қарастыруға болады (кесте 8).

Қаржылық талдаудың негізгі мақсаты – қаржы көлемі мен құрамының өзгеру тенденцияларын және олардың қаржылық тұрақтылық пен қаржыны

пайдалану тиімділігіне әсерін анықтау.

8-кесте – ЖШС «Azimut travel» турагенттігінің пайдасын факторлық талдау қорытындысы

Көрсетілген қызмет көлеміне байланысты қаржылық қорытындының өзгеруі	2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда, мың теңге
Қаржылық қорытындының өзгеруі	+ 426,36
Соның ішінде:	
- көрсетілген қызмет көлемінің өзгеруі есебінен	+ 80,2
- өткізу құрылымының өзгеруі есебінен	- 71,0
- өткізу шығындарының 1 теңгеге өзгеруі есебінен	+ 34,7
Е с к е р т у – [40] әдебиет негізінде автор құрастырған	

8-кестеден көріп отырған, 2012 жылғы жағымды қаржылық қорытынды көрсетілген қызмет шығындарының 1 теңгеге төмендеуі есебінен болған, осының салдарынан табыс 34,7 мың теңгеге артқан және өткізу көлемінің 80,2 мың теңгеге артуы мен өткізу құрылымының 71 мың теңгеге төмендеуі есебінен болған.

ЖШС «Azimut travel» турагенттігі бойынша бұл көрсеткіш 0,99 – ге тең және ол нарықтық экономика жағдайында турагенттіктің тиімді маневрлігін көрсетеді. Банкроттық коэффициенті баланс активі сомасындағы өзіндік айналмалы қаржының үлес салмағын көрсетеді және төмендегі жолмен анықталады:

$$(520 + 1320 - 780) : 23515 = 0,05$$

0,05 – ке тең бұл коэффициент турагенттіктің нарықтағы тұрақты жағдайын және өз нишасының бар екендігін көрсетеді.

Кәсіпорын қызметінің тиімділігін бағалауда кәсіпорын иелігіндегі қаржыны қолдану рентабельділігі үлкен мәнге ие. Негізгі қорлар рентабельділігі көрсеткіші пайданың жылдық сомасының негізгі қорлардың орташа жылдық құнына қатынасы арқылы анықталады.

Қор қайтарымдылығы капитал бірлігіне келетін туристік қызметтер көлемін сипаттайды және туристік қызметтер көлемінің негізгі қорлар құнына қатынасы арқылы анықталады. Қор қайтарымдылығы коэффициентін есептейік. Бұл көрсеткіш туристік қызметтер көлемінің бірлігін өткізуге қажетті капиталдың орташа көлемін сипаттайды және негізгі қорлар құнының туристік қызметтер көлеміне қатынасы арқылы анықталады. Бұл көрсеткіш 1 теңге туристік қызметтер көлемінде негізгі қордың қандай көлемі қатысатынын көрсетеді. Бұл кесте бойынша сонымен қатар, негізгі қорлар рентабельділігі көрсеткішінің төмендеуі байқалады.

Турагенттіктің шаруашылық қызметінің көрсеткіші – оның табыс деңгейі. Туристік агенттіктің табысы 3 негізгі міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін қаржылық база болып табылады:

- турагенттіктің шаруашылық қызметін жүргізумен байланысты

шығындарды өтеу;

- табыстың бір бөлігі әртүрлі салықтарды төлеуге кетеді;
- табыстың белгілі бір бөлігі пайданың қалыптасу көзі болып табылады.

ЖШС «Azimut travel» турагенттігі бойынша туристік өнімді өндірудің рентабелділік деңгейіне талдау, соңғы екі жылдың көрсеткіштерін саластыра талдау жасалған (кесте 9).

9-кесте – ЖШС «Azimut travel» турагенттігі бойынша туристік өнімді өндірудің рентабелділік деңгейіне талдау

№	Көрсеткіштер	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4
1.	Табыс (ҚҚС – ты есептемегенде), мың теңге	9676	9926
2.	Айналыс шығындары, мың теңге	7858	7988
3.	Таза табыс, мың теңге	347	408
4.	Негізгі қордың орташа жылдық құны, мың теңге	335	392
5.	Негізгі қорлардың қор қайтарымдылығы кэффиценті (1 жол/ 4 жол)	28,9	25,3
6.	Негізгі қорлардың қор сыйымдылығы коэффиценті 4 жол/ 1 жол)	0,03	0,04
7.	Негізгі қор бойынша рентабельділік коэффиценті (3 жол/ 4 жол)* 100 %	103,6	104,2
8.	Рентабельділік деңгейі (3 жол/ 2 жол)* 100 %	4,4	5,1

Е с к е р т у – [40] әдебиет негізінде автор құрастырған

9-кестеде көріп отырған, көрсеткіштердің өзгеру динамикасы агенттіктің капиталды қаншалықты тиімді қолданғандығын бағалауға мүмкіндік береді. Қор қайтарымдылығы көрсеткіштерінің өсу динамикасы біркелкі болып келген. Бұл негізгі қорларды тиімді қолданудың дәлелі. Сонымен қатар, негізгі қорлар рентабельділігі көрсеткішінің төмендеуі байқалады.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, 2013 жылы «Azimut travel» турагенттігінің қаржылық жағдайы жақсарады деп болжауға болады. Жаңа туристік өнімді өткізуден түскен табыстың өсуіне және турфирманың қаржылық жағдайының тұрақтануына әкеледі.

Туристік фирманың маркетингтік іс-шараларын жақсартуды алға қою керек. Нарықтағы тұтынушылар қажеттілігін тереңірек зерттеп, талдау жасау керек. Туристік фирманың стратегиялық мақсатты орындау барысында менеджерлердің дұрыс шешім қабылдай алуы. Стратегиялық маркетингті талдаулық бағалау –бұл топ-менеджерлердің бизнесті жүргізу стратегиясын және тактикасын жасау үшін нақты басқарушылық шешімдер қабылдауларына дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету кешені. Сонымен қатар, аналитик бәсекелестердің мүмкін болатын іс-әрекеттері. Маркетингтік стратегияның үш деңгейі бар: корпоративтік, функционалдық және операциялық. Бірақ оларды жасауға кіріспестен бұрын талдау жұмыстарын жүргізу керек. Туристік

фирманың стратегиялық мақсаты – бір жағынан, шетелдік туристерді қабылдау болса, екінші жағынан, отандық азаматтардың демалуына жағдай жасап, тұтынушылар қажеттіліктерін зерттеп, өзгерулерге байланысты маршруттарды қалыптастыру болып табылады (Сурет 8).



Сурет 8 – Маркетинг стратегиясын жасау технологиясы

8 суретке сәйкес, аналитикалық аспектіні орындауда компанияның даму перспективасын бағалау үшін макро (ақпараттық, БАҚ, құқықтық, әлеуметтік-мәдени, мемлекеттік реттеу) және микро (ресурс әлеуеті, тұтынушылар, жабдықтаушылар, инвесторлар, бәсекелестер, делдалдар) факторлары өте маңызды.

Штаб-пәтер стратегиялық жоспарлау үрдісін ұйымдастыру үшін жауапты болып табылады. Ол компанияның миссиясын, саясатын, стратегиясы мен міндеттерін анықтай отырып, бөлімшелерді жоспарлау межелерін бекітеді. Кейбір корпорацияларда бизнес-бірліктерге өткізу және пайда бойынша міндеттер мен стратегияларды бекіту еркі беріледі, ал басқаларына тек негізгі мақсаттар ғана қойылады. Қазіргі кезде компанияның штаб-пәтері міндеттерді анықтап, әр бизнес-бірліктің стратегиясын әзірлеуге белсенді қатысады.

ЖШС «Azimut Travel» туристік фирма өз қызметінде маркетингтің жеке элементтерін, яғни жарнама мен өткізуді ынталандырудың жеке құралдарын қолданады.

ЖШС «Azimut Travel» өзінің жұмысында үнемі көптеген оның қызметтерін сатуды ынталандыратын шегерімдерді пайдаланады. Туфирманың

күшті жақтары мен әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен кемшіліктерін көрсететін SWOT-талдаудың маңызы зор (кесте 10).

10-кесте – «Azimut Travel» туристік компаниясының SWOT анализі

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары	Қауіптері	Мүмкіндіктері
<ul style="list-style-type: none"> - Көрсетілетін қызметтердің сапасы; - Уақытпен дәлелденген менеджмент; - Дилерлік желінің кеңдігі; - Маркетингтік қызметтің жоғарғы деңгейі; - Мойындалған нарықтық жетекші 	<ul style="list-style-type: none"> - Көрсетілетін қызметтің жоғары бағасы; - Филиалдар арасында бірінғай компьютерлік желінің жоқтығы. 	<ul style="list-style-type: none"> - Бәсекелестердің белсенділігі; - Искелілік белсенділіктің бәсеңдеуі; - Саяси фактор 	<ul style="list-style-type: none"> - Жаңа бағыттарды ашу (чартерлік рейстер); - Бәсекелестер позициясының әлсіреуі.
Е с к е р т у – [41] ЖШС «Azimut Travel» мәліметтері негізінде автор құрастырған			

10-кестеде көрсетіп отырған, SWOT- анализіне қарап біз фирманың өзінің инфраструктурасы және мамандандырылған персоналдары бар екенін көреміз және туристік нарықта одан ары өсуіне мүмкіндіктері мол.

Әлемдік туристік ұйымның анықтағаны бойынша, туризм тек экономикалық ғана емес, әлеуметтік, мәдени, экологиялық және саяси құбылыс болып табылады. Осыған орай, туристік маркетингі жоғарыда айтылған факторларды ескере отырып қолдану керек. Сонда ғана ол туристік фирмалар мен туристердің қажеттіліктерінің кең көлемде ескерілуіне септігін тигізеді.

Туризм саласындағы жаңа экономикалық және шаруашылық жүргізу механизмі, әлеуметтік – экономикалық кешенді басқарудың әртүрлі формалары сәйкес механизмінің, яғни маркетингке деген қажеттіліктің туындауына әкелді.

Жалпы бұл 2-ші бөлімді қорытындылайтын болсақ, туристік қызмет және турөнім ерекшеліктері мұнада: экономиканың саласы ретінде, туризмнің өзіне тән бірқатар айрықша ерекшеліктері бар, солар арқылы халық шаруашылығының басқа да салаларынан бөлініп тұрады. Туризм индустриясының басты айрықша ерекшелігі өндіріс пен өнімді тарату уақытының бірлестігі. Көлік уақытының жоқтығы, яғни туристік қызметтер (турөнімдер) бұл жерде өндіріледі және бірден қолданылады. Екінші ерекшелігі – оның өнімдері артығынан шығарылып, қоймада сақталмайды. Туристік қызмет көрсетудің келесі бір ерекше айырмашылығы – қызмет өндірісіне дейін өндіріс объектісіне тұтынушыларды тасымалдап, жеткізу. Бұл өз тұрғысында туризмнің басқа да ерекше айырмашылықтарымен байланысты – турист алған өнімдерді «өзімен алып кетеді», яғни жақсарған денсаулық, көңіл күйі, жаңадан толтырылған білім, пікір, ақпарат арқылы.

Туристік қызмет көрсетудің түпкі мәнін түсіну үшін, туристік қызмет

көрсету процесінің түрін білу керек. Туристік қызмет көрсету дегеніміз туристерге саяхат кезінде, заттар сатып алған кезде әртүрлі қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, көмектесу.

Туризмде өнім болатыны көрсетілетін кешенді қызмет, яғни бір пакетте туристерге сатылатын қызметтер жиынтығы. Өндірушілерге қарағанда, туристер туристік өнімді кең түрде ұғынады. Туристік сапарға шыққанда, адамдар өзіне көрсетілетін қызметтерден басқа да ерекшеліктерді іздестіреді. Біреулері ұзақ демалысқа шығып, курортқа барып демалып, денсаулығын түзеп қайтса, басқалары командировкаға барып, іскерлік келіссөздер жүргізіп шартты келісімдер жасайды. Демек, туристер туристік өнімдерге мұқтаж емес, олар жаңа сезімге, қызық оқиғаларға мұқтаж немесе өзінің бизнесін ұлғайтуға мүдделі. Туристік фирманың стратегиялық мақсаты – бір жағынан, шетелдік туристерді қабылдау болса, екінші жағынан, отандық азаматтардың демалуына жағдай жасап, тұтынушылар қажеттіліктерін зерттеп, өзгерулерге байланысты маршруттарды қалыптастыру болып табылады.

Қаржылық талдаудың негізгі мақсаты – қаржы көлемі мен құрамының өзгеру тенденцияларын және олардың қаржылық тұрақтылық пен қаржыны пайдалану тиімділігіне әсерін анықтау. Талдаудың бұл кезеңінде қаржы құрылымымен анықталатын туристік агенттіктің қаржылық тұрақтылығы қарастырылады. Мұндай талдауды жүргізу барысында төмендегідей көрсеткіштер есептелінеді. Кейбір корпорацияларда бизнес-бірліктерге өткізу және пайда бойынша міндеттер мен стратегияларды бекіту еркі беріледі, ал басқаларына тек негізгі мақсаттар ғана қойылады. Қазіргі кезде компанияның штаб-пәтері міндеттерді анықтап, әр бизнес-бірліктің стратегиясын әзірлеуге белсенді қатысады. Туризм индустриясының басты айрықша ерекшелігі өндіріс пен өнімді тарату уақытының бірлестігі. Көлік уақытының жоқтығы, яғни туристік қызметтер (турөнімдер) бұл жерде өндіріледі және бірден қолданылады. Екінші ерекшелігі – оның өнімдері артығынан шығарылып, қоймада сақталмайды. Туристік қызмет көрсетудің келесі бір ерекше айырмашылығы – қызмет өндірісіне дейін өндіріс объектісіне тұтынушыларды тасымалдап, жеткізу. Стратегиялық маркетингті талдаулық бағалау – бұл топ-менеджерлердің бизнесті жүргізу стратегиясын және тактикасын жасау үшін нақты басқарушылық шешімдер қабылдауларына дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету кешені. Бұл өз тұрғысында туризмнің басқа да ерекше айырмашылықтарымен байланысты – турист алған өнімдерді «өзімен алып кетеді», яғни жақсарған денсаулық, көңіл күйі, жаңадан толтырылған білім, пікір, ақпарат арқылы.

Әлемдік туристік ұйымның анықтағаны бойынша, туризм тек экономикалық ғана емес, әлеуметтік, мәдени, экологиялық және саяси құбылыс болып табылады. Осыған орай, туристік маркетингті жоғарыда айтылған факторларды ескере отырып қолдану керек. Сонда ғана ол туристік фирмалар мен туристердің қажеттіліктерінің кең көлемде ескерілуіне септігін тигізеді.

3 Алматы облысы туристік-экскурсиялық бағыттарын дамыту келешегі

3.1 Алматы облысындағы туристік-экскурсиялық бағыттарының даму тарихы

Батыста туризмнің әлеуметтік-экономикалық маңызын баяғыда тусінген. Сондықтан да XX ғасырдың 80-жылдарының соңынан бастап түрлі сипаттағы комиссиялар, туристік ұйымдардың жекелеген сарапшылары туризмнің тиімді дамуын қарастырып, 2000 жылға қарай, тіпті 2025 жылға қарай туризм қалай, қандай болады деген сұрақтардың төңірегінде көп ойланып, біршама зерттеді [41, 28 б.]. Сонымен қатар сонау 80-жылдардың өзінде туризм өз маңыздылығы жағынан халықаралық іс-әрекеттің ішінде алдыңғы қатарда тұратын шараның бірі болатындығы жазылған еді. Оған туризмнің дамуына жұмсалып жатқан қаржының өсу қарқыны да дәлел болатын, алғашқы кезекке ірі ұлтаралық қаржылық топтар оздерінің транспорттық компаниялармен, қонақ үй кешендерінің желісімен, электронды-есептеу және ақпараттық орталықтарымен шыға бастап еді.

Европалық одақ комиссиясы туризм аясы дамыған көптеген мемлекеттердің іс-әрекетін қорыта келіп, 2000 жылға дейінгі кезеңде туризмнің дамуының негізгі тенденцияларына болжау жасап жариялады. Онда төмендегідей мәселелер қамтылды:

1. Европаны туризмнен түсетін пайда үшін қатаң бәсекелестік күтіп тұр, сондықтан да Европаның туризм индустриясы көрсететін қызметтерінің сапасын көтеруі керек;

2. Саяхаттың барлық түріне, әсіресе бірінші кезекте көлікке шығын көбейеді, ол шығын отбасылық бюджеттің басқа шығынынан тез өсетін болады. Саяхаттар жекелік сипат алып, оның мерзімі ұзарады, себебі бір ғана рет барудың жол шығыны аз болады. Жалпы алғанда саяхатқа жұмсалатын қаржы демалыс үшін ғана жұмсалатын болады;

3. Сапарлар саны Европадан Америкаға, Азиядан секілді континентаралық саяхаттар есебінен өседі;

4. Нарық пайдасының мезгілдік өзгерісі жақын арада мәселер болудан қалады, себебі сәтті маркетингтер оларды тиімді пайдаланатын болады. Ол үшін мемлекеттік және жеке меншік туристік құрылымдар бір-бірімен белсенді ынтымақтастық жасауы керек;

5. Әуе көлігін пайдалану тездейді, кеңі түседі, оған ыңғайлы тікелей рейстер саны көбейеді;

6. Топтық, жанұялық демалыстар азайып, адамдар демалудың әлдеқайда сан түрлі бағдарламаларын таңдайды;

7. Компьютерлік жүйенің белсенді түрде енгізілуіне байланысты броньдау мерзімі азая береді;

8. Басқалардан гөрі егде жастағы кісілер мен жастар белсенді саяхаттайтын болады;

9. Туризмнің мәдени ескерткіштер мен демалыстың белсенді түріне дсген

сұраныс өсе түседі;

10. Қоршаған ортаның тазалығы туристерді тартудың, әсіресе ауылдық және су жағасындағы аудандардың басым факторларының бірі болады.

Әлемдегі туристік индустрияның дамуының жалпы тенденциялары Әлемдік туристік ұйымның статистикалық зерттеулерінде көрініс берген (№№ 5-20-қосымшалар). 1950 жылы туристер ең көп келетін ел АҚШ болды. 1970 жылы Италия осындай елге айналды. 1990 жылдан бастап шет елдік туристерді қабылдаудан Франция алда келеді. Франция халықаралық туризм ісінде XX ғасырдың соңына дейін көшбасшы болып қалды [42, 50 б.].

Дәл осы XX ғасырдың соңында туристік қызметтерден түсетін экспорттық өнімдер салыстырмалы түрде ең жоғарғы көрсеткішке жетті. 1998 жылы текстиль мен киім экспортынан түскен жалпы әлемдік кіріс - 330 млрд. АҚШ доллары, жанар жағар майды экспорттаудан - 400 млрд. АҚШ доллары, автомобильдер мен қосалқы бөлшектерді сатудан - 430 млрд. АҚШ доллары.

XXI ғасырдың басында ірі туристік фирмалардың жұмыс технологиясында елеулі өзгерістер болды, өз бағдарламаларын халықаралық деңгейдегі циклдық іс-шараларға сай жоспарлап олар Олимпиадалық ойындар мен спорттың кең тараған түрлері бойынша өтетін Әлем чемпионаттарын басты бағдарға алған. Ол бағдарламаларды бірнеше делдалдардың көмегімен тур-фирмалар іске асырады. Бұл технология, бір жағынан, турфирмалардың менеджерлерінің міндеттерін жеңілдетсе, екінші жағынан, оларды туристік бизнестің түрлі жағымен байланысы бар көптеген брокерлерге бағынышты етеді. Оған 2002 жылдың қысқы олимпиадалық ойындарына дайындалу іс-шараларын айтуға болады.

Мамандар халықаралық туризмді бәрінен бұрын табарлар мен қызмет көрсетудің халықаралық саудасының бір бөлігі ретінде қарайды. Халықаралық сауда теориясына (Г.А. Папирян) абсолютті басымдық теориясын, салыстырмалы басымдықты, факторлардың өзара қатынасын, өнімдердің тіршілік циклін жатқызады.

Абсолютті басымдық халықаралық туризмде ерекше рөл атқарады. Табиғаттың және тарихи-мәдени мұралардың қайталанбас ескерткіштері кейбір елдерді басқа елдердің алдында, туристер жіберуші елдердің алдында, басымдығын көрсетеді. Абсолютті басымдық табиғат ескерткіштері тобы бойынша Непалда, Қытайда. Пакистанда (бұл елде биіктігі 8 мың метрден асатын ең биік шыңдар, оның ішінде Эверестте, бар), АҚШ-та (Гранд-Каньон), Венесуэлада (әлемдегі ең биік сарқырама) және т.б.

Абсолютті басымдық тарихи-мәдени ескерткіштер тобы бойынша Египетте (Мемфис, Гизадахшур ауданындағы пирамидалар, көне Фивы), Грецияда (Афинадағы Акрополь, Бассайдағы Аполлон Эпикурейскийдің храмы), Францияда (Версаль мен Фонтенблодағы сарайлар мен саябақтар), Ресейде (Санкт Петербург, Москва Кремлі, Қызыл алаң), Қытайда (Ұлы Қытай қорғаны) және т. б.

Бұл елдер өз абсолютті басымдықтарын соңы туристік өнімдер жасап пайдалануда, осы арқылы халықаралық туризм рыногында өз орындарын

мығым ұстап отыр.

Кейбір абсолютті басымдық табиғат ескерткіштері бойынша Қазақстанда да бар. Ол – теңіз деңгейінен 7 мыңнан астам метр биіктікте орналасқан, әлемнің ең солтүстігіндегі тау шыңы Хан тәңірі, шың Алматы қаласы секілді мегаполиске өте жақын екендігі белгілі. Алматының турфирмаларының қызметкерлері Қарқара және Байынқол өзендерінің аралығына аэродром салып, альпинистер тобын Алматыдан Хан тәңіріне вертолетпен 3,5-4,5 сағатта жеткізіп тұруына болады. Бұл шындығында да басқа елдер алдында жеті мыңдық тау шыңы бар басымдық. Мәселен, Гималайдың мұндай шындарына альпинистер экспедициясын шығару үшін бірнеше жүк тасушылар керуенімен, жүк таситын көліктермен бірнеше апта жүреді. Сондықтан да мұндай шындарға шығу Хан тәңіріне шығуға қарағанда әлдеқайда қымбат.

Салыстырмалы басымдық теориясы дегеніміз – абсолютті басымдығы бар елдердің табарлардан (қызмет көрсетуден) бас тартып, басқа, өздеріне тиімді деген өндіріске мамандануы, өздері өндіруден бас тартқан табарларды (қызмет көрсетуді басқа елден сатып алуы. Бір бұл жағдайды Қазақстан Республикасы секілді дамушы ел толық іске асыра алмайды. Халықаралық туризмде басқа елдер алдында салыстырмалы басымдықты алу үшін туристік мекеме қызметкерлерінің еңбек құнын төмендетуі керек, соған сәйкес туристік қызметтің құнын азайтуы қажет.

Факторлардың өзара қатынасы теориясы дегеніміз – елдер арасындағы халықаралық туризмнің ағынын айқындайды. Факторлардың өзара қатынасы дегеніміз – елдердің халықаралық туризмдегі қызмет көрсету өндірісін қамтамасыз етудің қарапайым құралы. Мамандар барлық экономиканың басты факторларымен тығыз қарым-қатынаста қызмет ететін 3 топқа бөледі: табиғи; тарихи-мәдени нысандар; капитал; еңбек ресурстары.

Жоғарыда атап өткеніміздей, халықаралық туристік бағдарламаларда табиғат нысандары бойынша басымдық қана емес, тиесілі еңбек ресурстары бар фактордың да маңызы зор. Тәжірибеде көрсетіп отырғандай, Қазақстанның туристермен тау бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін туристік фирмаларының қызметкерлерінің өздерінің шет елдік әріптестерінен білім деңгейі және кәсіби дайындығы әлдеқайда жоғары. Тіршілік циклы теориясы дегеніміз – туристік өнімнің нарыққа енуі, өсуі, тұрақтауы және шығуы сатыларынан өтуі. Қазақстан халықаралық туризмде бұл теорияны туризмде инвестиция мәселелерін іске асырған соң ғана қарастырады.

Өнімнің тіршілік циклын мамандар әр түрлі бағалайды. Бірақ халықаралық туризмнің даму тарихы және біздің отандық туризмнің тәжірибесі турөнімнің тіршілік циклінің 5 негізгі сатысы бар екенін көрсетеді:

1. бастапқы саты;
2. сатылудың өсу сатысы;
3. сатылу санының тұрақтану сатысы;
4. сатылу санының кему сатысы;
5. өнімнің бүліну (деградация) сатысы.

1-саты – (1-2) бастапқы саты – жаңа турөнімнің нарықта қамтиды;

аналоггардың маркетинологиялық зерттелуі, дарламаны жасау процесі және турагенттердің сарапшы техникалық турлары.

2-саты – (2-3) бұл даму сатысы, турөнімнің сатылуының тез өсуімен сипатталады.

3-саты – (3-4) бұл тұрақталу сатысы, өнімнің сату пайдалы деңгейде ұзақ уақыт ұстау.

4-саты – (5-6) бұл өнімнің деградация сатысында сату нарығына шығады.

Дәстүрлі бойынша, турөнімдердің тіршілік циклы жоғары да көрсетілген кесте бойынша 5 жыл дамиды. 1 және 2 – сатылар 2 жыл, 3 – сатылар 2 жыл, 4,5 – сатылар 1 жыл уақытты алады. Бірақ Қазақстанның сәтті дамып келе жатқан фирмалар, жұмыс тәжірибесі экскурсиялық, коммерциялық және басқа да әлемдік туристік рынокта аналогтары аз вариативті туристік өнімдер ғана бес жылдық тіршілік циклы болатындығын көрсетіп отыр.

Сонымен қатар отандық туристік істе кешенді-вариант туристік өнімдер әсіресе белсенді туризмде рынокта он немесе одан да көп жыл тиімді жұмыс істеуі мүмкін.

Біз жоғарыда ескерткеніміздей, Қазақстандағы турфирмадың деншілігі шағын мекемелер, туроператорлар нарыққы қана бір-екі бағдарламаны тиімді шығаруға қабілетті. Сондықтан да отандық туристік іс үшін туристік өнімдердің қайсын болып жатқан тіршілік циклының қай сатысында рынокқа шығарған тиімді деген сұрақ тұр.

Бұл жерде біз мақсаттылық деп туроператорлық іс-әрекетте кідіріс болмауын, екі бағдалама үшін ресурстарды аз шығындауды, өтпелі кезінде барынша пайда табуды айтып отырмыз. Ондай мақсатты вариант ретінде жаңа туристік өнімде рынокқа тұрақтану сатысы мен қазіргі өнімдердің тіршілік циклында төмендеуі сатысы аралығында енгізуді ұсынамыз.

Алматы қаласы салыстырмалы түрде айтқанда өте жас қала болып табылады, сол себепті туристік жұмыстың үлкен білгірлігі туралы айту қате болады. Алайда Верный қаласында, кейіннен Алматыда және қазіргі кезде Алматы қаласында туризм мен экскурсияның тарихы жоғары қымбаттылыққа ие.

Отанымызда туристік қарқынның туылуы ХХ -шы ғасырдың бастапқы кезінде басталды. Бұл кезде Верный қаласында орыс географиялық қоғамының бөлімшесі ашылды да, ол 1927 жылға дейін жұмыс істеді.

20-шы жылдардың соңында саяхаттың белсенді түрлерін ұйымдастыруды энтузиасты бастады. Олардың ішінде тау туризмінің білгір мамандары Г. И. Белоглазовты, Ф. Л. Савинді және В. М. Зиминді атап көрсетуге болады. Олар Іле Алатауы бойымен жаяу таулы жорықтар ұйымдастырумен айналысқан.

Кейіннен 1931 жылы туристік іс-әрекет одан да жоғары ұйымдастырыла бастады: Алматыда Жетісу губернаторлық музей қарамағында алғашқы рет он адамнан тұратын Бүкілодақтық пролетарлық туризм мен экскурсиялар қоғамдастығы құрылды (БПТЭК). Қоғамның осы қобдишасының белсенді көмегінің арқасында Алматыда алғашқы Қазақ өлкетану кеңесі құрылды. Оның алғашқы председателі болып А. Жангельдин сайланды. 1932 жылы Қазақстан

және оның маңайы бойынша алғашқы туристік жолсеріктер құрылып басылып шықты. Онда туристік маршруттар көрсетілді. Алматы мен Қазақстанда туризмнің дамуына турбазалар, приюттар мен демалыс үйлерінің салынуы үлкен көмек болды. Мысалға алатын болсақ 1936 жылы Алматыға жақын жерде Горельник туристік базасы ашылды. Алматы мен оның маңайындағы жерлерде туристердің слеттары (алғашқы слет 1938 жылы Көкжайлау шатқалында ұйымдастырылды. Оған 200-ге жуық адам қатысты), альпиниадалар (алғашқысы - 1935 жылы Комсомол шыңында) ұйымдастырылды.

Кейінірек «Горельник» туристік базасы 1943 жылы уақытша Совет армиясының солдаттары мен офицерлерінен инструкторлар дайындайтын таулы атқыштар Бүкілодақтық мектебі ретіне қолданылды. Мектеп екі жыл ішінде мың жарым түлек шығарды. Мектеп бітірушілердің көбі Ұлы отан соғысы кезіндегі соғыс қимылдарына қатысқан. Олар Кавказ, Карпат, Судет, Трансильвандық Альпілерде, Хинганда, Норвегияда әскери іс-әрекеттерге қатысты. Соғыстан кейінгі жылдары, 1953 жылдан бастап Горельник Туристік базасы өзінің негізгі қызмет түрі, туристерді қабылдауды бастады.

1955 жылы «Иссык» туристік базасы салынды (кейінірек «Иссык» пен «Горельник» туристік базалары сел жүру қауіпіне байланысты жабылды). 1952 жылы Қазақстанда туристік-экскурсиялық басқарма құрылды (ТЭБ). 1959 жылы «Алма-Ата» туристік лагері құрылды. 1962 жылы ТЭБ туризм жөніндегі кеңес болып қайта құрылды. 1965 Туризм мен экскурсиялар жөніндегі Қазақ Кеңесі, Алматы облысы бойынша туризм мен экскурсиялар жөніндегі кеңесі, және Алматылық саяхат пен экскурсиялық бюросы құрылды. 1968 жылы «Алматау» туристік базасы ашылды. 1970 жылдан бастап Алматылық автобаза мен бақылаулық-құтқару қызметі өз ісін бастады (БҚК).

1980 жылы Алма-Атадағы және Қазақстандағы туристік-экскурсиялық іс-әрекет жоғарғы деңгейге жетті де оның дамуы үнемі дамып отырылды. Мемлекет Үкіметі тарапынан туристік инфрақұрылымдарды дамыту үшін және сол таңдағы құрылып үлгерген туристік объектілердің дамуына көптеген қаржы бөлініп отырылды. Сонымен қатар жаңа турбазалар мен қонақ үйлер тұрғызылды, бұл сонымен қатар Қазақстанға келуші туристер қарқынын өсірді. Осылайша 1982 жылы Алма-Атада 231 мың туристер мен 1 193 мың экскурсанттарға қызмет көрсетілді. Туристерді қарсы алу мен оларға қызмет көрсетумен Алма-Аталық туризм мен экскурсиялар жөніндегі кеңес пен оған тәуелді ұйымдар айналысты. Сол кездегі Қазақ Республикасының астанасына келу кезінде туристерге сол кездің өзінде туристік маршруттардың кешені (16 жуық) және әр түрлі мазмұндағы және өту қиындықтағы саяхаттар (таулы және таулы жаяу), қалалық және табиғи және тағы басқа саяхат түрлері ұсынылды. Қалалық және қала сыртындағы экскурсиялар 88 тақырып бойынша ұйымдастырылды, олардың ішінде үлкен қызығушылыққа «Навстречу гордому Тянь-Шаню», Спортты кешен «Медеу», «Джамбул Джабаев - великий акын казахского народа», «Земля и люди выходцы Илийской долины», «С чего начинается Родина» деген және тағы басқа ие болды. Экскурсияларды Туристік Экскурсиялық бюроның квалификациялары жоғары жұмысшылар өткізді.

Мұнда 309 экскурсоводтар тіркелді.

Осы кезде 7 авия маршрут жасалып 87-сі ұсынылды (1983). Олардың ұзақтығы 3-тен 20 күн болды және Мәскеу, Ленинград, Киев, Брест, Минск, Баку, Ереван, Тбилиси, Балтық жағалауы бағытында жүргізілді. 1982 жылы алматылықтарға 9 теплоходтық және 4 автобустық маршрут ұсынылды. Алматының өнеркәсіп орындарында, құрылыста, ғылыми зерттеу институттары мен оқу орындарында туризм түрлері мен дене тәрбиесінің 4 клубы мен 31 секциясы жұмыс істеді. Клубтар мен секциялар өз қатарында 49 мыңнан астам туризмнің жанкүйерлерін біріктірді. 1982 жылы Алматының туристік клубтары мен секциялары 9 060 поход ұйымдастырды, оларға 241,1 мыңнан астам адам қатысты. 1949 жылы енгізілген Бүкілодақтық ашық квалификацияға енгізілген спорттық туризм түрлері бойынша слеттар мен жарыстар ұйымдастырылып отырылды. 3,5 мыңнан астам адам КСРО бойынша разрядтар алып, 22 спорт мастерін алды. Спорттық туризмнің нормативтері Бүкілодақтық дене тәрбиесінің кешені «Готов к труду и обороне СССР» ге енгізілді.

Кеңес Одағы құлдыраған соң барлық туристік ұйымдар мен клубтар, секциялар өз іс-әрекеттерін тоқтатты. Оның негізгі себептері үкімет тарапынан қаржылай көмектің болмауы мен бұрынғы кеңестік республикалармен қарым-қатынастың үзілуі болды. Алғашқы жылдары Қазақстан Республикасының үніметі мен Туризм жөніндегі агенттік құрылды, кейіннен ол бірде спорт және дене тәрбиесі агенттігімен қосылып, бірде өзі жеке мекеме болып бөлініп отырды.

Туризм – демалыспен, бос уақытпен, спортпен, сондай-ақ мәдениетпен және табиғатпен тілдесумен тікелей байлынысты, жеке және ұжымдық толық жетілудің жолы ретінде жоспарлануы жеке тәжірибеге негізделуі тиіс қызмет.

Туризм – әлемдік экономикада басты рольдердің бірін атқарады. Дүниежүзілік туристік ұйымның деректері бойынша ол әлемдік жалпы ұлттық өнімнің бір бөлігін, халықаралық инвестициялардың 11 пайызынан астамын, әлемдік өндірістегі әрбір 9-шы жұмысшы орнын қамтамасызетеді. Қазіргі туризм индустриясы ірі жоғары табысты және жоғары деңгейде дамып жатқан халықаралық саудадағы қызмет көрсетулердің бірі. Халықаралық туризм әлемдік экспорт табысының 8 пайызын, экспорттағы қызмет көрсетулердің 37 пайызын алады. Ішкі туризмнен түскен табыс, табыс көлемі бойынша мұнай, мұнай өнімдерін және автомобиль экспорттаудан кейін үшінші орын алады. Қазіргі деңгейдегі жағдай жаңа мыңжылдықта да қала бермек. Ал туризмнің өсуіне негізгі себеп болатын, ол туризм әлемдегі дәстүрлі аудандардан басқа, жаңа территориялардың пайда болуы. Осыған байланысты Қазақстанда әлемдік туристік нарықтағы өзінің орнын алып қалуға зор мүмкіншілігі бар.

1993 жылы Қазақстан Республикасы, дүниежүзілік туристік ұйымға нақты мүше болып кірді.

Қазақстанда қазіргі заманғы инфрақұрылым салаларының дамуына, соның ішінде туризмге үлкен мән беріледі. Туризм елдің тұтас өңірлерінің экономикасына белсенді ықпал етеді. Туризм саласында шаруашылығын

жүргізуін субъектілердің құрылуы мен жұмыс істеуі жол көлігінің, халыққа сауда, мәдени, медициналық қызмет көрсетудің дамуымен тығыз байланысты.

Біздің ғасырымызға дейінгі үшінші мыңжылдықта басталған Ұлы Жібек жолының құрылуы мен дамуы Қазақстан ішкі туризмінің тарихи алғы шарттары болып табылады.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы ішкі туристік қызметті реттеу мен халықтық тарихи және мәдени мұрасын жаңғырту үшін негіз болып қаланды. Туризмнің тез және тұрақты өсуін, оның қоршаған ортаға, экономиканың барлық саласына және қоғамның әл-ауқатына күшті ықпалын назарға ала отырып, үкімет Қазақстанның ұзақ мерзімді даму бағдарламасында туризмді басты сала деп анықтады.

Қазіргі туризм – бұл әлемдік экономиканың құлдырауды білмейтін саласы. Мамандардың есебі бойынша, орташа есеппен, бір шетелдік туристің беретін табысын алу үшін, шамамен 9 тонна тас көмір немесе 15 тонна мұнай немесе 2 тонна жоғары сортты бидайды әлемдік рынокқа шығару керек. Бұл ретте, шикізат сату елдің энергия көздерін азайтады, ал туристік өндіріс таусылмайтын ресурстармен жұмыс істейді. Шетелдік экономистердің есебі бойынша, 100 мың турист қалада орташа есеппен екі сағат болған кезде кемінде 350 мың доллар немесе адам басына бір сағатта 17,5 доллар жұмсайды.

Сөйтіп, шикізат сату өзіндік экономикалық тығырыққа тірелу болса, ал туризмді дамыту – ұзақ мерзімді, экономикалық тиімді болашақ.

Туризм жалпы алғанда, мемлекеттің экономикасына үш оң нәтиже береді:

1. Шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді және төлем теңгерімі мен жиынтық экспорт сияқты экономикалық көрсеткіштерге оң ықпал жасайды.

2. Халықтың жұмыспен қамтылуын көбейтуге көмектеседі. ДТҰ мен Дүниежүзілік туризм және саяхат кеңесінің бағалауы бойынша, туризм өндірісінде құрылатын әрбір жұмыс орнына басқа салаларда болатын 5-тен 9-ға дейін жұмыс орны келеді екен. Туризм тура немесе жанама түрде экономиканың 32 саласының дамуына ықпал жасайды.

3. Елдің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдеседі.

Қазақстанда ішкі туризмнің дамуы үшін нормативтік-құқықтық база құрылды. 2001 жылдың маусымында «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» жаңа заң қабылданды. Ол Қазақстан Республикасы экономикасының бір саласы ретінде туристік қызметтің құқықтық, экономиканың, әлеуметті және ұйымдастырушылық негізін айқындайды. Заңға сәйкес Қазақстандағы туристік қызметті мемлекеттік реттеудің негізі принциптері болып: туристік қызметке жәрдем беру және оның дамуына қолайлы жағдайлар жасау, туристік қызметтің басым бағыттарын айқындау және қолдау, сонымен қатар Қазақстан туризм үшін қолайлы ел туралы түсінікті қалыптастыру саналады.

1993 жылы Қазақстандағы туризм индустриясын дамытудың ұлттық бағдарламасы, 1997 жылғы «Жібек жолының тарихи орталықтарын

жандандандыру. Түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, 1997-2000 жеке туризм инфрақұрылымын құру туралы» Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасын қабылдады. 1997 жылы 2030 жылға дейінгі туризмді дамыту стратегиясы жасалды.

Қортындылай келгенде, қазіргі уақытта 2000-2015 жылдарға арналған туризмді дамыту жөніндегі республикалық бағдарламаның жобасы жасалған. Бұл бағдарламаның басты мақсаты республикада қазіргі заманға сай жоғары нәтижелі жеке бәсекеге қабілетті туристік кешен құру, экономиканың қосалқы салаларын өркендету. Сонымен қатар ол Қазақстанның ішкі туристік бейнесін қалыптастыруға және нығайтуға бағытталған.

Мемлекет Басшысының «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты халыққа Жолдауында туристік сектор шикізаттық емес саладағы ел экономикасының мамандануын анықтайтын мемлекеттің ұзақ мерзімге арналған жеті кластерінің қатарында экономикалық басымдықтардың бірі болып белгіленді.

Қазақстанның мәдени-тарихи және демалыс зоналарын жетілдіру мен сақтауға, саланың ғылыми-әдістемені қамтамасыз етілуіне, кадрларды дайындауға және қайта дайындауға үлкен мән бөлінетін болады.

Мақсаты. Туризм елдің тұтас аудандарының экономикасына белсенді әсер етеді. Туризм саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрылуы және жұмыс істеуі жол көлігін, сауданы, коммуналдық, тұрмыстық, мәдени, медициналық қызмет көрсетуі дамытумен тығыз байланысты. Сөйтіп, туризм индустриясы басқа экономикалық секторлардың көпшілігімен салыстырғанда, неғұрлым пәрменді мультипликаторлық тиімділікке ие.

Осындай көрсеткіштерге ие болып отырған туризм саласы Қазақстан Республикасында енді бой көтеріп келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «мемлекеттің экономикасына валюталық кірістің көзі ретінде туризмді перспективті салалардың бірі» деп бірнеше рет атап өтті. Бірақ, бүгінгі таңда Қазақстанда туризм саласы қажетті әлемдік стандарттардан артта қалып отыр. Бұл бірқатар жағдайлармен анықталады, олар:

- туристік инфрақұрылымның әлі де дами қоймағандығы;
- шетел инвестициясын туризмге қызықтыратын қаржылық-кредиттік жүйенің жетілмегендігі;
- мемлекеттің көрікті орындарының және туристік жерлерінің шетелде жарнамаланбауы және жеткілікті насихатталмауы;
- туризм саласында жоғары квалификацияланған мамандардың аздығы;
- туризм индустриясын нарықтық бәсекелестікке сай құру үшін ұйымдастырушылық, инновациялық және экологиялық негіздің дамымағандығы, туризмнің ғылыми негізінің өңделмегендігі.

Туризм индустриясын үлкен көлемді бизнес негізінде дамытуды қалыптастыру және рекреациялық потенциалды, рационалды пайдалану «Қазақстан 2030» стратегиясын, «Қазақстан Республикасында туризмді дамыту концепциясы», «Қазақстан Республикасының Туристік қызмет туралы» заңын

және басқа да нормативті-құқықтық актілерін жүзеге асыру мақсатында бағытталған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің туризм саласындағы белгілеген барынша маңызды міндеттерінің бірі – Қазақстанды орталықазиялық өңірдегі туризм орталығына айналдыру.

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты сырттан келушілер туризмі және ішкі туризм көлемін арттыру есебінен халықты жұмыспен қамтуды, мемлекет пен халық кірісінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру.

Сонымен қатар, нарықтық экономикалық шарттарында туристік іс-әрекетті жеке фирмалар мен өнеркәсіптер өз қолдарына алды, бірақ олар экономикалық жағдайларда жұмыс істеу білмегендіктен, тұтынушыларға сапалы қызмет көрсете алмады.

Қазіргі таңда Қазақстанда 600-ден астам туристік фирмалар, олардың 400-ден астамы Алматыда орналасқан. Біртіндеп келе қазақстандық туристік нарық көлемі ұлғайып, өз тұтынушыларына дәстүрлі қызмет түрлерімен бірге, кез келген талғам мен қаржы көзіне байланысты эксклюзивті турлар ұсына алады. Алайда Алматы қаласында туризмді дамыту жөнінде әлі де көптеген проблемалар аз емес, олар жоғарғы деңгейде шешілуде. Бұл мәселелер 2001 жылдың 13 шілдесінде қабылданған туризм туралы заңында ескерілген.

3.2 Алматы облысындағы туризмді дамытудың мүмкіндіктері мен қолайсыздықтары

Бүгінгі күні Алматы облысы Қазақстан территориясының ең тартымды және туристердің ең көп келетін аймағы болып табылады. Алматы тарихи-мәдени орталық болып мұнда мыңдаған саяхатшылардың демалыс орны болып табылады. Туризм бұл жерде үлкен жетістіктерге 80 жыл соңында ие болды. Алайда сол кезде де ұйымдастырушылар алдында көптеген қолайсыздықтар тұрды. Тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстан туристік іс-әрекетті өз бетінше жүргізуге мүмкіншілік болмады. Барлық бұйрықтар мен шешімдер «Жоғарғы» жақтан келіп отырды және орындау барысында өлкенің жергілікті спецификасы мен ерекшеліктері ескерілмеді. 1993 ж бастап Алматы облысының туристік әулиетін (потенциалы) игеру Қазақстан Республикасының туризмін дамытудың Ұлттық бағдарламасы бойынша жүргізілді. Ол Қазақстан Республикасының президентінің 1992 ж 15 шілдесі мен 15 тамызында қабылданған № 635 және № 853 қаулысы және ҚР жастар ісі мен спорт Министрлігінің бұйрығы бойынша жасалған ҚР Министр қабылдаған 1992 ж 7 қазанында қабылданған № 839 қаулысы негізінде «Казгипроград» институтымен дайындалды.

Ұлттық бағдарлама проектісі негізінде облыс территориясында туризмнің даму концепциясы жүзінде «Алматы облысының туризмін дамытудың 1993-2000 ж.ж аралығына арналған бағдарламасы» жасалып, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің коллегиясы (пр. 8; п.1 от 23-09.93г) және Алматы облысының администрациясының басшысының (пр.

10-667 от 07.10.93г) біріккен қаулысымен бекітіледі. Ол бірінші кезекте өз территориясында туристерді халықаралық туризмнің даму тенденциясына сай қабылдауға қолайлы жағдай жасауға бағытталды.

Ұлттық бағдарлама мен заңнаманың өзгеруіне сай және экономикалық жағдайға байланысты облыс әкімі 1997 ж Алматы облысында туризм индустриясын дамытудың Ұлттық бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар (1997-2000ж) (15.07.1997 ж № 7-275 шешім) бекітті.

Табиғи ресурстар, спортпен шұқғылдану, ұлттық экзотика элементтерінің бай ресурстарына сүйене отырып сыйымдылығы жағынан жоғары деңгейлі турбазалар, пансионаттар, отельдерді осы мақсаттарға сәйкес келетін аудандарда дамытуды ұсынады. Бағдарлама туризм мен оған бағытас салалардың мемлекеттік жобаларды құру мен іске асыру кезінде шетел компаниялары мен жеке инвесторлар қаржыларын, бір реттік және ұзақ мерзімді келісім шарттар, ортақ кәсіпорындар және облыстың туристік ұйымдардың іс-әрекеттерін іске асыру арқылы туристік қызметтерді құру, сонымен қатар жобалауда, құрылыс, транспорт, сауда-саттық, мәдени-танымдық, спорттық индустрияны дамыту үшін қолдану көзделген [45, 27 б.]. Алматы бойынша жаяу саяхат(тур).

1 «Астана» сәулет қорығы

1993 жылы ҚР министрлер кабинетінің шешімімен ұйымдастырылған «Астана» қорығы Гоголь, Зенков, Төле би, Қонаев көшелерінің аумағындағы қаланың тарихи орталығын қамтиды. Серуен кезінде 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы парктің ғасырлық емендерін, шырша саяжолдарын, гүл бақтарын тамашалауға, Зенков, Гурдэ және т.б. сәулетшілердің керемет туындыларын: Кафедралы шіркеу, Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары Мұражайын, бұрынғы Верный қалалық училищесін, ерлер мен қыздар гимназиясын көре отырып, ескі Верныйды сезінуге болады.

Саяхат уақытында қазіргі кезең сәулетшілерінің де туындылары қызықтырады – Даңқ Мемориалы, Әскер Үйі, «Отырар» қонақ үйі.

Серуенді Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарының мұражайында алдын ала тапсырыс бойынша қазақ этнографиялық ансамблінің концертін көрумен немесе «Арасан» сауықтыру моншасына барумен ұштастыруға болады.

Уақыт ұзақтылығы 2-4 сағат.

Ұзындығы 4 шақырым.

Қосымша ақпарат алу үшін тәулік бойы қызмет атқаратын анықтамалық қызметке мына телефон бойынша хабарласуға болады: (3272) 975-005

2 Орталық мәдениет және демалыс паркінің саяжолдарымен

Қосымша ақпарат алу үшін тәулік бойы қызмет атқаратын анықтамалық қызметке мына телефон бойынша хабарласуға болады: (3272) 975-005

3 Ботаникалық бақ

ҚР Ғылым академиясының бас ботаникалық бағы 1932 жылы құрылған және теңіз деңгейінен 900 м. биіктікте 108 га. алаңында орналасқан Мекенжайы: Тимирязев к-сі, 48.

Экскурсия бөлімі ботаника - географиялық принцип бойынша (Қазақстан,

Ресей, Крым және Кавказ, Солтүстік Америка өсімдік дүниесі) орналасқан бақтың тізілу тәртібімен саяхат ұйымдастырады. Өсімдіктер өсіп тұрған орында парктік – ландшафты принцип қолданылған. Бақ топтамасында раушан гүлдердің жүздеген түрі, сәлдегүлдің, қашқаргүлдің, лаланың, жұпаргүлдің ондаған түрі, сондай-ақ, түрлі ағаштар мен басқа да өсімдіктер, соның ішінде шипалы және жеміс-жидек мәдениеттері бар.

Серуен кезінде розарий, еменшөп, қалқан ағаш тоғайын тамашалауға болады. Бағдарламаның басты бөлімі пальма, банан, бамбук, кактус, тропикалық сулы және басқа тұрпатты өсімдіктердің 1000 жуық түрі бар, бірнеше бөлімшелерден құралған жылыжайы болып табылады.

Ұзақтылығы: қыстың күні 1 сағат, жаздың күндері 2 сағат.

Ұзындығы: 2 шақырым.

Қосымша ақпарат алу үшін тәулік бойы қызмет атқаратын анықтамалық қызметке мына телефон бойынша хабарласуға болады: (3272) 975-005

4 «Атакент» іскерлік ынтымақтастық орталығы

«Атакент» тарихы өз бастауын 1961 жылдан, Тимирязев к-нің оңтүстік жағына қарай ғылым, техника, өндіріс пен мәдениет жетістіктерін насихаттау мақсатында 10 павильон («Басты», «Ауыр өнеркәсіп», «Ауылшаруашылығы»...) мен 7 алаңда («Көлік машиналары», «Құрылыс техникасы» ...) ашылған халық шаруашылығының жетістіктері көрмесінен алады. Мыңдаған экспонаттар ішінде қолданыстағы 136 макеттер мен моделдер ерекше қызығушылық танытқан.

1994 жылы үкімет шешімімен ХШЖК отандық кәсіпкерлікті қайта өрлету мен басқа мемлекеттермен шаруашылық және мәдени байланыстарды орнықтырып, кеңейту мақсатында Іскер ынтымақтастығы орталығына айналды.

Автомобиль, жиһаз, тұрмыстық техника және халық тұтынушы басқа да тауарлар мен ауылшаруашылық өнім сатушы сауда орталықтары әрдайым жұмыс жасауда.

Жыл сайын дәстүрге айналған жәрмеңкелер, мәселен күзгі әмбебап «Каркара», мұнай, медицина, машина жасау, туристік сияқты салалы жәрмеңкелер өткізіледі.

Сонымен қатар, «Атакент» қайың тоғайшығының, шырша, қарағай саяжолдарының, гүл бақтары мен фонтандар арасында орналасқан ашық алаңды мейрамханалар, кафелердің болуы арқасында қала халқының және қала қонақтарының демалыс орны болып табылады. Ниет білдіргендер үшін қысқы бағы бар жабық бассейні мен үлкен ашық бассейнінен құралған «Дельфин» аквапаркіне бара отырып, ІЮ кеш батқанша болуына болады. Су аттракциондары, сауна, тренажер залы бар.

Ұзақтылығы 2-12 сағат

Ұзындығы 2 шақырым

Қосымша ақпарат алу үшін тәулік бойы қызмет атқаратын анықтамалық қызметке мына телефон бойынша хабарласуға болады: (3272) 975-005

Алматы бойынша көлікпен саяхат(2-тур).

Экскурсия: «Алматы спорт кешені» бойынша

Түрі: автобуспен

Ұзақтығы: 2 сағат

Маршрут ұзындығы: 20 км


Экскурсанттар құрамы: 15 турист

Экскурсия мақсаты: «Спорт» кешенімен толықтай таныстыру, кешен туралы қызықты ақпараттар беру, жетістіктерін атап өту.




Экскурсия тапсырмасы: «Спорт» кешенімен таныстыра отырып осы жердің бар байлығымен туристтерді тамсандыру, және қызықтыру.

Экскурсия маршруты: Алматы - Медеу – Шымбұлақ – Трамплин – Шаңғы биатлоны – Балуан Шолақ – Табаған – Алматы орталық стадионы – Алматы

«Алматы-спорт кешені» бойынша экскурсия маршрутының технологиялық картасы мен схемасы (Сурет 9)



Сурет 9 – Экскурсия маршруты

-  - маршрут жолы
-  - аялдама
-  1 - И.В. Панфилов ескерткіші

- ▲ 2 - Балалар кітапханасының ғимараты
- ▲ 3 - Жамбыл ескерткіші, археологиялық мұражай
- ▲ 4 - Т. Шевченко ескерткіші
- ▲ 5 - «Қазақстан» қонақ үйі, геологиялық мұражай
- ▲ 6 - Абай ескерткіші, Республика Сарайы

Қазіргі кезде қалыптасып отырған экономикалық конъюктураға байланысты республика аумағы мен Алматы облысында басты идея өңірдің географиялық және тарихи территориялық орналасуын трансазиялық туристік байланыстардың маңызды түйініне, Европа және Азия елдері арасындағы бірегей көпірге айналдыру болып табылады. Бұл іс Ұлы жібек жолы мемориалды трассасын қайта жандандыру бағдарламасы байланысады. Соңғы мақсат болып турист спорттық-рекреациялық қызметтерді дүние жүзілік нарық ұсыныстарына сай және халықарлық стандарттар деңгейіне сай облыс шегінде дпмыған жоғары эффектілі индустриялармен қамтамасыз ету болып табылады.

Қазіргі кезде рекреация мен туризм саласында орын алған жағдайдың анализіне жүгіне отырып келесі қолайсыздықтарды атап атап өтуге болады.

- туристік материалдық базаның төмен деңгейде болуы, туристік объектілер жүйесінің құрылысы мен реконструкциясына қаржы салымдарының көлемінің шектеулі болуы.

- әулетті туристік аймақтарында дамыған коммуникациялар жүйелерінің болмауы.

- халықаралық туристік нарықта шетел өнімдерімен бәсекелесе алатын ұсыныс дайындауға жетерлік, керекті тәжірибенің болмауы, жарнама және туристік шаруашылықты басқару мен іске асыруға керекті тәжірибесі бар кадр-мамандардың болмауы (бұл қолайсыздықты шешу алдын-алу принципіне сай болуы керек; тәжірибелі серіктестер мен жұмысшыларды үйретуді паралельді жүргізу керек

- материалдық мәдени ескерткіштердің танымдық туризмнің ресурстарының нашар жағдайы.

- облыс туризм ресурстар мен ресурстарды үйлестіру және белсенді демалыстың анализі – рекреациялық-спорттық табиғи объектілердің игерілу деңгейінің төмендігі, перспективалық туристік аудандарда дамыған коммуникациялардың жүйелерінің болмауы.

Тарихи-этнографиялық ескерткіштердің ауқымды бөлігі (танымдық туризмнің ресурстарының) саяхатшылардың үлкен массасының қызығушылығына ие болып отырғанымен, өте нашар жағдайда болуда. Оларды көрсетілімге дайындау үшін ғылыми-іздеудің және реставрациялық жұмыстың үлкен көлемді ізденістері керек, арнайы консерванттарды пайдалану, ескерткіштерді қайта жандандыруға прогресивті технологияларды қолдану, реставратор мамандарды дайындау қажет...

Алматы облысында қазіргі заман талаптарына сай туристік сұраныс стереотиптерін қанағаттандыра алатын қайталанбас ресурстық үйлесімділігі бар. Ұлттық бағдарламаға сай облыс территориясында әр түрлі функционалдық қажеттілікке керек 23 негізгі ландшафтық-рекреациялық зона бөлінген. Олар

әр-түрлі сыйымдылық деңгейіне және жыл бойы туристік рекреациялық іс-әрекетке жағымды дәрежеде болуы керек. Ал негізгі рекреациялық аудандардан тыс жерлердегі басқа территорияларда көпшілік туризмді ұйымдастыруға, спецификалық туристік іс-әрекетке мезгілі бойынша немесе басқа шарттармен регламенттелетін туризм түрлерін ұйымдастыру мүмкін. Туризмнің өзіне тән объектілеріне табиғи парктер, қорықтар, қорықшалар, табиғи ескерткіштер, мемлекеттік және қорықтық аңшылық шаруашылықтар жатады.

Табиғи-қорықтық фондтың барлық объектілерінде, ұлттық парктерде, арнайы ғылыми туризмді, оқу-танымдық туризм түрлерін дамыту мүмкіндігін тудырады. Аңшылық шаруашылықта спорттық бағыттағы аңшылық турлар мен жекелеген лицензия арқылы турлар ұйымдастыру мүмкіншілігі бар.

Кейінгі кезде облыс шегінде орман шаруашылығы өндірістік бірлестіктер мен мемлекеттік ұлттық табиғи парктер базасында классикалық және ұлттық аңшылық түрлері «Бүркітші»- қыран құстармен аң аулау, қазақи ит-«тазымен» аң аулау және т.б. жандандыру жолында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Спорттық аңшылық туристік іс әрекет ретінде өте жақсы перспективаларға ие, бірақ үлкен қаржыландыру мен материалдық базаны құруды, транспорттық қамтамасыздандыру, қызмет көрсету персоналын дайындау және т.б. керек етеді. Сонымен қатар аңшылықты ұйымдастырумен айналысатын ұйымдарда лицензияның болуына қатал тексерістер керек.

Облыс өз территориясында тау және соған бағытас спорттық туризм түрлерін дамытуға керекті ауқымды ресурстарға ие. Бай, бірақ аз қолданудағы әулет тау шаңғы спортын дамытуға (Түрген, Баянкөл, Жоңғар және т.б. өңірлер) барлық керекті факторларға ие, сонымен қатар мұздықтардың жақын болуы маусым ұзақтығын үлкейтуге қолайлы жағдай тудырады. Сонымен қатар жаз мезгілінде тікұшақты қолдану арқылы сырғанауды (Hellysky) ұйымдастыруға болады. Алматы облысының шығысында Райымбек ауданында альпинизм және тау-спорт туризмінің халықаралық базасы құрылуда: бұл жерде МАЛ «Хан Тенгри» және ҚР қорғаныс министрлігінің ОӘСК орналасқан.

Алматы облысының ең экзотикалық бұрыштарында демалыс үйлерінің жүйесін дамытуда белсенді жұмысты «Жібек жолы» фирмасы жүргізуде. Райымбек, Еңбекші қазақ аудандарында тау шаңғы базаларын, тау мейманханалары мен лашықтар, тау шаңғы спортының базасын, альпинизм, шыңға өрмелеу, дельтапланеризм, жазық шаңғы, шанамен сырғанау және бальнеологиялық курорттарды дамыту мүмкінділігі мол. Бұл жерге: Жалаңаш, Тоғы бұлақ, Көлсай көлдер жүйесі, Микушин сай шатқалы, Тау Түрген, Ассы-Ойжайлау және т.б.

Оңтүстік қоршауда орналасқан Тянь-Шань мен Жоңғар Алатауының мұздықтармен жабылған таулы қыраттары халықаралық альпинизмді дамытуға кең мүмкіндік бере отырып, үлкен табысқа ие болуға қолайлы жағдай тудырады. Әсіресе бұл мүмкіндіктер Іле Алатау, Хан-Тәңірі шыңына солтүстік жолды жабатын Күнгеі және Алатау тауының қыраттарында жақсы айқындалады.

Алматы облысы спорттық туризм Федерациясы дайындайтын инструкторлар кадрларынның болуы жоғарыквалификациялы спортсмен-альпинистердің қолайлы тәбиғи жағдайларды үйлестіре отырып, Іле Алатауының альпинистік аймағын көп шығын шығармай-ақ шетел тау туризмі мен альпинизмді дамытуға қол жеткізуге болады. Бұл ретте табылатын табыс көлемі лашықтар жүйесін тұрғызуға кететін шығыннан әлдеқайда көп болып отыр.

Ішкі тау өзендері Шарын, Шелек, Көксу, Қаратал, Іле өзені, Алакөл, Балқаш көлі, Қапшағай су қоймасында белсенді демалыс түрі ретінде су туризмін дамыту мүмкіндігі бар. Қосымша қызмет түрі ретінде балық аулау су асты аңшылығы және т.б. ұсынуға болады.

Батыстың туристік қызметтерінің саласында белгілі бір орынды ғылыми туризм алып отыр. Туризмнің бұл түрін Алматы Облысының территориясында дамытуға барлық мүмкіндіктер бар. Мысал ретінде:

- Іле және Күнге Алатау тауларындағы геологиялық жарықтарға турлар, облыстың шығысындағы Шарын каньонына турлар;
- Зоологиялық турлар, шөлейтті-жазық зонасындағы Сайғақтардың тұрақ ету орындарының маршруты бойынша;
- Шү-Іле таулары мен Прибалхаш шөліндегі (Іле өзенінің дельтасындағы) флористикалық турлар;
- Таулардағы мұзды және моренді көлдерді бақылауға бағытталған экскурсияларды келтіруге болады.

Алматы облысының туристік іс-әрекетті тек табиғи-рекреациалық әулетке ғана бағытталған даму мүмкіндіктері осындай.

Қазіргі заманның нарықтық шарттары мемлекеттің дамуының жаңа кезеңіне өтуі өз тәртіптерін орнатуда. Туризмге деген мемлекеттің дамуының жаңа кезеңіне өтуі өз тәртіптерін орнатуда. Туризмге деген мемлекеттің басшыларының теріс көзқарасы, заң актілерінде туған келіспеушіліктер сияқты қолайсыздықтар тууда. Осылайша көптеген уақыт бойына туризм саласында кешенді шолулар, ұзақ мерзімді жобалаулар, туризиді территорияның ұйымдастыру жүргізілмеген (бірақ кейінгі жылдары туризмді дамытуға бағытталған заң тараптары қолдануда).


Туристерді қабылдауды іске асыруда жасалған амалсыз үзіліс туристік инфрақұрылымына жақсы әсер тудырмады. Көптеген базалар, кемпингтер, туристік лагерлер ең жақсы дегенде 5-10 жыл бұрынғы жағдайында сақталған, немесе мемлекетіміздің табиғаты мен ескерткіштерімен танысқысы келетін туристерді қабылдауға мүлдем жарамсыз болып қалған.

Мысалға алсақ: Есік көліне, Үлкен Алматы көліне және т.б. жерлерге бару жарық жолдармен жету күннен-күнге қиындап барады [33].

Осы қолайсыздықтармен көптеген туристік фирмалардың шығу туризмімен айналысып, ішкі туризмге көңіл бөлмеу саясаты бүгінгі күні экономикалық жағынан түсімі көп сала туризм Қазақстан мемлекетінде табыс әкелу орнына, туристермен бірге шет елдергек қаржы көздерінің шығуына әкеліп отыр. Ал бұл кездет барлық өркениетті елдер негізгі туристік ағымдарды

тартуға тырысады, өйткені туризм мемлекеттің бюджетін толтырудың маңызды көзі болып табылады. Осы себепті Қазақстанға шет ел туристерінің ағымын көбейту керек. Бұл мақсатта туризммен айналысатын ұйымдардың бағытын кіру туризміне бағыттау керек. Ал ол бірінші кезекте транспорт, орналастыру орнын, кадрлық қамтамасыздандыруға байланысты.

Ал, енді Алматы қаласындағы туристік фирмалар қызмет көрсеткен келушілер санын қарастыратын болсақ (Сурет 10).



Сурет 10 – 2011 жылы Алматы қаласында туристік фирмалар қызмет көрсеткен келушілер санының бөлінуі

10 суретке сәйкес, 2011 жылғы ҚР статистикалық агенттігі мәліметтері бойынша Алматы қаласындағы туристік фирмалар қызмет көрсеткен келушілер санын пайыздық мөлшерде қарастыратын болсақ: Түркісіб – 8%, Алматы – 31%, Әуезов – 2%, Бостандық – 17%, Жетісу – 10%, Медеу – 32%. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Алматы қаласындағы сатылған жолдамалар санын төмендегі кестеден көруге болады (кесте 11).

11-кесте – Алматы бойынша 2011 жылғы сатылған жолдамалардың саны бірлік

Жылдар	2007	2008	2009	2010	2011
Барлығы	124 740	112 687	95 434	120 593	157 071
Алматы	27 571	28 692	27 352	29 743	39 187
Әуезов	3 750	1 927	1 712	1 047	1 066
Бостандық	36 329	17 129	13 915	11 931	15 208
Жетісу	16 163	17 893	10 028	17 821	21 607
Медеу	27 859	30 768	30 494	44 120	70 877
Түркісіб	13 068	16 278	11 933	15 931	9 126

Е с к е р т у – 2011 жыл ҚР статистикалық агенттігі мәліметтері негізінде автор құрастырған

11-кестеде көрсетіп отырған, Алматы қаласы бойынша сатылған жолдамалардың саны бірлігі берілген: мұнда барлығы Алматы өаласы бойынша

– 157 071 жолдама бірлік саны сатылған.

Алматы облысында туризм индустриясын дамыту бірінші кезекте жоғарыда айтылып өтілген Ұлы Жібек жолының оңтүстік кескінін қайта жандандырумен және туристік қызметтер саласына Балқаш көлі, Алакөлдің батыс жағалауын, Жоңғар Алатауының ең атрактивтілігі жоғары таулы аймақтары және т.б. сияқты аз игерілген территорияларды қосып дамытуды, сонымен бірге әдеттегі демалыс пен туризм орындарын жандандыруға жауапты түрде келу керек. Алматы қаласы бойынша статистикалық агенттігі мәліметтері бойынша 2011 жылғы келушілердің қатынас құралдары (кесте 12).

12-кесте – Алматы қаласы 2011 жылғы келушілердің қатынас құралдары

адам

Жылдар	Барлығы	соның ішінде			
		әуе көлігінде	темір жол көлігінде	қала-аралық автобустарда	басқа да құрлықтағы құралдарда
Барлығы	298 227	263 052	4 579	25 223	5 373
Алмалы	84 686	77 589	1 195	2 501	3 401
Әуезов	4 913	3 913	64	801	135
Бостандық	49 521	44 316	742	4 243	220
Жетісу	22 843	7 375	62	14 985	421
Медеу	125 343	118 938	2 516	2 693	1 196
Түркісіб	10 921	10 921	-	-	-

Ескерту – 2011 жыл ҚР статистикалық агенттігі мәліметтері негізінде автор құрастырған

12-кестеде көріп отырған, Алматы қаласы 2011 жылғы келушілердің қатынас құралдарымен әуе көлігінде 263052 адам, темір жол 4579 адам, өала-аралық автобустарда 25 223 адам тасымалданған.

Дүние жүзінің мемлекеттерінің таулы аймақтарды игерудегі жетістігіне көңіл бөлсек, Алматы облысының рекреациалық игерілуін ұйымдастыруды заманауи технологияларды қолдану арқылы интенсификациялау арқылы жүргізілуі керек.

Облыстың негізгі рекреациалық ресурсы болып табиғи ландшафтардың кең ауқымдылығы: дала, шөлейт, сексеуіл ормандары, тоғайлар мен қамыс қопалар; территорияның рельефі шытырман оқиғалы, экстрималды туризммен оның белсенді түрлері вело, авто-мото және су туризм түрлерін дамытуға жол ашады. Балқаш маңы - Қазақстанның адам іс-әрекетінен жануарлар мен өсімдік әлеміне қатты әсері тие қоймаған аймағының бірі болып табылады. Бұл көптеген жануарлар мен өсімдіктерді өзінің табиғи жағдайында, өзгеріссіз бақылауға мүмкіндік береді. Дұрыс басқару жағдайында мұнда балық аулауды, спорттық аңшылықты, саңырау құлақ теруді, белсенді туризмнің жеке түрі ретінде немесе оның қосымшасы ретінде дамытуға болады.

Туризммен экскурсияны дамыту жолында үлкен рольге Алтынемел Ұлттық табиғи паркі және Алматы, Балқаш, Іле дельтасы сияқты қорықшалар

ие бола алады. Олар жергілікті және шет ел туристеріне көрсетуге болатын өте жақсы экскурсиялық объект болып табылады.

Қазақстанның геологиялық мұрасы ретінде мемлекет шегіндегі Іле-Балқаш аймағы өзіне 200 аса объект кіргізеді және күннен-күнге өсуде. Олардың ішіндегі ең қызықтысы болып Азиядағы ең көне жер бетіндегі омыртқалының қалдығы (300 млн. жыл), дүние жүзіндегі аналогы жоқ жер бетіндегі алғашқы өсімдіктер қалдығы (450 млн. жыл) жақсы сақталған сөнген жанартаулар, тектоникалық процестердің айғағы, әр түрлі типтегі мұздықтар, сарқырамалар, тектоникалық процестерден пайда болған көлдер, метеориттік кратерлер және т.б. болып табылады.

Объектілердің кей біреулері қазіргі кезде бар ұлттық парктер (мысалы: Аққұм-Қалқан жаңғыр құм, Ақту ландшафтық-стратегиялық кешені, тектоникалық құрылымдар, Іле Алатауының көлдері мен сарқырамалары) территориясында орналасқан, алайда олар әлі күнге дейін жеткіліксіз немесе мүлдем қорғалмай туризм схемасына енгізілмеген. Геологиялық мұраның негізгі қоры әлі анықталмаған, сол себепті оларға зиян келтіру, тіпті түгелдей жойылу қаупі төніп тұр.

Туризмнің тез дамуына қол жеткізуді тез арада орындау жолында, келешек ұрпақтарға кесірін тигізуге болмайды. Бұл принципке ең жағымды болып туристік-рекреациялық шаруашылықты дамыту болып табылады, өйткені оның іс-әрекет етуі басқа шаруашылық салаларына қарағанда ресурстарды қолдануда, ең аз кесірін тигізеді.

Табиғат және мәдениет мұралардың бағалығының ең үлкен мойындалуы, оның (ӘМТ) тізімінің ақпараттық базасына енгізілуі болып табылады. Бұндай аймақтарға халықаралық көңіл бөлінуі оған қорғаныстың ең үлкен деңгейін бере отырып, сонымен бірге экологиялық туризмнің объектісі ретінде көпшілік популяризациялануына әкеледі.

Қорытындылай келгенде, бүгінгі күні Қазақтың екі бір феномені бұл тізімге енгізілген. Алайда Қазақстанда бұл тізімге кіргізу үшін барлық критерилері сай 10 аймақ бар, оның 5 Алматы облысында орналасқан. Олар: Хан-Тәңірі тау массиві, Талғар массиві (көлі, өзені, жануарлар мен өсімдік әлемінің үйлесімділігі), Шарын өзенінің каньондарындағы «Шаһарлар жазығы», «Алтынемел» Ұлттық паркінің территориясы және Балқаш –Алакөл-Эбинур көл жүйесі. Жер бетіндегі ең көне 6 суаттан тұратын топ (Қытайдағы Эби-Нур көлін қосқанда) 30 млн жылдан бері сақталып келе жатыр (салыстыратын болсақ: Арал көлінің жасы бар болғаны 12 мың жыл). Ол Орталық Азиядағы континенталдық акваторидің ең ірісі болып табылады. Жүйенің биологиялық қордың ерекше түрі (мысалы: реликтік шағала) және Балқаш көлінің тұздылығының өз бетінше реттелу механизмі болып табылады.

Алматы облысының территориясы басты бағыттардағы транспорттық тораптармен қиылысады. Облыстың негізгі тұрғылықты жерлері бір-бірімен жалғасады. Осыған байланысты ұзақтығы, ұзындығы, қолданылатын көлік түрі мен тақырыбына қарай әр-түрлі туристік маршруттар жасауға жол ашады. Туристік жорықтар жасау мүмкіндігі бұл жерде шексіз болып табылады.

3.3 Қазақстан Республикасының ішкі туризмі және оның даму болашағы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1445 қаулысымен бекітілген Туристік саланы дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, заңнамалық нормативтік актілер әзірлеу, туризм инфрақұрылымын қалыптастыру, статистиканы, кадр, білім беру және өңірлік саясатты жетілдіру, туризм саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі міндеттер қойылды.

Бағдарламаны іске асыру мақсатында «Қазақстан Республикасының аумағында апатқа ұшыраған туристерге қажетті көмек көрсететін мамандандырылған қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 мамырдағы N 450 қаулысы, «Барлық санаттағы жерлерден ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және кеңейту үшін жер учаскелерін алу (сатып алу), ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы бөгде үйлер, ғимараттар мен объектілерді құлату, сыртқа шығару, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жер учаскелерін, үйлер мен ғимараттарды ғылыми, туристік және рекреациялық қызметтер үшін жалға беру ережесін бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы N 240 қаулысы» қабылданды.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы N 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 806 бірлескен бұйрығымен бекітілген жаңа Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы нұсқаулық қабылданды, онда еліміздің бұрынғы азаматтарын қоса есептегенде, 54 мемлекеттің шетелдік азаматтары үшін визалық рәсімдерді оңайлату көзделген, «Туристерге медициналық қызмет көрсету және шұғыл көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 14 қазандағы N 746 бұйрығы шығарылды.

Туристік сала үшін кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Туризм және спорт агенттігінің 2004 жылғы 12 наурыздағы N 06-2-2/89 бұйрығымен Туристік ұйымдар қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, оларды аттестаттау және қоғамдық туристік кадрлардың әр түрлі санаттарын даярлау ережесі бекітілді.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі туризм саласындағы қызметтер мен қызмет көрсетулер түрлерінің статистикалық номенклатурасын (ТҚҚСН), одан әрі ұлттық шоттар жүйесіне Туризмнің қосымша шотын (ТҚШ) енгізу жобасын іске асыру үшін қосымша талдамалы зерттеулер жүргізілетін сауалнамалар мен кестелер әзірледі.

Туризмнің қарышты және тұрақты дамуына сырттан келушілер мен ішкі туризм көлемінің өсу қарқыны мен туристік қызметті мемлекеттік реттеу жүйесінің құрылуы куә бола алады.

Бұл ретте елдің туристік имиджін қалыптастыруға және ұлттық туристік өнімді туристік қызмет көрсетулердің әлемдік нарығына шығаруға айрықша назар аударылды: 2001 жылдан бастап осы уақытқа дейін Берлин (ГФР), Лондон (Ұлыбритания), Мадрид (Испания), Мәскеу (РФ) қалаларында, ал 2006 жылғы қаңтардан бастап Утрехт (Голландия) қаласында өткізілетін ірі халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерге Қазақстанның жыл сайын қатысуы қамтамасыз етіліп келеді.

Жыл сайын көрме алаңдары ұлғаюда, республиканың туристік ұйымдарының өкілдіктері кеңеюде, жарнамалық-ақпараттық өнімнің сапасы артуда. Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінде (Лондон қ.) 2004 жылғы қарашада Қазақстанның бірінші туристік өкілдігі ашылды.

Бүкіләлемдік туристік ұйымның Іс-шаралар күнтізбесіне енгізілген КІТФ - Қазақстан халықаралық туристік жәрмеңкесі Алматы қаласында, «Белуха» халықаралық туристік фестивалі Шығыс Қазақстан облысында жыл сайын өткізіледі. 2005 жылы КІТФ жәрмеңкесіне әлемнің 23 елінен 200-ден астам компания қатысты, ал 2006 жылы оның экспоненттері 30 елден 450 компания болды. Сонымен қатар негізгі мақсаты туристер ағынын елдің орталық және солтүстік өңірлеріне тарту, ел ордасы - Астананың үшінші мыңжылдық қаласы ретінде имиджін қалыптастыру болып табылатын «Астана-Демалыс» халықаралық қазақстандық туристік көрме жыл сайын өткізіліп тұрады.

Туристік бизнес кәсіпкерлері үшін гранттар, техникалық көмек және инвестициялар тарта отырып бизнес-жоспарлар құру мен инвестициялық жобалар жасау бойынша оқытып үйрету семинарларын жыл сайын өткізу қамтамасыз етілген. Қазақстанның туристік мүмкіндіктерін шетелде көрсету үшін инвестициялық жобалар каталогы, бағыттамалар, буклеттер мен қағаз және электрондық жеткізушілердегі басқа да жарнамалық-ақпараттық өнім шығарылды.

Қазақстанның оң туристік имиджін қалыптастыруға және туристік индустрияға инвестициялар тартуға Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің (ШИК) жұмыс тобы көп жәрдемін тигізеді, оның шеңберінде 2005 жылы ШИК жұмыс тобының мүдделі мүшелері қатарынан туризм жөніндегі шағын топ құрылды. Сонымен қатар 2006 жылдан бастап ШИК веб-сайтында «Қазақстандағы туризм» Интернет-парағын ашу туралы шешім қабылданды.

Бүгінде республика іс жүзінде туризмнің қолданыстағы барлық түрін ұсынып отыр. Туристік кластерді дамыту шеңберінде республикада туризмді дамытудың іскерлік, экологиялық, мәдени-танымдық, сондай-ақ шұғыл түрлері сияқты басым бағыттары айқындалды.

Біздің мемлекетімізде туризм саласы әлі мықтап дамымаған, туристік фирмалардың басым бөлігі ұсақ фирмалар, сондықтан олар көбінесе шығу туризмімен айналысады және сонымен қатар Қазақстан әлі жас мемлекет болғандықтан әлемнің көптеген елдері мұндай мемлекет бар екенін білмейді яғни еліміздің туристік имиджі қалыптаспаған. Ал ішкі туризмнің жағдайы


статистика бойынша жаман емес, яғни отандастырымыздың патриоттық сезімі оянған болу керек туған табиғатымызға деген қызығушылық жылдан-жылға артуда. 2012 жылғы ҚР статистикалық агенттігі мәліметтері бойынша сырттан келушілер туризмін диаграмма түрде көруге болады (Сурет 11).



Сурет 11 – резиденттер еместер

11 суретке сәйкес, 2011 жылғы ҚР статистикалық агенттігі мәліметтері бойынша сырттан келушілер туризмін талдау көрсеткендей, туристердің 544 мың адам біздің елге іскерлік және кәсіби мақсаттармен келгенін көрсетті. Елімізде ререация мақсатында 18 мың турист (30,1 %), таныстары мен туыстарының шақыруы бойынша 16 мың турист, іскерлік туризм – 544 мың, емделу-шоп турлар – 6 мың адамды құраған.

Ал, 2011 жылғы Қазақстан Республикасының статистикалық жинақ агенттігі мәліметтері бойынша жыл сайын сыртқа шығушылар туризмінің көлемі артуда, оны төмендегі диаграммадан байқауға болады. Бұл динамиканы диаграммада көрсететін болсақ оның көрінісі келесідей (Сурет 12).




Сурет 12 – резиденттер

12 суретке сәйкес, 2011 жылғы ҚР статистикалық агенттігі мәліметтері бойынша жыл сайын сыртқа шығушылар туризмінің көлемі артуда 2011 жылғы шығу туризмі түрлері бойынша қызмет көрсетілген туристер рекреация – 69 мың адам құраған, туыстарға бару – 694 мың, іскерлік туризм – 1437 мың , емделу-шоп турлар – 62мың. Алыс шетел мемлекеттерінің ішінде Түркия - 63,1 мың адам (30%), Қытай - 48, 6 мың адам (23,1%), Біріккен Араб Әмірліктері - 23,8 мың адам (11,3%) Қазақстан тұрғындары арасында барынша танымал болып табылады.

Қазақстан Республикасы 2011 жылы туристік фирмалармен қызмет

көрсетілген туризм типтері бойынша диаграмма түрде көруге болады (Сурет 13).



Сурет 13 – 2011 жылы туристік фирмалармен қызмет көрсетілген туризм типтері бойынша

13 суретке сәйкес, 2011 жылғы Қазақстан Республикасы статистикалық жинақ агенттігі мәліметтері бойынша 2011 жылы туристік фирмалармен қызмет көрсетілген келушілер туризм типтері бойынша, пайыздық көрсеткішпен көрсететін болсақ, келу туризмі 5%, шығу туризмі 63%, ішкі туризмі 32%.

Осы аталған статистикалық мәліметтерге қарасақ, отандық туризм саласы жақсы дамып келеді деген ой тууы мүмкін, дегенмен туристік фирмалар санының күннен-күнге артуына қарамастан олардың қызметтері әрқашан да тұтынушы көңілінен шыға бермейді. Бұл жағдай таңқаларлық емес себебі көптеген фирмалар клиенттің агенттікке келгенде не күтетінін білмейді. Бірақ жағдайды анықтауға және көптеген сұрақтарға жауап беруге нарық зерттеулері көмектеседі, олардың нәтижелері туристік қызметтерді тұтынушылардың қажеттіліктері мен талап тілектерін анықтайды. Әлемдік тәжірибе бойынша, шетелдік ірі компаниялар нарықты зерттеуге пайданың 15%-ын бөледі, себебі олар оның экономикалық тиімділігін жақсы түсінеді

Туристік қызмет көрсетулердің негізгі жеткізушісі туристік ұйымдар болып табылады, оларды туристік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар 1285 туристік ұйым, оның әрекет етуші туристік фирмалар мен қонақ үй шаруашылығы кәсіпорындарының басым көпшілігі Алматы қаласында 711-і Алматы қаласында орналасқан.

Қазақстанның туристік қызмет көрсетулер нарығында 3,2 мыңға жуық адам, 1,5 мың кәсіби гид пен экскурсияшы жұмыс істейді. Туристік нарықтың барлық ұйымдарының 98,3 %-ін шағын кәсіпорындар (жұмыс істейтіндердің саны 50 адамға дейін) білдіреді. 250 адамнан аспайтын персоналы бар орташа кәсіпорындар 1,3%-ті, ал ірілер 0,4%-ті құрайды. Талдауға қарағанда, туристік ұйымдардың көпшілігін шағын және орта кәсіпорындар құрайды, олар әлем елдерінің көбінде инновацияларға негізделген экономикалық өсімнің тиімді генераторы болып табылады. Қазақстанның туристік ұйымдары әлемнің жетпіс елімен ынтымақтаса жұмыс істейді. ҚР туристік фирмалармен сатылған жолдамалар саны- 157 071 бірлік (кесте 11).

11-кесте – Қазақстан Республикасы туристік фирмалармен сатылған жолдамалар саны

бірлік

Жылдар	2007	2008	2009	2010	2011
Сатылған жолдамалар, барлығы	124 740	11 687	95 434	120 593	157 071
соның ішінде:					
Келу туризмі	10 390	6 578	3 787	5 644	5 362
ТМД елдері	2 556	1 853	1 920	2 976	3 402
ТМД-нан тыс	7 834	4 725	1 867	2 668	1 960
Шығу туризмі	81 992	95 145	75 473	101 317	130 316
ТМД елдері	5 901	6 786	4 392	2 032	2 904
ТМД-нан тыс	76 091	88 359	71 081	99 285	127 412
Ішкі туризм	32 358	10 964	16 174	13 632	21 393
соның ішінде:					
Келу туризмі	7 594	2 267	1 126	823	614
ТМД елдері	1 633	384	241	220	153
ТМД-нан тыс	5 961	1 883	885	603	461
Шығу туризмі	59 009	71 210	60 855	84 866	117 899

Е с к е р т у – 2011 жыл ҚР статистикалық агенттігі мәліметтері негізінде автор құрастырған

11-кестеде көрсетіп отырған, ҚР туристік фирмалармен сатылған жолдамалар саны 2010 жылы - 120 593бірлік, ал 2011 жылы - 157 071 бірлікті құраған. Яғни бұл өз кезегінде елдегі туризм саласының қарқындап дамып келе жатқандығын көрсетеді.

Елде әр түрлі туристік қызмет көрсетулерде қазақстандық және шетелдік азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға кең мүмкіндікті қамтамасыз ететін қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік кешеннің жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасалуда, ұлттық туристік өнімнің сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттар әзірленіп, қабылданды. Қазақстан Республикасында туризмнің материалдық-техникалық базасын дамытуға инвестициялар тарту үшін жағдайлар айқындалды.

Туризмді дамыту көлік инфрақұрылымын дамытумен тікелей байланысты. Елімізге туристер негізінен әуе көлігімен келеді. Ішкі туризм мақсатында көбінесе автожол көлігі пайдаланылады. Жыл сайын республикалық маңызы бар жолдар тізбесі толықтырылып, олардың құрамында ірі туристік объектілерге апаратын жолдар бар.

Сырттан келушілер туризмі мен ішкі туризм көлемін ұлғайтудың негізгі факторлары тармақталған көлік желісін дамыту және жолаушылар тасымалының барлық түрлерінің географиясын кеңейту болып табылады. Осыны ескере отырып, ұлттық тасымалдаушы – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы туризм саласындағы уәкілетті органның қолдауымен 2002 жылдан бастап Алматы - Тараз - Шымкент - Ташкент - Самарқанд - Үргеніш -

Бішкек - Рыбачье - Алматы бағыты бойынша «Жібек жолы меруерті» мамандандырылған пойызын ұйымдастыру жөніндегі жобаның бірінші кезеңін іске асырады.

Болашақта Тегеранға дейін екінші кезеңді, Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық округы арқылы Пекинге дейін үшінші кезеңді жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Қазіргі кезде туризм саласында 26 келісім қолданылуда. Жапониямен, Грекиямен, Франциямен, Катармен, Сауд Арабиясымен, Словениямен, Польшамен, Моңғолиямен, Малайзиямен туризм саласында ынтымақтастық туралы келісім жобалары контрагенттерге келісу үшін жіберілді. Қазіргі уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемесі болып табылатын Дүниежүзілік туристік ұйыммен және Дүниежүзілік туристік ұйымға мүше елдердің ұлттық туристік әкімшіліктерімен ынтымақтастық нығайтылды.

1. Алматы қаласын және Алматы облысын дамыту:

- дамудың бас жоспарлары мен туристік кластер құру мен дамытудың шебер-жоспарлары шеңберінде Алматы қаласы мен Алматы облысында туризм мен спорт инфрақұрылымын дамыту үшін жағдайлар жасау;

- Қапшағай қаласында Диснейленд-парк және Лас-Вегас үлгісі бойынша туризм және ойын-сауық индустриясының құрылысын қамтамасыз ету үшін техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН) мен жобалық-сметалық құжаттама (ЖСҚ) әзірлеу;

- ілеспелі қызмет көрсетулер саласын қалыптастыру мақсатында «Қорғас» Халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығы» АҚ жанындағы инфрақұрылымды одан әрі дамыту үшін жағдайлар жасау.

2. Жібек жолы бойында туризмді дамыту:

Тек қана мәдени құндылықтары басымдық танытатын Өзбекстанмен салыстырғанда Қазақстанның бәсекелік артықшылығы Жібек жолының қазақстандық бөлігінің бірегей табиғат ландшафтарымен, эндемикалық флора және фаунамен және көшпелілердің тарихи-мәдени мұрасымен әрі көне қалалар халықтарының мәдениетімен үйлесім тапқан құрама турлар болып келуінде.

Аталған жобаны іске асыру үшін мыналар жоспарланып отыр:

- «Жібек жолы меруерті» халықаралық туристік пойызын ұйымдастыру жөніндегі жобаның бірінші кезеңін Алматы - Тараз - Шымкент - Ташкент - Самарқанд - Үргеніш - Бішкек - Рыбачье – Алматы бағдары бойынша 2007-2008 жылдары жүзеге асыру; «Жібек жолы меруерті» халықаралық туристік пойызын ұйымдастыру жөніндегі жобаның екінші кезеңін Алматы-Тегеран бағдары бойынша жүзеге асыру жөнінде мемлекетаралық келіссөздер жүргізу және бағдарды Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық округы арқылы 2008 жылдың аяғына қарай Пекин қаласына дейін ұзартуды қамтитын үшінші кезеңін іске асыруға дайындау;

- «Қорғас» және «Достық» шекара пункттерінен Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласына дейін жол бойы инфрақұрылымының объектілерін көрсете отырып жол картасын жасау;

- Түркістан қаласында, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының, Дүниежүзілік туристік ұйым мен ЮНЕСКО-ның (Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы) өңірлік бағдарламасының «Жібек жолы: өңірлік ынтымақтастық және даму мақсатында әлеуетті нығайту» халықаралық жобасын іске асыру шеңберінде қонақ үйлер мен керуен-сарайлар желісін салу және оларды дамыту;

- Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа қатысушы мемлекеттер үшін туристік визаларды өзара тану және одан әрі бірыңғай туристік виза енгізу мәселелерін шешу жөніндегі мемлекетаралық келіссөздер процесін, оның ішінде аталған ұйымдар қызметінің шеңберінде жандандыру.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында туристер ағынының тұрақты өсімін былайша қамтамасыз ету көзделеді:

- бірінші кезеңде (2007 - 2009 жылдар):

- ішкі туризм бойынша 2007 жылғы 3,4 млн. туристен 2009 жылы 4,0 млн. туристке дейін;

- сырттан келушілер туризмі бойынша 2007 жылғы 4,5 млн. туристен 2009 жылы 6,0 млн. туристке дейін.

- екінші кезеңде (2010-2011 жылдар):

- ішкі туризм бойынша 2010 жылғы 4,1 млн. туристен 2011 жылы 4,5 млн. туристке дейін;

- сырттан келушілер туризмі бойынша 2010 жылғы 7,0 млн. туристен 2011 жылы 9,5 млн. туристке дейін.

Шартты түрде орта есеппен бір шетелдік турист өзінің болуы уақытында бюджетке 63500-ге жуық теңге әкелсе, 2007 жылдан 2011 жылды қоса алғандағы дейінгі кезеңде сырттан келушілер туризмінен бюджетке түсетін түсім 603250 млн. теңгені құрайды.

Сырттан келушілер туризмі есебінен сонымен қатар халықтың жұмыспен қамтылуы 2007 жылғы 447,6 мың адамнан 2011 жылы 550,0 мың адамға дейін қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік бағдарламада көрсетілген шаралар кешенін іске асыру туристер ағынын ел азаматтарының да, шетелден келушілердің де есебінен одан әрі көбейтуге жәрдем ететін болады. Ақырғы қорытындысында бұл ұлттық турөнімнің тартымдылығын елеулі арттыруға әкеледі және Қазақстанның қызмет көрсетулердің халықаралық саудасы шеңберінде халықаралық кәсіпкерлік пен әскери ынтымақтастықтың маңызды саласы ретінде әлемдік туристік нарыққа кіруіне жәрдем ететін болады. Мемлекет экономикасының шикізаттық емес секторы ішіндегі біршама кірісті саласына айналуға мүмкіндігі бар, дамыған бәсекеге қабілетті туристік индустрия құрылатын болады. Бұл ретте республикада Қазақстанның орталықазиялық өңірдің туризм орталығына айналуына нақты жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалады.

Туристік қызметке жасалған талдау Астана және Алматы қалаларына шекараның арғы жағынан келген туристер сапары іскерлік мақсатта болатынын

(іскерлік туризм) және олар сапалы әрі қызмет көрсетулердің толық жиынтығын ұсынатын қонақ үйлерге тоқтағанды жөн санайтынын көрсетті. Елдің іскерлік орталықтары - ірі қалалардағы халықаралық деңгейдегі қонақ үйлер желісінің одан әрі дамуы дәл осы іскерлік туризмге байланысты болады.

Алайда, қонақ үйлерді, пансионаттарды, демалыс үйлері мен базаларын қоса алғанда, орналастыру объектілерінің материалдық базасы, сондай-ақ санаторийлік-курорттық мекемелер моральдық және физикалық тұрғыдан тозудың жоғары шегіне жетуімен сипатталады.

Әуе көлігі саласында.

Халықаралық туризмді дамытуға ықпал етуші негізгі факторлардың бірі жолаушыларды авиатасымалдау болып табылады. Қазіргі уақытта республикаға алыс шетелдің алты авиакомпаниясы («KLM», «Lufthansa», «British Airways», «Asiana Air Arabia», «China South Airlines», «Turkish Airlines») тұрақты ұшып тұрады. Ұлттық авиатасымалдаушы «Эйр Астана» Түркия, Германия, Қытай, Оңтүстік Корея, Тайланд, Ұлыбритания, Үндістан, БАӘ, Нидерландыға тұрақты рейстер жасайды.

Қазіргі уақытта Қазақстанның халықаралық авиатасымалдарға қол жеткізе алатын әуежайлары: Астана, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Петропавл, Семей, Тараз, Орал, Өскемен, Шымкент қалаларында бар.

Сапарлардың басым көпшілігінің әуе көлігін пайдалану арқылы жүргізілетінін ескерсек, авиапаркті жаңарту, жолаушыларды әуе көлігімен тасымалдау географиясын кеңейту, туристік ағынды көбейту мақсатында елестелген баға мен тариф саясатын айқындау, қызмет көрсету сапасын арттыру қажет.

Темір жол көлігі саласында.

Соңғы жылдары темір жол көлігі билет құнының қолжетімділігіне байланысты республика халқының негізгі жол жүру құралына айналды.

Статистика деректері бойынша, 2011 жылы темір жол көлігін 87615 турист (10,27 процент) пайдаланған.

Қазақстан аумағы бойынша өзімізде жасақталған 132 бағдар жолаушылар поезы жүріп өтеді. Оның ішінде қала маңындағы қатынаста 69 бағдар бойынша; жергілікті қатынаста - 49, мемлекетаралық қатынаста - 11, халықаралық қатынаста - 3 поезд жүреді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы аумағы арқылы ТМД елдерінде жасақталған 17 жолаушылар поезы бағдары өтеді.

Жолаушыларға темір жол көлігінде сервистік қызмет көрсету деңгейін арттыру мақсатында бірқатар іс-шаралар көзделген: Қазақстан Республикасы аумағында да, сондай-ақ Ресей Федерациясының аумағында да жолаушылар поезында жолаушылар үшін ланч-бокстар құрудың технологиялық процесінің жобасы қарастырылуда, «ЖВ купе», «РИЦ купе» санатындағы вагондардың жолаушылары үшін безендіріліп, мамандандырылған ақпараттық буклет шығару бағдарламасының жобасы әзірленді.

Сонымен қатар «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының поездарындағы қызмет көрсету деңгейі халықаралық стандартқа сәйкес

келмейді. Вагон паркінің әбден тозуы және біршама бөлігінің ұзақ уақыт пайдаланылуы, оларды ауыстыру немесе қайта жаңғырту қажеттілігі жолаушылар тасымалының өзін-өзі ақтамайтындығымен, оларды субсидиялаудың мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатындығымен түсіндіріледі.

Автокөлік саласында.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 желтоқсандағы N 1809 қаулысына сәйкес республикалық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары тізбесіне ірі туристік объектілерге апаратын және туризмді одан әрі дамытуда барынша қызығушылық тудыратын мынадай жолдар енгізілуіне байланысты соңғы жылдары туристік мақсатта автокөлік белсенді түрде пайдаланылып жүр:

1. Ташкент - Шымкент - Тараз - Алматы - Қорғас;
2. Шымкент - Қызылорда - Ақтөбе - Орал - Самара;
3. Алматы - Қарағанды - Астана - Петропавл;
4. Астрахань - Атырау - Ақтау - Түркіменстан шекарасы;
5. Омбы - Павлодар - Семей - Майқапшағай;
6. Астана - Қостанай - Челябині - Екатеринбург.

Су көлігі саласында.

Каспий теңізіндегі Ақтау порты Қазақстанды Ресей, Түркіменстан, Әзірбайжан және Иран порттарымен байланыстырады. Қазақстан Республикасында Ресей Федерациясымен және Қытай Халық Республикасымен ішкі су жолдары бойынша қатынастар бар. Елдің басқа да су артериялары туристік мақсатта пайдаланылмайды. Сонымен қатар жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Еуропадан келген туристердің Каспий теңізі бассейні аумағында үлкен қызығушылығы жағажай туризмінде де және круиз ұйымдастыруда да байқалды.

Қорытындылай келгенде, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы «20» «желтоқсан» № 410 қаулысымен бекітілген: Туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының 2010-2014 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары. Осы жоспардың басты бағыттары:

- мінажат ету туризмі;
- экологиялық туризм;
- емдеу-сауықтыру туризмі;
- балық аулау, аң аулау туризмі түрлері қолға алынды.

Міне, осы секілді бағдарламалар өңір өңірлерімізде көбейе берсе, армандаған арманымызға жететінімізге кәміл сенімдімін.

Халқымыздың денсаулығына назар аударатын болсақ – оларда ең басты мәселе жанұясы мен бірге бақытта ғұмыр бойы өмір сүру болып табылады. Емдік туризмнің дамуы мемлекет пен онда өмір сүріп жатқан тұрғындардың денсаулығына байланысты.

Қазақстанда туризм стратегиясының негізгі мақсаты – қазіргі заманға сай жоғарғы тиімді және бәсекеқабілетті туристік кешен құру. Ол, бір жағынан, қазақстандық және шетел азаматтарының туристік қызметтерге деген

қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктер беретіндей, екінші жағынан – ел экономикасының дамуына айтарлықтай үлес, соның ішінде, жұмыс орындары санын арттыру, мемлекет бюджетіне түсетін салық түсімдері, шетел валютасының ағымы, мәдени және табиғи мұраларды сақтау рационалды пайдалану есебінен қосатындай болуы керек.

Қазіргі таңда кез – келген ірі қаланы туристерсіз елестету мүмкін емес, шетелдік туристерсіз де, отандық туристерсіз де.

Ішкі туризм өзгерісі халықтың өмірлік деңгейінің өсу процесінен, еңбекақының өсуі және т.б. тұрады. Оның рөлі орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңде төмен түспеу керек, керісінше, күшейу керек, өйткені инфрақұрылым дамып, кіріс туризмінің нығайуына ықпал жасайды.

Үйлестірудің негізгі міндеті болып туристік саланың салалық тапсырысын қалыптастыру және оны қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, сонымен қатар экономиканы құрылымдық қайта құруға себепші болатын және тұрақты экономикалық байланыстарды орнатуға бағытталған кластер ішінде қатынастарды орнату. Осы тұрғыда келесі шараларды жүзеге асырудың мәні бар:

- Қазақстанның туризм елі ретінде дара брендин әзірлеп, оны дүние жүзіне таныту;

- Дүниежүзілік туристік ұйымның (ЮНВТО) статистикалық есептің жалпы қолданылатын стандарттарын енгізу;

- мақсатты нарықтар мен топтар клиенттерінің қажеттіліктері және оларды талдау маркетингтік зерттеуін тұрақты өткізу;

- туристік индустрияны интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру;

- 2020 жылға дейін Қазақстанның туристік-рекреациялық аймақтары мен ел аймақтарыны кешенді даму Стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыру;

- туристік өнімнің ассортиментін кеңейту және оның негізінде пакетті турлар және мемлекет пен аймақтар көлемінде қызмет көрсетудің торабын құру;

2011 жылы туризм индустриясы саласында кәсіби стандарттар әзірленетін болады, туризм саласы үшін мамандар даярлау 2011 жылы - 1 000, 2012 жылы - 1 100, 2013 жылы - 1 200, 2014 жылы - 1 300 адамды құрайды. ДСҰ – ның болжамдарына сәйкес халықаралық туризмнің өсімі – 2020 жылға дейін 4,3 – 4,4% құрайды, ал Қазақстан бойынша кешенді есептеулердің нәтижесінде орташа өсім қарқыны жоғары болады деп болжануда. Еліміздің болашақта туризмді дамытудағы мүмкіншілігі мол. Ол Алматы қаласының және оның төңірегінің табиғатымен, шаһардың әсемдігімен, орналасқан жерінің ерекшелігімен сипатталады. Сондай-ақ қала арқылы негізгі жол тораптары өтеді. Мінекей, осы жағдайларды ескере отырып, Алматы, Астана қалаларында туризмді дамыту мүмкіншіліктері бар.

Қорытынды

Алматы қаласы мемлекетіміздің туризм мен демалысты ұйымдастыру мен дамытудың ең тиімді өңірі болып табылады. Өңірдің табиғи - рекреациялық потенциялы шөлді ландшафттардан бастап Солтүстік Тянь - Шаньнің тамаша табиғи жағдайларына дейінгі аралық рекреациялық потенциялға толы. Жүргізілген зерттеулер мен Дүние жүзілік Туристік Ұйымның ұсынысы бойынша туристік рекреациялық ресурстарға сүйене отырып Қазақстанның туристік дамуының бағытын екі түрлі жолмен дамытудың мүмкіндігі бар:

1. Жібек жолы бойындағы мәдени туризм (дәстүрлі және қажылық)

2. Бірінші жолмен тығыз байланысты экохикаялық туризм түлері (сафари, рафтинг, орнитологиялық, трекинг, альпинизм, аң аулау, балық аулау).

Туризм индустриясын дамытудың Ұлттық бағдарламасы бойынша облыс шекарасында маңызды аудан ретінде:

- Іле Алатауы (Алматы қаласы, Түрген ауылы, Есік қаласы, Қаскелен қаласы, Ұзын-Ағаш селосы, Қапшағай қаласы);

- Солтүстік Тянь-Шань (Кеген, Жалаңаш, Нарынқол, Шонжы, Көлжат);

- Жаркет-Талдықорған (Жаркент қаласы, көктал ауылы, Басшы селосы, Текелі қаласы, Талдықорған қаласы, Жаркент-Арасан курорты);

- Солтүстік Жоңғар (Дружба селосы, Лепринск селосы, Лепсі, Жарқұрақ селосы, Көктұма селосы, Сарқанд қаласы, Арасан-Қапал курорты) [25].

Алматы облысы келешекте отандастарымызбен шетел туристерінің көз алдында Қазақстанның өте танымал туристік аймақ болуы мүмкін, бірақ ол үшін аймақта қызмет көрсету жүйесін құру қажет.

Алматы облысының рекреациялық ресурстарының мәселелерін шешіп, туризм индустриясын құру үшін онда тарихи, экономикалық және техникалық сипаттағы ізденістер жүргізу қажет. Бірақ оларға кірісер алдында территорияның рекреациясының потенциялының жалпы географиялық бағалау қажет. Туризмді дамыған мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенетін болсақ, туризмнің дамуы тікелей мемлекеттің көмегіне байланысты болады. Осындай мемлекеттерде құрылған бағдарламалар шығу туризмін жандандыру үшін салық салуда арнайы жеңілдіктер қарастырылған, шекаралық кедендік режимнің жеңілдіктері, инвестицияларға жақсы жағдайлар жасалған, жарнама мен кадрларды дайындаумен айналысады. Тек кешенді шешім біздің республикамызға туристерді тартумен, дүние жүзілік нарықта біздің туристік өнімімізді алдыңғы қатарға шығаруға ықпал етеді. Осылайша ауқымды табиғи-рекреациялық потенциялды тарихи мол өткенділілік, өзіндік мәдениет пен дәстүрлері бар Қазақстан инвестициялар құйылған жағдайда жобаның негізін қалайды да, республикамызды трансазияттық туристік байланыстың маңызды бөлігі қылып, батыс пен шығысты қосатын көне Жібек Жолында инфрақұрылымы мен қызмет көрсетуі дүние жүзілік стандарттарға сай дүние жүзілік нарықта бәсекеге сай болатын көпір болып табылуы мүмкін. Жұмысты дайындау барысында мен Алматы облысының табиғи ресурстарын зерттеп, табиғи-танымдық турлар ұйымдастыру үшін ерекше қорғалатын табиғи

территориялық аймақтарды қолданудың мүмкіншілігінің анализін жасадым.

Туризм жоғары табысты және қарқынды түрде дамып келе жатқан сала болып табылады. Әлемдік туристік ұйымның мәліметтері бойынша дүниежүзілік өндірістік-сервистік нарық айналымының 10 %, әлемдік жиынтық ұлттық табыстың 6 %, дүниежүзілік инвестицияның 7 %, әрбір 16 жұмыс орнын, дүниежүзі бойынша тұтынушылар шығындарының 11 % және барлық салық түсімдерінің 5 % туризм саласы камтиды. Бұл мәліметтер туризм индустриясының жоғарғы экономикалық тиімділігінің айғағы болып табылады және таза экономикалық тиімділікке енетін туризмді дамыту арқылы қол жеткізуге болады. Өндірістік есепте туризмнің әлеуметтік-экономикалық негізі, Қазақстандағы туристік қызметтер нарығында қалыптасқан қазіргі жағдайын, туристік маркетингтің ерекшеліктері сияқты сұрақтарды қарастырып, ЖШС «Azimut travel» туристік агенттігінің экономикалық қызметіне талдау жүргізіп, мысалында туристік қызметте маркетингті қолдану тиімділігін және турфирманың туристік қызметтерін жылжыту сияқты мәселелерді ашып көрсетілді. Қазақстанда туристік бизнесті дамыту үшін лицензияның үш категориясы қолданылады. «Azimut travel» турагенттігі «А» категориясындағы лицензияға ие.

Бұл лицензия түрі келесідей қызмет түрлерімен айналысуға мүмкіндік береді:

- Қазақстан азаматтарына қызмет көрсету және шетелдік туристерді қабылдау;
- Қазақстан азаматтарының шетелге туристік саяхатарын ұйымдастыру;
- транзиттік шетелдік туристерге қызмет көрсету;
- ішкі туризмді ұйымдастыру.

Қазақстанда әзірше туризм және сонымен байланысты экскурсиялық қызметтер өте төменгі деңгейде. Сондықтан туризмнің даму проблемасына бұл жерде үлкен көңіл бөлу керек, ол ең ақырында, экономиканың осы саласы үшін сипатты жоғары табыстармен қайтарылады.

Фирмаларда бұрынғыдай жоғарғы жақтың жол істеумен емес, контрагенттерді жабдықтаушы, сатып алушы, мердігер, банк және т.б. қазіргі кезде өз қалауы бойынша алады. Олардың өздеріне іскер серіктерді қаншалықты дәл және қатесіз таңдаумен нарықтық қатынастар негізінде мүмкіндігіне тез және дұрыс бағдар беру, оны ұстауына қарай жұмыстарының тиімділігі әр түрлі болады.

Қазіргі кезде көптеген туристік фирмалар іс әрекеті негізінен шығу туризміне бағытталып, Қазақстаннан қаржының туризм саласы жағынан онсызда дамыған елдердің қазынасына кетуіне бағытталып отыр. Бұл жағдайды түзету үшін қазақстандықтармен шетел азаматтарына бірдей қол жетімді турлар құру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Емельянов Б.В. Экскурсоведение. Учебное пособие. М., 2002,- 23,56 б.
- 2 Уваров В., Борисов К. Международные туристические организации. - М., 2000, – 83 б.
- 3 Монтанер Х. Монтехано. Структура туристического рынка. - М., 2008, – 25 б.
- 4 Ердаuletов С.Р. География туризма Казахстана. Алма-Ата: «Гылым», 2002, - 38 б.
- 5 Емельянов Б.В. Экскурсоведение. Учебное пособие. М., 2002,- 23,86 б.
- 6 Дублицкий Н., Степанова В. Путешествие по Казахстану. - Москва, 2008, - 143,11 б.
- 7 Ердаuletов С.Р. Казахстан туристский. Алма-Ата: Кайнар, 2009, - 456б.
- 8 Карта природно-заповедный фонд Казахстана. Масштаб 1: 3 500000.- ТОО «Экопроект». Алматы, 2008, - 29б.
- 9 Поздеев-Башта А. Горные тропы Алматы. Туристско-информационный справочник Алматы: «Гылым», 2011, - 41 б.
- 10 Энциклопедия «Алма-Ата». - Алма-Ата: Гл.ред Каз.Сов Энциклопедия, 2010, - 61 б.
- 11 Аубакиров Ж. А. Алматинская область. Алма-Ата: «Гылым», 2009, - 17 б.
- 12 Нусипов Е.Н. Возможности развития экологического туризма в Или Балхашском регионе // Тезисы докладов Международного Экологического форума по проблемам устойчивого развития Или-Балхашского бассейна «Балхаш - 2000» - Алматы, ноябрь, 2000, - 45 б.
- 13 Актуальные вопросы теории и практики туризма: Сборник материалов Республиканской научно- теоретической конференции /под ред. С Р. Ердаuletова. Алматы, Казак университеті, 1999, - 8 б.
- 14 Назарчук М.К., Гировка Н.Н. Карта туристско-рекреационных ресурсов Семиречья. Масштаб 1: 1 000000.- Алматы, ТОО «Экопроект». 1997,-30б.
- 15 Горбунов В. Путеводитель по Казахстану. – Алматы , 2008, - 28б.
- 16 Можарова В.В. Транспорт в Казахстане: современная ситуация, проблемы и перспективы развития. — Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011,-85б.
- 17 О туризме в Республике Казахстан в 2011 году Статистический справочник. Агентство по статистике. Алматы, 2011, - 4 б.
- 18 Иванов И.С. Река Или - главная артерия туризма // Тезисы докладов Международного экологического форума по проблемам устойчивого развития Или-Балхашского бассейна «Балхаш - 2000» - Алматы, ноябрь 2008, - 93 б.
- 19 Байпаков К.М., Нуржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. А., 2008, - 119б.
- 20 Ягофаров Г.Ф., Тынчерова З.В., Саипов А.А. Экскурсоведение. Алматы, 2001,- 7б.
- 21 Биржаков М.Б. Введение в туризм. М. - С-Пб: торговый дом «Герда», 2009, - 45 б.
- 22 Сұрағанова С.К., Туризм инфрақұрылымы – Алматы., 2012, - 21б.

- 23 Емельянов Б.В. Экскурсионное обслуживание населения. М., 1983,- 11 б.
- 24 Селин В. Об одном варианте организации социального туризма. - М., 1998, - 87б.
- 25 Селин В. Организация туристско-экскурсионного обслуживания. - М., 1998, - 39 б.
- 26 Функционирование крупнейших городов мира, как объектов туризма - М., 2008, – 31 б.
- 27 Ходорков Л., Немоляева М. Международный туризм: вчера, сегодня, завтра. -М., 2005,- 36 б.
- 28 Ходорков Л. Мировое гостиничное хозяйство. - М., 2001,- 57 б.
- 29 Экономика туризма и социально-трудовые отношения. - М., 2001,- 12б.
- 30 О развитии туризма как доходной отрасли экономики Республики Казахстан: Официальные материалы. - Алматы: ИК «Раритет», 2010, - 126 б.
- 31 Чупахин В. От пустынь до снежных вершин. - Алматы, 2001, - 19 б.
- 32 Иванов И.С. Река Или - главная артерия туризма // Тезисы докладов Международного экологического форума по проблемам устойчивого развития Или-Балхашского бассейна «Балхаш - 2000» - Алматы, ноябрь 2008, - 29б.
- 33 О развитии туризма как доходной отрасли экономики Республики Казахстан: Официальные материалы. - Алматы: ИК «Раритет», 2007, - 48 б.
- 34 Дурович А.П. Реклама в туризме. Учебное пособие. - Минск: Новое знание, 2008. – 53б.
- 35 Ердаuletов С.Р. География туризма – наука актуальная / Сб.: География: наука и образование. – Алматы: Қазақ Университеті, 2008, – 15б.
- 36 Биржаков М.Б., Кузнецов Н.П., Безопасность в туризме: учебное пособие.- СПб.: «Издательский дом Герда». – 2008,-10б.
- 37 Ердаuletов С.Р. География туризма – наука актуальная / Сб.: География: наука и образование. – Алматы: Қазақ Университеті, 2008.
- 38 <http://gps-map.net>
- 39 <http://triada-pride.ru>
- 40 ЖШС «Azimut travel» турагенттігінің 2011-2012 жылдардағы бухгалтерлік балансы мен есебі.
- 41 ЖШС «Azimut travel» турагенттігінің 2011-2012 жылдардағы бухгалтерлік балансы мен есебі.
- 42 <http://www.kazembassy.com.ua>
- 43 <http://kazmaps.ifolder.ru>
- 44 <http://www.taldyk.ucoz.ru>
- 45 <http://www.e.gov-kz>
- 46 <http://brif.kz>
- 47 <http://almaty-reg.kz>
- 48 <http://planetolog.ru>
- 49 <http://www.kazakhstan-tourist.com>

Қосымша А

Сурет А 1– «Медеу» мұз айдыны



Сурет А 2– «Тамғалы қонысы»

Тамғалы қонысы Алматыдан 170 км. солтүстік-батысқа қарай, Шу-Іле тауының оңтүстік-шығысында орналасқан. Тау – Іле Алатауының оңтүстігінен солтүстігіне қарай Балхаш көліне және Бетпақ-Дала шөл даласына дейін созылған.

Тамғалы шөлейт аймақтарда орналасқан. Сондықтан бұл жердің климаты өте ыстық және құрғақ болып келеді. Алайда, жылы кездері тауларды қалың жыңғылдар қаптайды, ал көктемде қоныс ала гүлдер кілеміне айналады.


Тамғалы өз табиғатымен таң қалдырады. Осы жерде Регель қызғалдағы, юнон Кушакевич немесе жабайы жануарларды: түлкі, қоян, тасбақа, жылан, қасқыр, сонымен қатар, көптеген құстарды, соладың ішінде жыртқыштар: қыранқара, жағалтай және ителгі сияқты сирек кездесетін өсімдіктерді, жануарларды және құстарды кездестіруге болады. Алайда, туристердің назарын аударатыны - адам қолымен жасалған ғылымға қазіргі кезде де белгісіз Тамғалы Петроглифтері.



Қосымша Б



Сурет Б 1– Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі.



Сурет Б 2 – Бекет Ата жерасты мешіті

Оңтүстік Үстірттің Маңғыстау ойысына тірелген тұмсығының үзіліп қалған Оғыланды шоқысына қашалған тарихи-сәулет ескерткіші.